

Мәлікова Сәуле

ТЫҢ ЭПОПЕЯСЫ

тарих таразысында

Қазақстанның солтүстік аймағында жүргізілген
1954-1964 жылдардағы аграрлық реформаның
сырлары мен қырлары

Алматы 2020

Сәуле Мәлікова

«ТЫҢ ЭПОПЕЯСЫ» тарих таразысында

Қазақстанның солтүстік аймағында жүргізілген
1954-1964 жылдардағы аграрлық реформаның
сырлары мен қырлары

Алматы
2020

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3

М 35

«Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Тіл саясаты комитеті «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сағып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді».

Пікір жазғандар:

Тайшыбай З.С., филология ғылымдарының кандидаты,
Солтүстік Қазақстан Мемлекеттік Университетінің профессоры,
Әбуов Н. Т., тарих ғылымдарының кандидаты.

563410

Мәлікова С.

М 35 «**ТЫҢ ЭПОПЕЯСЫ**» тарих таразысында – қоғамдық-саяси әдебиет/
С. Мәлікова. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2020. – 120 б.

Автор Қазақстанның солтүстік аймағында 1954-1964 жылдары «Тың және тыңайған жерлерді игеру» деген мемлекеттік бағдарламамен жүргізілген аграрлық реформаның тарихындағы көлеңкелі тұстарды ашып, КСРО жоғарғы билігі тарапынан қабылданған шараларға жаңа көзқарас тұрғысынан баға береді. Тарихта «Тың эпопеясы» деген атпен қалған ұлы науқанның салдарларын талдайды, нақты деректер негізінде оның зардаптарын жүйелеп көрсетеді. Кітап студенттер мен жоғарғы сынып оқушыларына, ізденушілерге, кеңес өкіметі кезіндегі Қазақстан тарихына ден қойған көпшілікке арналған.

ISBN 978-601-7809-04-1

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3

© Мәлікова С., 2020

© Сөздік-Словарь ЖШС, 2020



АЛҒЫ СӨЗ ОРНЫНА

Биыл, бір кездегі Кеңес одағындағы азық-түлік проблемасын шешудің төте жолын салған, аграрлық саласының тарихында «Тың эпопеясы» деген әйгілі атпен қалған Тың және тыңайған жерлерді игеру мемлекеттік бағдарламасының басталғанына 60 жыл толып отыр. Тарихи тұрғыдан алғанда маңызды стратегиялық жоспардың орындалуындағы тактикалық ағаттықтарды тарих үлесіне қалдырып, ақиқат биігінен қарайтын болсақ, Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінің қазіргі қуатты негізі сол кезде-ақ қаланғанның көреміз. Ел тарихында елеулі орны бар сол жылдардағы шын мәніндегі аграрлық төңкеріске үлкен мүшел толып отырғанда, аға ұрпақтар кезінде ерлікке балаған жасампаз жылдардың бейнесін еске алып, ғылыми түрде саралаудың реті келгендей. Осынау шағын еңбегіміз XX ғасырдың 50-60 жылдары кеңестік аграрлық саясаттың Қазақстанның солтүстік аймақтарында жүзеге асырылуы мен нәтижесі, оның қоғамдық саяси, әлеуметтік мәдени өмірге ықпалының тарихы болып табылады.

Қазақстанның «негізгі астық қоймасы» деген бағасын әлі жоғалтпаған солтүстік аймақтарындағы кеңестік аграрлық саясаттың жетістіктері мен жеңілістерінің классикалық формасын талдап, оның әлеуметтік-экономикалық салдарларын көрсету арқылы ел тарихындағы беймәлімдеу, бедерлі белестердің біріне қазіргі ұрпақтың назарын аударуды көздедік. Осы саясатты іске асырудың жолдары мен әдіс-тәсілдері, әлеуметтік қырлары мен салдарын нақты деректер негізінде, жаңа көзқарас тұрғысында топшылау – зерттеу жұмысының басты мақсаты болды.

Тың игеру және онымен сабақтас кешенді шаралар Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік дамуына үлкен серпін берді. Еліміз астық өндіруде әлемдегі алпауыт мемлекеттер қатарына қосылып, астықты экспортқа астық шығаратын күшті әрі сенімді әлуетке ие болды. Қазақстан халқының баянды тұрмысы мен сенімді дамуының негізі болып отырған ұлттар достығының негізі сол кезде қаланып, нығайды.

Тарихымызда Тыңгер бейнесі Отанға деген сүйіспеншілік, азаматтық парызға адалдық, ерлік еңбектің баламасы болып қалды. Аграрлық ғылымдағы озық жаңалықтар, өндірістегі ынта-жігер мен жаңашыл бастамалар, әсіресе, жастардың өршіл романтикасы, қазір де үлгі-өнеге тұтатын баға жетпес қазына. Елбасы нұсқап отырған «Жаппай еңбекшіл қоғамның» іргетасын ата-аналарымыздың сол кезде-ақ қалағанын осы кітаптан байқасаңыздар екен.

Тәуелсіз Қазақстан жағдайында да ауыл шаруашылығы, сөз жоқ, өңір экономикасының жетекші саласы болып табылады. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған «Қазақстан жолы – 2050. Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында агроөнеркәсіп кешенін әлемдік озық үрдістерге сай дамытуға айырықша

назар аударылған. Сондықтан да: «Азық-түлікке қажеттілік арта береді. Бұл секторға инвестиция көбірек салынады,» – деп атап көрсетілді. Осынау өміршең идеялар, ғылыми негізделген жоспарлар іске асырылып жатқанын өмір көрсетіп отыр.

Солтүстік Қазақстан облысы бұл күнде еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қуатты тірек ретінде, аграрлық салада алдыңғы орындардың бірінде. Географиялық орнының қолайлы болуы және топырағының құнарлы екендігі ғана емес, жерлестеріміздің ежелден қалыптасқан диқаншылық тамаша дәстүрі мен саланы қаржы түріндегі мемлекеттік қолдау да оң нәтижелерін беруде. Мысалы, үстіміздегі жылы өмірдегі астық пен мал өнімдері өндірісін дамытуға 14,9 млрд. теңге демеу қаржы бөлініп, мұның өткен жылғыдан 5,6 млрд. теңге артық екендігі осының дәлелі.

Солтүстікқазақстандықтардың негізгі азық-түлік тауарларына сұранысы өзінің ішкі өз өндірісі есебінен қамтамасыз етілуде. Былтыр 5,2 млн. тонна астық жиналып, сыртқы нарыққа шамамен 2,1 млн. тонна астық шығарылды. Диқандардың жоғары сапалы астығы дүниежүзілік нарықта зор сұранысқа ие болып, қырықтан аса жақын және алыс шетелдерге жөнелтілуде.

Бұл айтылғандар әр шаңырақтың мұңсыз-қамсыз өмір сүріп, ертеңге алаңсыз, игі үмітпен қарауына кепіл болып отырған облыс жұртшылығының қажырлы еңбегінің жемісті нәтижелері. Қоғамдық өмір әр саласында ілгерілеп, «Мәңгі ел» дәстүріне лайық, табыстарға жете берейік.

Автор.

ТҮҢ ИГЕРУДІҢ ТАРИХНАМАСЫ

Қазақстан Республикасының Ұлттық тарихты зерделеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының 2013 жылғы 5 маусымдағы кеңейтілген отырысында Отан тарихын оқытудың өзекті мәселелері талқыланып, «Бүгінгі Қазақстан – қалыптасқан мемлекет. Біз мемлекет құрудың жаңа белесіне шықтық. Кеңестік билік жылдарында Қазақстанда жүргізілген әлеуметтік-экономикалық саясаттың шынайы көрінісін бүгінгі уақыт биігінен, тарихи білімдердің жеткен жетістігі тұрғысынан объективті түрде бағалау – Отандық тарих ғылымының төл міндеті. Кеңестік тарихнамада Қазақстанның әлеуметтік, экономикалық қоғамдық саяси өмірінде жүргізілген барлық реформалардың идеологиялық өлшемдік тұрғысынан зерттелгені белгілі. Еліміз егемендік алуымен Қазақстан тарих ғылымы бұрынғы идеологиялық догмалардан арылып, өткен тарихты жаңаша зерделеуге жол ашылды», - деп аталып өтті [1]. Демек, осыған байланысты бүгінгі тарихшы халқымыздың жүріп өткен жолын жаңаша көзқараспен жазуға және қазақ тарихындағы «ақтаңдақтардың» орнын толтыруға талпыныс жасайды. Яғни, Отан тарихында өлі де үстірт қарастырылған немесе мүлдем зерттелмей, тарихи тұрғыдан өз бағасын алмаған мәселелерге қайта оралып, тереңірек зерделеу міндет. Соның бірі – ХХ ғасырдың 50-60 жылдары кеңестік аграрлық саясаттың Қазақстанның солтүстік аймақтарында жүзеге асырылуы мен нәтижесі және оның қоғамдық саяси, әлеуметтік мәдени өмірге ықпалының тарихы болып табылады.

Тың игерудің 50 жылдығына арналған баяндамасында Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «Тыңды игеру өзін-өзі ақтағанын уақыт көрсетті. Қазақстанның астықты алқабы елді нанмен толық қамтамасыз етіп қана қойған жоқ, сонымен бірге республиканы әлемдік астық экспортерлерінің ондығына шығарды» – деді [2].

Аталған мәселе отандық тарихнамада толыққанды қарастырылмаған және бұл тақырыпқа байланысты ғылыми еңбектер кезінде таптық ұстанымға құрылған үгіт-насихат сарынында, тек қана «коммунистік партияның көп жеңістерінің бірі» ретінде қарастырылған. Тарихи қысқа мерзімде аса зор көлемде миллиондаған адамның күшімен, көп жағдайда ғылыми негізі осал, асығыс жүргізілген шаралардың ұтымды немесе ұтылысты жақтары тарихи ақиқат түрінде жеткілікті деңгейде зерттелмеді. Сондықтан да тарих ғылымында «тың эпопеясы» деп аталған жылдарының арнайы қайта қарастырылуы сол кездегі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық өмірін ғылыми негізде айқын және терең түсінуге жол ашпақ.

Қазақстанда жүргізілген әлеуметтік, экономикалық реформалар мәселесіне келгенде әр-түрлі пікірлердің орын алуы белгілі бір дәрежеде заңдылық. Өйткені, екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі дәуірде кеңес халқы баяу да болса, әлеуметтік ілгерілеудің жетістіктерін сезініп, тұрпайы қорқыныш сезімдерінен арыла бастады. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстанның солтүстік аймақтарындағы аграрлық саясаттың әлеуметтік-экономикалық салдарларын саралаудың өзекті болатын себебі, бұл науқанда кеңестік аграрлық саясаттың жетістіктері мен жеңілістерінің классикалық формада көрініс алуында еді.

Коммунистік партияның басшылығымен әрекет ететін КСРО үкіметі жаңа жерлерді игеру міндетіне бүкіл кеңес халқын қысқа мерзімде жаппай «жұмылдырды». 1953 жылдың аяғы мен 1954 жылдың басында Ресей Федерациясының аймақтары мен обылыстарында, Қазақстанда және басқа да республикаларда компартиялық кеңестер өткізіліп, онда жаңа жерлерді игеру жөнінде жүргізілетін болашақ жұмыстар талқыланды, осы шараның маңыздылығы мен қажеттілігін түсіндірілді. Тың игерілетін бірқатар аудандарға ұйымдастыру және басшылық жұмыстарға тәжірибелі қызметкерлер жіберілді. Жер-жерде партиялық үгіт пен насихат күшейтілді, бұл жұмысқа басшылық жасайтын қызметкерлер қатары нығайтылады.

Қазіргі ұрпаққа түсініксіздеу көрінгенімен, айта кетейік, Кеңес Одағының тарихында КОКП XX съезінен басталатын тарихи кезеңнің алатын орны ерекше. Мемлекет пен компартияның бірінші басшысы ретінде бүкіл шаруашылық және саяси билікті жеке-дара қолына алған Н.Хрущевтің «жаңашыл», «озық» саясаты негізінде жеке басқа табынушылықтың (сталиншілдік) зардаптары бірте-бірте жойылып, қоғамдық-саяси өмірге оң өзгерістер ене бастады. Сол өзгерістердің біреуі ретінде, «Тың эпопеясы» деген атпен тарихта қалған азық-түлік проблемасын шешудің мемлекеттік бағдарламасы Қазақстанның бет-бейнесін мүлдем өзгертіп жібергені тарихтан мәлім. Коммунистік партияның беделін арттыру деген саяси мақсатты көздеген аграрлық саясаттың салдарынан Қазақстан жерінің ең көп мөлшері зардап шекті (эрозияға ұшырады). Өкінішке орай, сол кезеңде «тың игеру» ісі жаппай «жеңіс» пен «жетістік», «бас айналдырар табыстар» ретінде насихатталғанын тарихи әдебиеттерден, баспасөз беттерінен көруге болады. Үстем коммунистік идеологияның қысымымен тарихшылар «социализмнің жетістіктерін» мадақтауға ғана құзырлы болды. Зерттеушілердің қолына кеңселерде жасақталған, тексеріліп-түгенделген ресми ақпарат қана беріліп, объективті деректер құпия сақталды. Осыған орай КСРО тұсындағы ауыл шаруашылығы саласындағы саясаттың Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік өміріне, табиғи ортасына тигізген пайдасы мен зиянын салмақтап, деректер негізінде ашып көрсету өзекті мәселенің бірі болып табылады.

Жоғарыда айтқанымыздай, тың игеруге байланысты шаралардың тарихы зерттелмей қалған жоқ. Бүгінгі таңға дейін Қазақстандағы аграрлық қатынастар туралы көптеген еңбектер жарық көрді. Бұл еңбектердің жазылған бағыттарына қарай мәселені шешуі мен сипатына байланысты әр түрлі топтарға бөліп қарастырсақ, Кеңес Одағы, оның ішінде Қазақстандағы аграрлық қатынастар тарихына байланысты жарыққа шыққан шетел ғалымдарының ірілі-уақты кітаптары мен мақалалары, сондай-ақ зерттеу еңбектері назар аударуға тұрарлық. Одан кейін, аграрлық қатынастар мәселелерін көлемі және уақыт аралығы жағынан кең қамтыған кеңестік кезеңдегі зерттеулерде көптеген мәліметтер сақталған және олар белгілі деңгейде талданып, сараланған. Ал, енді Қазақстан Тәуелсіздік алғаннан кейін жарық көрген ғылыми еңбектер мен зерттеу жұмыстарының сипаты кеңестік-тоталитарлық дәуірдің әдіснамасын сынау, объективтілікке, тарихилыққа құрылған, салыстырмалы-талдамалы болып келеді.

Шет ел тарихшылар бұл тақырыпты екі бағытта зерттеді. Біріншілері, кеңестер еліндегі оң нәтижелерді айтып, кеңес саясатының Орта Азия мен Қазақстан халықтарының экономикалық ілгері басуына әкелгенін баяндайды. Бұл туралы, мысалы, американдық саясаттанушы Алек Ноувтың мақаласында: «Тың жерлерді игеру нағыз ұланғайыр жұмыс болды, соның нәтижесінде Кеңестер Одағында егістік алқабына Канадада өңделетін егістік көлеміндей жер қосылды» [3] – деп 1962 жылы жазды.

Екінші бағыттағы зерттеушілер КСРО-ның, Кеңес режимінің көпке бармай, құлдырайтынын айтумен болды. Батыс зерттеушілерінің пікірлері кеңестік тарихшылардың еңбектерінде де назардан тыс қалған жоқ. Алайда, батыс зерттеушілерінің атына айтылған сыни дәлелдердің әлсіздігі мен орынсыз пікірлері көп екенін байқау қиын емес. Коммунистік партия басқарған кеңес үкіметінің аграрлық саясатына айтылған кез-келген сынды, көрсетілген кемшіліктерді, жөнсіздіктерді кеңес мамандары шамдана қабылдап, жала жабу, «буржуазиялық фальсификация» деп санады.

Тың және тыңайған жерлерді игеру тақырыбы шетел тарихнамасында біршама көрініс тапқаны байқалады. Осы тақырыпқа арналған жарияланымдарда сол кездегі осындай масштабта және мерзімде тың игерудің іске асуына күмән келтірілді, осы істің «өтемі» мен қайғылы зардаптары болуы мүмкін екендігі ескертілді. Кейбір шетелдік авторлар жергілікті халықтың ұлттық мүддесіне нұқсан келтіретін қазақстандық тың игеру шешімінің волонтаристік сипатын дұрыс атап көрсеткенін де айту парыз. Шындыққа неғұрлым жанасымды келетін мұндай пікірлер, шетелдік зерттеушілердің тұғырнамалық тұрғыда кеңес тарихшыларына қарағанда неғұрлым еркін болғандығына байланысты. Олар, алдымен, тың игеру науқанының басталу себептеріне назар аударды. Сол 50-ші және 60-шы жылдарда тың игеру мәселесі-

нің күн тәртібіне қойылуының өзін шетел тарихшылары социалистік ауыл шаруашылығының аса ауыр дағдарысқа ұшырауының көрінісі деп бағалады. Көлемі жағынан өте ауқымды шаралар күткен нәтижеге жеткізбейтіні ескертілді. Мысалы, В.Конноли тың игерудің нәтижесінде кеңес билігі «совхоздар санын күрт өсіріп, ауыл шаруашылығына мемлекеттік бақылауды күшейтумен қатар, жалпы өнім көлемін сан жағынан арттыруды көздеді» [4] деп көрсетті. Ал, Х.Вагенер деген автор: «...мемлекет тың игеруді жаппай бастап жіберіп, Ресей шекарасынан тыс бос жерлерді халықпен толтыруға кірісті», деген пікір айтты [5]. Осыған ұқсас тұжырымға келген Р.М. Миллс және басқа батыс сарапшылары тың науқанын өрістету «аз ұлттар мекендейтін қиыр аймақтарды орыстандыру мәселесін шешуге бағытталған шара», деген қорытынды жасады [6].

Шетелдік зерттеушілер үшін Кеңес билігінің Қазақстандағы жаңа жерлерді жаппай жыртып, егін салуының қажеттігі мен тиімділігі неде еді, деген мәселенің басын ашу маңызды болды. Олардың көпшілігі бұл науқанның ақтық нәтижесіне күдікпен қарады. А.Робинсон, П.Грегори, Т.Стюарт тағы басқалары тың бағдарламасы алғашқы жылдары оң нәтижелер беруі мүмкін, бірақ оның ұзақ мерзімді келешегі үмітсіз деген болжам жасады [7]. Д.Фишер бастаған оқымыстылар жаңа жерлерді игерудің әдістері мен тәсілдеріне назар аударды. Тың игеруге қажетті мамандарды қалалардан жинап алып, күшпен жіберудің тиімсіздігі көрсетілді [8]. Бірқатар авторлар тыңға келгендердің кәсіби біліктілігінің төмендігін, егіншілік техникасының өнімсіз пайдаланылуын, жаңа совхоздарда құрылыс салудың қарқыны төмен, сапасы нашар болғандығын нақты мысалдармен саралады.

КСРО-да тың және тыңайған жерлерді жаппай игеру тарихын зерттеу елуінші жылдардың орта кезінен басталды. Әлемдегі жерінің құнары жағынан кең аумақты алып жатқан елді астықсыз қалдыру – КОКП-ның қолынан келер білгірлік деп айтуға болар. Кеңестік экономиканың аграрлық секторының перманентті тоқырауға ұшырауының себебін анықтау үшін, ғалымдар «ұлы онжылдық» деген атқа ие болған 1950-1960 жылдар аралығындағы ауыл шаруашылығының даму тарихы парақтарына үңіліп, көз жүгіртеді. Тап осы жылдары КСРО-ның шығысында елді біршама қысымда ұстаған «тың эпопеясы» басталды.

Тың және тыңайған жерлерді жаппай игеру кеңестік тарихи әдебиетте, оның ішінде ірі монографиялық зерттеулерде, ғылыми-тәжірибелік конференциялар материалдарында кең көрініс тапты. Осы аталған мәселе бойынша көптеген кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалды. Сондай-ақ, көркем әдебиет пен кинематография да аталған тақырыпты айналып өткен жоқ. Осылайша, тыңды жаппай игеру тарихынан сыр шертетін әдебиеттің ауқымды екенін сенімді түрде айтуға болады. Мысалы, тарихшылардың есебі бойынша 1975 жылы осы тақырыпқа байланысты 1,5 мыңнан астам түрлі жұмыстар жария-

ланған. Ал тарихшы ғалым Х. Маданов өз есебі бойынша «елімізде жаппай тың игеруге байланысты 5 мыңнан астам еңбек жарық көрген» деп дәлелдейді.

Тың туралы алғашқы тарихи еңбектерге шолу 1960 жылдардың ортасында жасалды [9].

Тың және тыңайған жерлерді игеру мәселесі 1950 жылдардың соңында, яғни бұл шараның экономикалық тиімділігі «анықталған» кезде ғана зерттеле бастады. Мұрағаттарда осы тақырып бойынша алғашқы деректер, статистикалық мәліметтер, оның ішінде жаңадан құрылған совхоздардың жылдық есептері, тың игеруге барған бригадалардың есептері мен баяндамалары, комсомол ОК-нің жастарды тың игеруге жіберу туралы және тағы басқа ақпараттары сақтала бастады. 1950 жылдардың соңында аграрлық мәселелерді зерттеуші көрнекті ғалым саналатын Н.И. Анисимов тың жерлерде ірі астық совхоздарын құру және тың жерлерді игерудің экономикалық тиімділігі тұрғысында бірқатар мақалаларын жариялады. Сондықтан оны бұл тақырыпты алғаш зерттеушілердің бірі ретінде айтуымызға болады [10].

1957-1959 жж. тарихшылар арасында Е.М.Тяжельников [11], А.Ф.Доброхотов [12], Ф.К. Михайлов [13], И.Ф. Маятников [14], Г.П. Сафронов [15], И.И. Серова [16], А.М. Султанов [17] пен И.Ш. Шамшатовтар [18] жаппай тың игерудің түрлі мәселелерін алғаш зерттеген. Олар өз еңбектерін жергілікті және орталық мұрағаттардан алынған құжаттар негізінде жазған. Сондай-ақ, тың игеру аймақтарында, партия мен комсомолдың облыстық, аймақтық комитеттерінде қызмет еткен тұлғалардың естеліктері мен жазған мәліметтерін де пайдаланған.

Бұл еңбектердің арасынан Батыс Сібірдегі тың және тыңайған жерлерді игерудегі КОКП-ның ұйымдастырушылық рөлін көрсетуге арналған Л.Н. Ульяновтың монографиясын атап өтуге болады [19]. Өйткені, бұл мұрағат мәліметтері негізінде жазылған алғашқы ірі көлемді еңбек. Автор Алтай өлкесінің, Новосібір мен Омбы облыстық партия мұрағатының құжаттарын, статистикалық органдардың материалдарын алғаш ғылыми айналымға енгізген. Бұл еңбек 1954-1958 жылдар аралығын қамтиды. Онда 1954-1956 жылдардағы тың игеру саласындағы саяси – бұқаралық жұмыстар, еңбекшілердің бәсеке жарыстары, сондай-ақ тыңдағы шаруашылықтарды мамандармен қамтамасыз ету мәселесі кеңінен талданған. Әсіресе, Алтай өңіріндегі, Новосібір және Омбы облыстарындағы тың жерлерді игерудің экономикалық нәтижелері зерделенген. Автор статистика органдарының материалдары бойынша осы аудандардағы тың игерудің нәтижелері жөнінде өзіндік қорытынды жасайды. Алайда, Л.Н. Ульяновтың монографиясында тың игерілуге тиісті жерлерді таңдаудағы қателіктер ашылып, анықталмаған; тыңдағы шаруашылықтардың материалдық-техникалық базаларын дамыту мен егін мал шаруашылығы жүйесін жетілдірудегі табыстары асыра дәріптелген. Соған қарамастан, бұл Сібірдегі тың

игеру тарихы бойынша жазылған ірі ғылыми-зерттеу еңбегі болып саналады.

Қазақстанның тарихшылары Ф.К. Михайлов пен И.Ш. Шамшатовтың [20]. Қазақстандағы тың жерлерді игеру туралы алғашқы ірі монографиясы, Г.А. Кузнецовтың [221] пен С.С. Сдобниковтың [22] монографиялары тың игерудегі жұмысшы-механизаторлардың еңбегі мен тың аймақтарында совхоздардың салынуы және тағы басқа мәселелерді қамтиды. Бұл ғылыми-зерттеу жұмыстары түрлі мұрағат құжаттары, әсіресе жергілікті шаруашылық ұйымдары, КСРО мен Қазақстанның ауыл шаруашылық министрлігі, Қазақ КСР ОСБ мұрағаттарының құжаттары негізінде жазылған. Яғни, тың игерудегі бүкіл халықтық қозғалыс, мамандардың басқарушылық рөлі, жастар мен жұмысшы табының қатысуы, тың жерлерді игерудің әлеуметтік-экономикалық нәтижелері және т.б. мәселелер бойынша нақты тарихи материалдар жинақталып, сол кездегі заман талабына сай қорытылған. Сонымен қатар, арнаулы зерттеулерден басқа, тың туралы мәліметтер жоспарлы экономиканың даму тарихын жазу барысында да жинақталған. Олардың қатарына 1960 жылдардың бірінші жартысында жарық көрген көптеген еңбектерді жатқызуға болады. Ескертетін жайт, сол кезеңде бұл мәселені ғылыми түрде жете зерттеуге деген алғашқы қадамдар ғана жасалған еді. 1960 жылдардың ортасына дейін тың игеру тарихы туралы жазған зерттеушілердің өзі тың игеру үдерісін ашып көрсете алмады. Олар 1954-1958 жылдар аралығындағы кезеңмен ғана шектеліп, зерделенетін мәселелерді толық қарастырмады. Осыған орай, тың игеру тарихының көптеген қырлары (мысалы: жаңа жерлерді жаппай игерудің алғы шарттары туралы, көтерілген тың жерді тиімді пайдалану, тыңдағы егін шаруашылығын ұйымдастыру формалары туралы мәселелер) субъективті пікірлермен үстірт түсіндіріліп, зерттеудің ғылыми принциптерінен ауытқушылық байқалды. Сол жылдардағы зерттеулерде компартия органдарының басшылық рөлі асыра мадақталды.

1960 жылдардың екінші жартысынан кейін тың игеруді зерттеудің жаңа кезеңі басталып, бұл кезеңде жалпылама еңбектер басым болды. Әсіресе, аграрлық мәселелер саясыланып, нақты экономика мен технология жетістіктері айтылмады, егін шаруашылығы жөніндегі еңбектер компартия мен комсомол тарихы сияқты сыңаржақ сипат ала берді.

Алпысыншы жылдардың ортасынан бастап, тың игеру тарихын зерттеуге қатысты жаңа бір кезеңнің басталуына орай, П.М. Пахмурныйдың редакциясымен Қазақстан КП ОК-нің партия тарихы институтының ғылыми қызметкерлері «Коммунистік партияның Қазақстандағы тың жерлерді игерудегі күресі» атты монография дайындады. Бұл еңбекте Қазақстанда жаңа жерлерді игерудегі 1960 жылдың аяғына дейінгі жұмыстар жазылады. Сондықтан да, бұл кітап барлық еңбек-

терден елеулі түрде ерекшеленетін бағалы зерттеу болып саналады. Монографияның деректанулық негізі де салмақты. Авторлар жергілікті дерек көздерін ғана емес, орталық мұрағат құжаттарын да зерттегендіктен, Қазақстанға тың игеру үшін келген адамдардың және партия мен комсомол ұйымдарының санын анықтай алған. Тың игеруден бұрынғы кезеңдегі жаңа жерлерді игеру ісіне де мән берген [23].

Тың және тыңайған жерлерді игеру тарихы туралы жаңаша жазылған еңбектердің арасынан ұзақ жылдар бойы тыңда еңбек еткен, Қазақстанның Толбухин атындағы астық совхозының бұрынғы директоры Ф.Т. Моргунның 1968-1973 жылдары жариялаған «Думы о целине», «Хлеб и люди» атты еңбектерін атауымызға болады. Біріншісі екі басылыммен шыққан. Автор өз ісін жетік білетін маман ретінде, Тың өлкесінің тарихын, адамдардың ерліктерін, тың игеру барысында жіберілген қателіктерді, 1965 жылғы наурыз айындағы партия пленумынан кейінгі жағдайды өз тәжірибесі негізінде ғана емес, көптеген статистикалық дерек көздері арқылы зерттеп жазған [24]. Бұл тың өлкесіндегі егін шаруашылығының қалыптасу ерекшеліктерін баяндаған зерттеулер мен естелік еңбектер қатарына жатады.

Соғыстан кейінгі кезеңде Ф.И. Колодин, Ф.К. [25], Зеленин И.Е.[26], Савосько және И.Ш. Шамшатовтың [27] Қазақстанның совхоздары мен колхоздары, ауыл шаруашылығын дамыту туралы монографиялары да тың игеру тарихнамасына елеулі үлес қосты. Аталған авторлар 1965 жылдан кейінгі мал шаруашылығы мен тың өлкесіндегі егін шаруашылығын дамыту ісіндегі түбегейлі өзгерістерді көрсетуге талпыныс жасап, оқиғалар мазмұнын сегізінші бесжылдықтың аяғына дейін жеткізуге ұмтылған.

В.В. Куликовтың «Тың жерді игерудегі тарихи тәжірибе», [28], С.Л. Ковальский мен Х.М. Мадановтың «Қазақстандағы тың жерді игеру» [29] атты кітаптарында және басқа да еңбектерде тың шаруашылықтарындағы саяси үгіт жұмыстары, интернационализм секілді мәселелер қамтылған.

1970-80 жылдары тың игеру тақырыбына ондаған арнаулы мақалалар, кітапшалар және монографиялар арналды. Бірақ, олардың барлығы коммунистік идеологияның сыңаржақ бағытымен жазылған еңбектер еді. Сондай-ақ, науқаншыл екпінмен жарияланған бұл еңбектерде тың игерілген аймақтарындағы партиялық ұйымдардың көбеюі, олардың саны мен құрамының өзгеруі көрсетілген. Совхоздар мен колхоздардағы тұрақты өндірістік ұжымдардың құрылуына қатысты кеткен қателіктер мен кемшіліктер жете зерттелмеді. Сондай жұмыстардың көлемі шағын, әрі тың игерудің бастапқы кезеңіне арналғандығын да айта кетуіміз шарт. Осыған орай, тың және тыңайған жерлерді игеру тарихы тиісінше зерттелмеген деп те қорытынды жасауға болады. Мәселен, 1953 жылы жаз айында тың жерлерді зерттеу мақсатында Қазақстанға жіберілген арнаулы экспедиция,

1953 жылы қарашада тың жерлерді игеру туралы қаулының жобасын жасауға байланысты құрылған арнайы комиссия, осы мәселелер бойынша 1953 жылы желтоқсанда КОКП ОК-нің Қазақстан өкілдерімен өткізген кеңесі және тағы басқа тарихи фактілер зерттеушілер назарынан тыс қалған.

Тың аймақтарында жаңа материалдық-техникалық базаның құрылу тарихы да толық жазылмаған. Бірқатар еңбектердің зерттеу шеңбері 1954-1958 жылдармен ғана шектеледі. Зерттеушілер ұзақ уақыт бойы тың игерудің ертедегі тәжірибесіне көңіл аудармай келді. Осыған орай әдебиетте тың жерлерді игеру саясаты 1954 жылы ғана қолға алынды деген қате пікір қалыптасты. Тіпті, 1953 жылғы қыркүйек және 1954 жылғы ақпан-наурыз айларында өткен КОКП ОК Пленумдарының маңызын «төмендеткені» үшін де кейбір зерттеушілер дәлелсіз айыптаған. Ал, кейбір еңбектерде 1954 жылға дейін де КСРО-да тың игеру шараларының жүргізілгендігі, 1954 жылға қарай мол тәжірибе жинақталып, оның жаппай тың игеру ісінде қолданылғандығы туралы нақты мәліметтер жазылған [30].

Тың және тыңайған жерлерді игерудегі қозғалыстың бүкіл-халықтық сипаты туралы Мәскеуде, Ленинградта, Киевте, Минскіде және басқа да қалаларда басылып шыққан ондаған мақалалар мен кітапшалар бар. Тың игеруге кеңестік қоғамның барлық әлеуметтік топтарының – жұмысшы табы, колхоздағы шаруалар, интеллигенция, студенттер, кәсіби-техникалық училищелер мен техникумдарда оқытындар, кеңес армиясының жауынгерлері, тіпті ғалымдардың қатысуы осы тақырып төңірегінде жарияланған еңбектерде кеңінен жазылды.

Тың игеру ісіне жұмысшы табының қатысуы мен оның рөлі туралы мәселе әдебиетте біршама толық зерттеліп, анықталды десек те қателеспейміз. Бұл мәселе КСРО-ның жұмысшы табы мен тың игеру тарихы жөніндегі еңбектерінде ғана емес, қаланың ауылға деген шефтік көмегін дамытуға, тың игерудегі өнеркәсіп орталықтарының маңызын көрсетуге арналған көптеген арнаулы зерттеулерде келтірілген [30].

Тың игеру ісіне көмек көрсету жағынан мол тәжірибесі бар Мәскеу, Ленинград, Киев, Харьков секілді ірі өнеркәсіп орталықтарының үлес қосқандығы да рас. КСРО-да жұмысшы табын дамыту мен тың игеру тарихына қатысты жазылған көптеген еңбектерде осы мәселе айтылғанымен, алайда бүгінгі күн тұрғысынан қайтадан зерделеуді қажет етеді. Тіпті, әлі күнге дейін ірі қалалардың тың игеру аймақтарына қанша адамның жіберілгені, олардың кәсіби және жастық құрамы, мамандардың орналасу тарихы анықталмаған. Совхоздағы жұмысшылар туралы кейбір материалдар жарияланғанымен, өкінішке орай, ауыл жұмысшыларының тың игеруге қатысуы туралы мәселе де лайықты түрде зерттелмеді.

Түрлі ұлт өкілдерінің тың игеру секілді «ұлы істерге белсене» қа-

тысуын «кеңес халқының достығы мен ынтымақтастығы» ретінде көрсету де «саяси тапсырыс» болатын. Сол кезеңнің тарихшылары да компартия нұсқауын орындады. Еңбектерде халықтар достығы, түрлі ұлт еріктілерінің тың игеруге қатысулары, партияның басқарушылық рөлі тағы да асыра дәріптелді [31].

Сол кезеңдегі әдебиеттерде «Тың игеру кезіндегі белсенділік танытқан ең алдымен комсомол, кеңестік жастар», – деп қоғамның құрамдас бөлігі жастардың өзі екіге бөлініп, бағаланды. Шын мәнінде, жастар тұтас әлеуметтік топ, бой қуаты жалындаған, қиындықтан беті қайтпаған, қоғамның ең белсенді, әрі саны көп бөлігі. Кеңес билігі жастардың осы артықшылығын қолпаштап, көтермелеу арқылы әрқашан ұтымды пайдаланған. Мемлекеттік идеологияның қуатты болғаны соншалық, бірнеше мыңдаған жас жігіттер мен қыздар тың игеру ісіне белсене қатысқан. 1974 жылдың 16 наурызында «Правда» газетінде Л.И. Брежневтің көлемді мақаласы жарияланды. Онда «Комсомол ең қиын іске өзінің ең үздік өкілдерін жіберді» деп тұжырым жасады. Компартияның идеологиясының нәтижесінде, тың игеруге шақырған үндеуге комсомолдар бірінші болып үн қосып, тыңдағы жаңа шаруашылықтардағы жұмысшы ұжымының негізін құраған. Комсомолдық жолдама бойынша тың игеруге барлығы 500 мыңнан астам жас жігіттер мен қыздар келген. Тың игеруге қосқан зор үлесі үшін одақ комсомолы сол кездегі жоғары Отан наградасы Ленин орденімен марапатталды. Осыған орай жастар мен комсомолдардың тың игеруге қатысуы туралы еңбектер аз жазылған жоқ [32].

Оларда тыңды «бағындырушы» жастардың еңбектегі ерліктерін, жалынды «патриотизмі» көрсетілді. Бұл мәселе жалпы тың тақырыбына қатысты еңбектерде, әсіресе «Коммунистическая партия в борьбе за освоение целинных земель в Казахстане» атты монографияда қарастырылды. Негізінен комсомолдың тың игерудің алғашқы жылдарындағы қызметі туралы баяндалған. Кәсіби-техникалық училище оқушыларының тың игеруге қатысуы және осы оқу орындарының тыңдағы шаруашылықтарды механизатор кадрларымен қамтамасыз етудегі маңызы туралы мәселелер әдебиетте жеткіліксіз баяндалған.

Тың және тыңайған жерлерді игеру тарихын тұтас жазу үшін кеңестер мен кәсіподақтардың қызметін терең зерттеу де қажет. Мәселен, 1965-жылға дейін осы тақырып бойынша тек үш мақала ғана жарияланған екен.

Тың жерлердегі совхоздар құрылысының тарихы көптеген арнайы зерттеулерде сондай-ақ еңбектерде де көрініс тапты [33]. Бұдан басқа алдыңғы қатарлы совхоздардың жұмыстары туралы журналистер мен совхоз құрылысының ардагерлері жазған кітапшалар да бар. Олардың барлығы тыңдағы жаңа совхоздардың құрылысына себепші болған жағдайларды жазып, әдеттегідей, жұмысшы табы мен коммунистік парти-

яның жетекшілік рөлін мадақтады. Бірақ, тыңдағы совхоздар тарихы толық әрі тұтас зерттелмегенімен, 1954-1958 жылдардағы тыңдағы ірі астық совхоздарының даму және құрылу үрдісі кеңірек баяндалған.

«Жетіжылдық» деп аталған кезеңде тың аудандарындағы мал және бөкөніс совхоздарының құрылу және даму тарихы зерттеліп, осындай шаруашылықтардың 1959-1965 жылдардағы саны, совхоз секторында алған орны мен жұмыс нәтижелері анықталған. Бұл совхоздардың көпшілігі экономикалық жағынан әлсіз және жері көп колхоздардың негізінде құрылғаны белгілі. Бірақ, зерттеушілер осы шараны түрліше бағалады. Олардың кейбіреулері сол уақытта колхоз бөлімдерінің совхоз болып қайта құрылуын «уақытша елдегі соғыстың әсерінен болған ерекше жағдайларға қатысты мәжбүрліктен туған шара» деп қарастырса, ал басқалары бұл шараны заңды, объективті қажетті шара деп есептеді [34].

50-ші жылдары тың игеру аймақтарында құрылған совхоздардың даму тарихы, олардың жаңа жерлерді игерудегі алатын орны лайықты түрде зерттелмеген. Бұл мәселе тарихшылар зерттеулерінде толық қамтылмаған.

Мемлекет тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты жұмыстарды өркендетуге тек совхоздарды ғана емес, колхоздарды да кең пайдаланды. Тың игеру жылдарында колхоздарға үлкен көмек көрсетілді. Тыңдағы колхоздарға жаңа техника, қиуар жұмысшы күші және мыңдаған мамандар жіберілді [35]. Олардың тың игеру ісіне қомақты үлес қосқандығын да айтып кетуіміз шарт. Мәселен, тың және тыңайған жерлердің 60 % -ы солардың үлесіне тиген.

Ал, енді солтүстік өңірдегі тың және тыңайған жерлерді игеру үрдістері де бірқатар тарихи еңбектердің жазылуына арқау болды.

Кеңес Одағы кезінде Қазақстандағы тың және тыңайған жерлерді игеру жұмыстары және олардың барысы мен нәтижелері туралы қазақстандық тарихшылардың бірқатар жұмыстар жазғаны рас. Заманында салмақты ғылыми зерттеулер ретінде олар белгілі дәрежеде тиісті кезеңдегі аграрлық өзгерістердің деңгейін айқындауға көмегін тигізеді. Біз қарастырып отырған тарихи кезеңге және тың және тыңайған жерлерді игеруге тікелей қатысы болмаса да, Қазақстан ауыл шаруашылығындағы елеулі өзгерістер мен реформалар, ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайлары С.Е.Толыбековтың [36], Б. Сүлейменовтің [37], Б.А. Төлепбаевтың [38] және басқа кеңес тарихшыларының еңбектерінде көрініс тапқан.

Авторлар осы еңбектерді жазу барысында ауқымды материалдарды жинап, өңдеген, сонымен қатар, еңбектерде тың игерудегі күрделі процестер мен қарама-қайшылықтарды назардан тыс қалдырып, жағымды жақтарын сүзіп алып, бір жақты ғана сипаттайтынын атап өтуге болады. Аталған еңбектерде маркстік таным диалектикасына адалдыққа сендіру дәріптеледі, сонымен, ғылым атаулының алғашқы қағидасы

«барлығына күдікпен қарау» мүлдем ұмыт қалған. Тың игеруге арналған еңбектерде «Басқа жол болған жоқ», «бірден-бір дұрыс шешім» стереотиптері қайталанып отырады да автор өзі мақұлдаған дүниені басқаларға да сендіре түсуге ұмтылады.

Жоғарыда аталған кітап авторларының бірі жазғандай: «80-ші жылдардың ортасына дейін шыққан еңбектерге тән бірқатар кемшіліктер бар. Яғни, 60-шы жылдардың ортасына дейін тың игеру идеясы мен оның іске асыру бір ауыздан Н.С. Хрущевке, кейіннен Л.И. Брежневке таңылды». Бұл идеяның кімдікі екенін нақтылау үшін С. Ковальский мен К. Мадановтың еңбегінде: «Ауыл шаруашылығы айналымына бос жатқан құнарлы жерлерді пайдалану «В.И. Лениннің бастамасымен» Кеңес Үкіметінің алғашқы жылдарында басталған», деген қисынды алағ тартатыны, тіпті қызық.

Қазақстан ҰҒА корреспондент мүшесі Қайдар Арыстанбеков 1954 жылы тыңды игеру алдымен совхоздарды құрумен басталып, 1958 жылға дейін 337 совхоз жасақталғанын жазады. 1956 жылы Қазақстандағы совхоздар астық өндіру жоспарын 60 және одан да артық пайызға асыра орындаған [39].

Ресей ауыл шаруашылығы академиясының мүшесі В.И. Кирюшин бұл саясатты «объективті баға беру – тарихты әділетті баяндау ғана емес, сонымен бірге ауыл шаруашылық айналымына түскен ұлан ғайыр жерлердің экологиялық жағдайын, олардың экономикалық потенциалы мен әлеуметтік жағдайын бағалау» екендігін дұрыс көрсетіп, одан әрі үстем болған идеологиядан шыға алмай «компанияның тарихи аспектісін біржақты қателік, авантюра және т.б. деп қарау тым тар және қарадүрсін, өйткені өкіметтің тыңды игеру жөніндегі шешімі жан-жақты ойластырылған саясат» деп бағалайды.

Қазақстандағы Тың және тыңайған жерлерді игеру тарихына байланысты іргелі зерттеулер еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін жаңа қырынан зерделенді. Әсіресе, Қазақстандағы аграрлық қатынастарға байланысты М. Қозыбаев, Қ.С. Алдажұманов, Ж.Б. Әбілқожин [40], М.Х. Асылбеков [41] және К.Н. Нұрпейісов [42] сияқты елімізге танымал ғалымдардың еңбектерінде көңіл бөлінген.

Мәселен, М. Қозыбаевтың еңбектері тарих ғылымын бұрынғы догмалардан арылтып, Қазақстан аграрлық қатынастар тарихын бұрмалаушылықтан тазартуда елеулі рөл атқарса, М.Х. Асылбековтің Қазақстанның 50-60 жылдардағы әлеуметтік-демографиялық процесстерге байланысты жазылған зерттеуінде халықтың білім деңгейінің өсуі, оның динамикасы, сандық мәліметтері негізінде жан-жақты талданған.

Ал, академик К. Нұрпейіс болса, Қазақстандағы ауылдармен қазақ зиялыларының кеңестік дәуірдегі қоғамдық-саяси және мәдени салалардағы қызметін жаңа методологиялық арнада талдап, деректік негізде қарастырды. Қазақ ауылдарының

әлеуметтік жағдайына байланысты деректер негізінде зерттеген Б.Ғ. Аяған [43] және О.Х. Мухатова [44], Ғ. Халидуллин [45], Қ.Қ. Байсарина [46] сынды тарихшы ғалымдарымыздың мәселеге басқа қырынан келіп, шындықтың бетін ашып көрсете бастағанын айту керек. Бұл ғалымдар Қазақстандағы аграрлық қатынастар тарихын мұрағаттық деректер негізінде, жаңа көзғарастар тұрғысында талдап, мәселенің әдіснамалық тәсілдерін жан-жақты ашып көрсетеді.

2004 жылы ҚР Статистика жөніндегі агенттігінде «Қазақстан Республикасы: тың және тыңайған жерлердің игерілгеніне 50 жыл» атты статистикалық жинақ «Тыңға 50 жыл» кітабының тұсаукесері болды. «Тыңға 50 жыл» атты кітаптың авторы Төлеубай Жұмасұлтанов тың игеру жылдарында Қазақстан экономикасы көтеріліп, ауыл шаруашылығы дамып, өнеркәсібі өркендеп, құрылыс нысандары көптеп салынғандығын жазады. Автор сол жылдар аралығында білім беру мен денсаулық сақтау салаларының едәуір өркендегендігін, бірақ тың игеру саясатының басты мақсаты – Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатын көтеру емес, кең даланы пайдалану арқылы Кеңес Одағына азық-түлік тапшылығын шешіп беру ғана екенін жанамалап болса да айтқан [47].

Іс жүзінде КСРО мемлекетіне жеке-дара билік жүргізген, тек саяси тұрғыда ғана емес, бүкіл экономикалық, әлеуметтік және мәдени билікті шоғырландырған КОКП Орталық комитетінің, КСРО және Қазақстан Үкіметінің, жергілікті партия, Кеңес, қоғамдық ұйымдарының ресми құжаттары қарастырылып отырған кезеңдегі саяси-шаруашылық бағдарламалардың негізгі бағыттарын айқындап, тарихи кезеңнің сипатын береді. Сонымен бірге, одақтық және республикалық деңгейде қабылданған құжаттар мен нұсқаулардың, жоспарлардың мазмұны Қазақстанның солтүстік аймағындағы аграрлық саясаттың жағдайына тікелей және жанама қатысы бар.

Осы деректер негізінде Қазақстан Компартиясы ОК жанындағы партия тарихы институты дүркін-дүркін шығарып тұратын «Қазақстан Компартиясы: съездердің, конференциялардың және пленумдардың қарарлары мен шешімдері» деген жинақтар, «Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің хабаршысы» және «Қазақ КСР Үкіметінің қаулы-қарарлары» деген ресми басылымдар да бірқатар деректер береді.

Республиканың мұрағаттарында Қазақстандағы және оның Солтүстік аймағындағы аграрлық реформалардың сипатын неғұрлым терең ашуға көмектесетін мол дерек қоры сақталған. Олардың көпшілігі әлі де ғылыми айналымға енгендігін ескеріп, осы кітапты дайындау барысында Қазақстан Республикасы Президенті мұрағатындағы: Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің, Қазақстан Комсомолы Орталық комитетінің, Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағатының, Қазақ КСР Министрлер кеңесі және Қазақ КСР Жоғарғы кеңесі төреалқасының материалдарын шолып, қарап шықтық.

Бұл материалдардың құндылығы көбіне құпия деп саналатын Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бюро, секретариат мәжілістері мен жеке жиналыстардың хаттамаларындағы көпке белгісіз және жарияланбаған материалдарға қол жеткізу арқылы, аталған кезеңдегі саяси және шаруашылық ахуалды неғұрлым жақын тануға мүмкіндік берді. Кей жағдайларда, мұндай деректер жарияланған ақпарларды жоққа шығару, немесе түзету тұрғысында жазылған. Мысалы, кадр мәселесін қарағанда, белгілі бір шаруашылықтың басшы қызметкерін лауазымынан айыру үшін алдын-ала тексеріс жүргізіліп, тиісті аймақтағы шаруашылық және саяси жұмыстарға сын тұрғысында баға берілетін болған. Демек, мұндай деректер, көпшілікке жария болған сипатынан өзгеше, неғұрлым құнды екеніне көз жеткіздік.

Қазақстанның солтүстік аймағындағы облыстар мен аудандардың, жекелеген колхоздар мен совхоздардың қарастырылып отырған кезең ішіндегі нақты экономикалық-шаруашылық жағдайын, ұйымдастыру және есеп-санақ жұмыстарын, ауылдың әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерінің қалай шешілгенін немесе шешілмегенін саралап, баға беру үшін сол облыстардағы мұрағат мекемелеріне жүгінуге тура келді. Бұл орайда, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, бұрынғы Көкшетау және Целиноград, Павлодар облыстық мемлекеттік және партиялық мұрағаттарының қорларында сақталған құжаттар мен материалдардың ғылыми құны жоғары және саны көп екендігіне көз жеткіздік.

Бұл мұрағаттарда облыс бойынша жасалған тоқсан, жыл және бес жыл ішіндегі сараптама қорытындылар сақталған және олар көптеген құнды мағлұматтар береді. Мысалы, жекелеген аудандар бойынша қорытындылар түрлі шаруашылық есептерде, экономикалық талдауларда, шаруашылық жиындарындағы баяндамаларда, науқандық ақпарларда көрініс тапқан және мемлекеттік есеп-санақ қызыметі бекіткендіктен, негізінен нанымды көрсеткіштер деген тұжырымға келдік.

Тың және тыңайған жерлерде 1954-56 жылдары ұйымдастырылған астық совхоздарының жағдайын көрсететін арнайы қорлардың құжаттары да өте бағалы. Айталық, Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатының қорында 30-ға тарта совхоздың алғашқы күннен бастап қалай құрылғанын көрсететін жеке істер сақталған. Дәл осындай қорларды Қостанай және Павлодар облыстық мемлекеттік мұрағаттарынан ашып, бірқатар деректерді тұңғыш рет ғылыми айналымға қосу мүмкін болды.

Кезінде жеке өкімшілік-аймақтық бөлініс ретінде құрылып, дербес саяси және өкімшілік-басшылығы қалыптасып, кейін тарап кеткен Тың өлкелік партия комитеті мен атқару комитетінің, ауыл шаруашылығы органдарының, Бүкілодақтық Астық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының (Шортанды) мұрағат қорлары, қазіргі Ақмола облыстық мемлекеттік мұрағатында Көкшетау қаласында сақтаулы. Бұл қорлар-

дың құндылығы сонда, Мәскеудегі Орталық биліктен тікелей келіп түскен құжаттар түгелге жуық сақталған және сала-сала бойынша жіктелген.

Тиісінше, облыс орталықтарындағы бұрынғы партия мұрағаттарының құжаттары да тың жерлерге келген адамдар, саяси және шаруашылық басшылары, олардың ұлттық құрамы, білімі мен мамандығы туралы нақты және ақиқат мағлұмат береді. Облыстық және аудандық деңгейдегі партия ұйымдары жиналыстарының хаттамаларында, жеке коммунистер жолдаған шағымдар мен арыздарда тың игеру кезінде орын алған кемшіліктер де ашып көрсетілуі мұрағат құжаттарының танымдық қадірін арттыра түседі деп ойлаймыз. Бұлардың ішінде, әсіресе, тың игерудің басталған кезеңіне қатысты деректерге ерекше зер салуға тура келді.

Бұл кітапта, негізінен, ауыл шаруашылығындағы, оның ішінде тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты үдерістер қамтылғанымен, сол үдерістердің негізінде жасалған әлеуметтік-мәдени, тұрмыстық шараларға, түбегейлі өзгерістерге талдау берілді. Осы мақсатта, жоғарыда аталған мұрағаттардағы және солтүстік аймақтардағы 25 ауданның мұрағатындағы деректер де қолданысқа жаратылды. Аудандық мұрағаттардың деректері мәдени-тұрмыстық нысандардың ең төменгі буындары, селодағы құрылыс туралы нақты мағлұматтарға қол жеткізгенін айтуымыз керек. Совхоздардағы білім беру, бала тәрбиесі мекемелерінің, мәдениет ошақтары мен кооперативтік және жұмысшы сауда орындарының, тұрмыстық қызмет ошақтарының саны, сапасы, оларда еңбек етіп, совхоз жұмысшыларына қызмет көрсеткен кадрлар туралы нақты деректер тарихи зерттеу үшін өте құнды болып табылады. Мысалы, мектептер мен бала бақшаларына қатысты деректер сол аймақтың демографиялық жағдайы, халықтың көші-қоны және ұлт құрамының өзгерістеріне байланысты нақты қорытынды шығаруға мүмкіндік берді.

Сол кезде шығып тұрған және ел ішінде көп таралған одақтық «Правда», «Известия», «Сельская жизнь», «Комсомольская правда», республикалық «Социалистік Қазақстан» және «Казахстанская правда», «Ленинші жас» және «Ленинская смена» газеттері, республикалық «Мәдениет және тұрмыс» журналы беттерінде жарияланған материалдар дерек көздері ретінде, жылнама сипатындағы қыруар деректерді жаңа ұрпаққа жеткізіп отыр. Қазақстанның солтүстік облыстарындағы газеттер, әсіресе, «Тың өлкесі», «Целинный край» басылымдары аймақтағы аграрлық реформаны, тың игеру тақырыбын көбінесе жағымды түрде насихаттап отырған, сонымен бірге тақырыпты жан-жақты түсініп, ашуға көмектескен сын материалдар мен оқырмандар хаттары да аз емес екен. Өр облыстан 3-4 аудандық газеттің 1954-1958 жылдардағы тігінділерін қарап, зерттеу үстінде совхоздардағы звено, бригада, бөлімше сияқты төменгі өндіріс буындарының жағдайына қанықтық.

Бұл басылымдарда ауылда тікелей еңбек ететін жекелеген мамандар мен белсенділер аграрлық реформаны жалпы қолдай отырып, оны жергілікті ерекшеліктерге қарай қалай дұрыс ұйымдастыру қажеттігін ұсынған қызықты хаттар да жарияланған.

Дерек көздерінің келесі бір парасы алғашқы тыңгерлердің естеліктері, сол кезде аудан, совхоз басқарған, өнімді еңбегі үшін мемлекеттік марапатқа ие болған адамдардың жазбалары да жағдайды белгілі дәрежеде дұрыс түсінуге, жеке өндіріс ұжымдарындағы саяси және моральдық ахуалды тарихи тұрғыда ақиқат бағалауға мүмкіндік берді. Мұндай естелік жазбалар, мысалы «Тыңның алтын кітабы». Солтүстік Қазақстан облысы [48], «Освоение целинных и залежных земель в Кустанайской области» [49], «Героическая целинная эпопея» (Павлодар) [50]. т.с.с. мүшелтойлық жинақтарда басылды. Сонымен бірге, автор өз тарапынан ізденіп, сол бұрынғы бес облыста еңбек еткен 82 тыңгердің естеліктерін өз аузынан жазып алып, деректерін пайдаланды.

Қорыта келгенде, жоғарыда аталған деректерді сын көзімен қарап, салыстыра саралап, пайымдағанда Қазақстанның солтүстік облыс аймақтарындағы аграрлық реформаның 1954-1964 жылдарды қалай жүргізілгенін, бұл үдерістің жағымды және жағымсыз жақтарын тарихи тұрғыда түсініп, оның салдарлары туралы ғылыми байыпты тұжырымдар жасауға мүмкін болды деп санаймыз.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне келетін болсақ, Қазақстанның солтүстік аймағында кеңестік аграрлық саясаттың жолдары мен әдіс-тәсілдері, әлеуметтік қырлары мен салдарын тың деректік материалдар негізінде, жаңа көзқарастар тұрғысында талдай отырып, оның жұмыс істеу тәсілдерін ашу – зерттеу жұмысының басты мақсаты екенін атап көрсетеміз. Осыған байланысты зерттеу барысында алдымызға тиісті міндеттер қойып, оларды орындауға талпыныс жасадық.

Атап айтқанда, мысалы, тың және тыңайған жерлерді игерудің алғашқы он жылы ішінде ауылшаруашылығын реформалаудың негізгі мақсаты мен ерекшеліктерін талдай отырып, бұл шаралардың 1940 жылдардың соңы мен 1950 жылдардың басындағы Қазақстандағы аграрлық саланың ахуалымен шендестіре қарастырдық. Тарихи кезеңде халық тағдырында елеулі із қалдырған саяси-шаруашылық шараларды 1954-1964 жылдардағы Қазақстанның солтүстік аймақтарындағы тың жерлерді игерудің мысалдарымен түсіндіріп, бұл науқанның барысы мен тарихи мәнін көрсеттік. Тарихи даму барысында мемлекет алдына жаңа міндеттер қойылатыны да түсінікті. Осы орайда, 1954-1964 жылдардағы тың және тыңайған жерлерді игеру кезіндегі ауылдардың әлеуметтік жағдайын, мәдени-ағарту мекемелерінің, білім беру ошақтарының қалыптасуы мен қызметін көрсету де маңызды. Тың игеру жылдарында ауыл-селоларда орын алған әлеуметтік әділетсіздік жағдайларының көріністерін тарихи тұрғыдан зерделеу қажет болды.

Кейін ғана белгілі болып, кеңес заманында айтылмайтын тақырып саналған, тың және тыңайған жерлерді игерудің тарихи экологиялық зардаптарын анықтаудың жөні бір басқа екені мәлім болса да, бұл мәселе ғылыми әдебиетте жеткіліксіз көтеріліп келді.

Себептері мен салдарлары маңызды, зардаптары ұзақ уақытқа кеткен осындай тарихи маңызы зор құбылысты зерттеу барысында біз соңғы жылдары отандық тарих ғылымында болып жатқан жаңалықтар мен түбегейлі өзгерістерді негізге алдық. Кеңестік аграрлық саясаттың Қазақстанда жүзеге асырылу тарихы осы кезге дейін жеке аймақтарды және салаларды қамтып, түбегейлі жазылмағанын ескере отырып, зерттеу барысында тәуелсіздік тұғырнамасына негізделген ғылыми ой-пікірлер мен тұжырымдар, жаңа тарихи көзқарас тұрғысынан жазылған зерттеулерге сүйендік.

Бір сөзбен айтқанда, XX ғасырда қазақ жерінде жасалған аграрлық эксперимент қана емес, қазақ қоғамының мыңдаған жылдардағы тарихында шұғыл да шапшаң бетбұрыс болған тың және тыңайған жерлерді игеру деп аталған ұзақ мерзімді күрделі науқанды қазіргі заманда қайта қарап, тексерудің қиындығы мен маңызы алға қойылған міндеттердің өзектілігінен, тарихнамалық зерттеулерден яғни, Қазақстанның солтүстік облыс аймақтарындағы аграрлық реформаның 1954-1964 жылдарды қалай жүргізілгенін, бұл үдерістің жағымды және жағымсыз жақтарын тарихи тұрғыда түсініп, оның салдарлары туралы ғылыми байыпты тұжырымдар жасауға мүмкін болды деп санаймыз.

**1954-1964 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫН РЕФОРМАЛАУ ЖӘНЕ
КЕҢЕСТІК АГРАРЛЫҚ САЯСАТТЫҢ
СОЛТҮСТІК АЙМАҚТАРДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ**

**1940 жылдардың соңы – 1950 жылдардың басындағы аграрлық
саланың жағдайы**

Тарихтан мәлім, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдар Қазақстанның солтүстік облыстары шаруашылықтарының жағдайы мен ауыл тұрғындарының әлеуметтік өмірінде де қиыншылықтар әкелген кезең еді. Қатарынан бірнеше жылғы соғыс салдарынан ауыл шаруашылық өндірісі әлсіреді. Онсыз да нашар азық-түлік жағдайын 1946 жылғы құрғақшылық одан сайын ушықтыра түсті, дөңді дақылдардың шығымы төмендеді, бұл тисінше, мал шаруашылығына да дағдарыс әкелді. Кеңес тұсындағы әдебиетте, баспасөз бетінде «...бұл қиындықтарды ауыл еңбеккерлері қажырлы еңбегімен жеңе білді» деп жазылса, бұл тұжырым шындықтан алыс та емес еді. Тарихи даму заңдылықтарына сәйкес, соғыс зардаптары мен соғыстан кейінгі қиыншылықтар артта қала бастады. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі молайып, еңбек өнімділігінің артуы байқалды. Өнеркәсіптік және тұрғын үй нысандары салына бастады, әлеуметтік сала, оның ішінде денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет мекемелерінің қатары көбейіп, олардың жұмысы да жанданды.

КСРО-да экономиканың басқа салаларының, ең алдымен, ауыр өнеркәсіптің дамуына ауыл шаруашылығының жағдайы тікелей әсер ететінін тарих дәлелдеп берді. Олай болса, екінші дүние жүзілік соғыстың алғашқы жылдарынан басталған орасан зор соғыс шығындары елдегі ауыл шаруашылығын орасан күйзелтіп кеткенін қайталап айту, артық болар. Атап айтқанда, жыл он екі ай бойы және бір жылы басталған шаруа екінші жылға жалғасып, табиғат заңындай тоқтаусыз өндіріс жағдайындағы ауыл шаруашылығына қажетті адам және материалдық қорлар толығымен майданға жұмылдырылды. Оған қоса, жаппай соғыс жағдайына бейімделген ауыр өнеркәсіп саласы ауыл шаруашылығына тракторлар, машиналар және басқа техниканы, жанар майды беруді мүлде азайтты немесе мүлде тоқтатты. Соғыс қимылдары жүрген аймақтарда 98 мың ұжымшар, 70 мың село мен деревня, 1876 кеңшар қиратылып, түбірімен құрып кетті. Сол жылдары 17 миллион ірі қара, 20 миллион шошқа, 27 миллион қой мен ешкі жойылды.

Кеңестің есеп-санақ органдарының жариялаған ақпарларына қарағанда, ауыл шаруашылығының жалпы шығыны 181 миллиард рубльге таяған [51, с.318].

Жұмысшы күші жетіспеді, ер адамдардың соғысқа шақырылуына байланысты егіс-дала жұмыстары әйелдердің мойнына түсті. Демобилизация бойынша әскерден қайтарылғандарды есептегеннің өзінде, еліміздегі колхоз тұрғындарының саны соғыс жылдары 15% -ға, ал еңбекке жарамды тұлғалар саны 32,5% -ға қысқарып кеткені туралы мәлімет бар [52, с.21].

Соғыс қимылдары жүргізілмесе де, Қазақстан аумағында соғыстың ауыртпалықтары республика жұртын күйзелтіп, әл-ауқат деңгейін қатты құлдыратты. Негізінен аграрлық аймақ болып табылатын республикада, халық шаруашылығының бұл саласы соғысқа дейінгі деңгейіне тек 50-ші жылдардың басында ғана жеткені де осының салдарынан екінші зерттеу үстінде байқадық. Осылайша, ауыл шаруашылығы елдің азық-түлік пен шикізатқа деген қажеті он жыл бойы өтелмеді.

Осы факторлардың барлығы егістік жер көлемінің айтарлықтай қысқаруына, егіншілік мәдениетінің төмендеуіне, сайып келгенде, осының бәрі егін шаруашылығының құлдырауына әкелді. Мәселен, Солтүстік Қазақстан облысында егістік көлемі 1945 жылы 1940 жылмен салыстырғанда 8,4 пайызға, соның ішінде дәнді дақылдар алабы – 15,8, ал жаздық бидай себу 38,7 пайызға азайып кеткен. 1946 жылы елдің негізгі астықты аймақтарында 1921 жылғы қуаңшылыққа ұқсас жағдай қалыптасып, ауыл шаруашылығына қатер төнді. Ауылда ететіндердің әлеуметтік жағдайы ойсырап, күнкөріс жағдайы соғыстың ерекше жылдары шұғыл қабылданған теріс қаулылар мен заңдардың салдарынан тіпті қиындап кетті. Колхоздарда әскери тәртіп орнатылып, адамдарға әділдетсіз, шексіз талаптар қойылды.

Соғыс кезінде, мысалы, ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігін арттыруды желеу еткен волонтаристік шаралар қабылданды. Мысалы, 1942 жылы әрбір шаруа үшін колхозда жұмыс істеудің міндетті төменгі мөлшері белгіленді. Бұл тәртіп КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің және БК(б)П Орталық Комитетінің «Колхозшылар үшін міндетті еңбектің ең аз мөлшерін көтеру туралы» қаулысымен одан әрі күшейтілді. 1942 жылдың 13 сәуірінен бастап осынау міндетті мөлшер: мақта егетін аудандарда 150 еңбеккүнге дейін, қаратопырақты емес алқапта және солтүстік аймақтарда 100 және еліміздің басқа аймақтарында 120 еңбеккүнге дейін (бұрын 100, 60, 80 еңбеккүнді құраған) арттырылды. Белгіленген еңбеккүнді «себепсіз» орындамаған колхозшылар қылмыстық жауапкершілікке тартылды және алты айға дейін еңбекпен түзету жұмыстарына жіберіліп, ондағы еңбекқақысының төрттен бір бөлігі колхоз пайдасына ұсталған. Бұл жағдай соғыстан титықтап шыққан халықтың жағдайын күйзелтіп, наразылығын тудырды.

Кейінгі жылдарда да соғыс кезіндегі еңбеккүн тәртібі, оны орындамағандарды жазалау шаралары сақталып қалды. Мысалы Үкіметтің 1947 жылдың 31 мамырындағы қаулысында селодағы еңбек өнімділі-

ғінің төмендеуі шаруалардың «пайда табуға» қалаға кетуінен немесе үй іргесіндегі жер телімдерінде жұмыс істеуі негізгі себеп болып отыр деген тұжырым жасалды. Министрлер кеңесі мен БК(б)П Орталық Комитетінің 1948 жылғы 19 сәуірдегі «Колхоздарда ұйымдастыру жұмыстарын жақсарту, еңбек өнімділігін арттыру және еңбекақыны ретке келтіру туралы» қаулысы колхоз өндірісіндегі кемшіліктерді жою жолдарын көрсетті. Мұнымен бірге КСРО Жоғарғы Кеңесі төралқасы 1948 жылғы 2 маусымда «Ауыл шаруашылығында еңбек етуден қасақана жалтарып, қоғамға қарсы арамтамақтыққа салынғандарды еліміздің қиыр аудандарында жер аудару туралы» Жарлық шығарды. Адамның құқықтары мен мүддесіне мүлде қайшы мұндай зорлықтар колхоз ісін көтерудің орнына, экономикаға орасан зор зиян келтірді. Ауыл шаруашылығында еңбек етуді әкімшілік шаралар арқылы қамтамасыз ету көзделді, еңбек үстінде кемшілік жібергендер қылмыскерлер деп саналды.

Шаруалар үшін ең қиын кезең 1946 жыл болды. Себебі, колхозшыларға астықпен есеп айырысу қиындады. КСРО бойынша 1946 жылы колхоздардың төрттен үш бөлігі еңбеккүнге 1 килограмға да толмайтын астық берді, ал қалған колхоздар еңбекке мүлде ақы төлеген жоқ. Бұл жазғы құрғақшылықпен қоса, халықтың аштыққа ұшырауына себепші болды. 1946 жылғы құрғақшылық Украинаны, Молдавияны, Еділ бойы, Орталық, Қаратопырақты аймақты қамтыды. Көптеген аудандарда 60-70 күн бойы жауын болмай, егіннің шығымдылығына кері әсерін тигізді. Еліміздегі дәнді дақылдардың шығымдылығы орта есеппен 1946 жылы әр гектардан 4,6 центнер болды [53]. Бұл 1940 жылдағы көрсеткіштен екі есе кем еді. Нәтижесінде, шаруашылықтарда 39,6 миллион тонна ғана астық жиналды, 1946 жылы елде орта есеппен бір еңбеккүнге 520 грамм астық бөлінді.

Алайда, қазіргі зерттеулер көрсеткендей, аштықтың себебі дәнді дақылдардың шықпай қалуынан ғана емес еді. Биліктегілер астықтың мемлекеттік қорын азайтып алмау үшін колхоздар мен совхоздарға міндетті астық тапсыру жоспарын орындағаннан кейін, тағы да үстеме тапсырыс беріп отырған. Осылайша «астық дайындау ісі» зорлық күшімен ұйымдастырылған. Шаруаларға еңбек күндері үшін арнайы заттай төлеуге бөлінген астық та қайтарылып алынып, нәтижесінде ауыл-селодағы халықтың аштыққа ұшырауына себеп болды.

Зерттеуші В.В. Зиманың жазуына қарағанда, 1945 жылы астық шығымдылығы табиғат құбылысына және шаруашылық мүмкіндіктеріне байланысты азайған, сондықтан, астық дайындау науқанын жүргізуде төтенше жағдай жариялауға ешқандай негіз болған жоқ. 1946 жылғы КСРО азық-түліктің тапшылығына қарамастан Болгарияға, Польшаға, Чехословакияға 600 мың тонна астық жіберді. Жалпы КСРО-дан экспортқа жіберілген астық мөлшері 1,7 миллион тонна, яғни 1946 жылы дайындалған астықтың 10 пайызы болатын. КСРО-дан экспортқа шығарылған астық 1948 жылы – 3,2 миллион тонна болса,

ол 1952 жылы 4,5 миллион тоннаға жеткен [54]. Кеңес және компартия басшылары үшін өз халқының өлеуметтік жағдайынан гөрі, даңғазана-сихатқа негізделген сыртқы саяси «бедел» жинау амалы басты орында тұрды. Халықтың әл-ауқаты билікті ойландырмады.

Астық өндіруді қалай болғанда да көбейту үшін «шаруалардың астықты жаппай ұрлауынан» қорыққан үкімет жазалау шараларын күшейтуге көшті. 1932 жылғы 7 наурыздағы халық арасында «бес масақ туралы заң» аталып, қолданылып жүрген заңмен қатар, жазалаудың басқа әдістері қолданылды. Мысалы, 1945 жылы Солтүстік Қазақстан облысы бойынша астық ұрлағаны үшін 290 адам қылмыстық жауапқа тартылған, бұл барлық «қылмыскерлердің» 38,8 пайызы болатын [55].

1946 жылы КСРО Министрлер кеңесі 7 маусымда «Астықтың сақталуын қамтамасыз ету, оны шашып-төкпеу, ұрлатпау және бүлдіртпеу шаралары туралы», 25 қазанда «Мемлекеттік астықтың сақталуын қамтамасыз ету туралы» қаулылар қабылдады [56,с.41].

Күзде құрғақшылық салдарынан болған залал толық есептелгеннен кейін, астық ұрлауға қатысты деп саналған істерді соттар 10 күн ішінде қарап, 1932 жылғы 7 тамыздағы заң бойынша үкім шығарған. 1946 жылғы қараша айында Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитеті қарашаның бірінші бескүндігіндегі астық тапсыру жоспарын қарап, жоспарды орындамаған 416 колхоздың 102-сінің астық тапсыруға мүлдем қатыспағанын анықтаған. Астық дайындау кестесін бұзғаны үшін прокуратура органдары мен Ішкі істер министрлігі 231 адамды қылмыстық жауапқа тартқан. Оның ішінде: астық жинау мен астық дайындауды бұзғаны үшін – 24, астықты бүлдіргені және рәсуа еткені үшін 18, астықты ұрлап талан-таражға салғаны үшін – 189 адам жауапқа тартылды. 209 адам сотталып, оның 17-не 1932 жылғы 7-ші наурыздағы қаулы қолданылып, ату жазасына 2 кісі, 15 адам 10 жыл мерзімге бостандығынан айрылған [57,15 п.].

Мұндай қуғын дау шаралардың шектен тыс қатаңдығы экономикалық қажеттілікпен түсіндірілді. Ұрлық, мемлекет мүлкін меншіктеу, ысырап қылу немесе колхоздың, кооперативтің, басқа да қоғамдық мүлікті ұрлау 5 жылдан 8 жылға дейінгі мерзіммен еңбекпен түзету лагеріне қамау жазасы, сондай-ақ дүние-мүлкін тәркілеу белгіленді. Осылайша, Кеңес одағының ауыл шаруашылығы жаппай заңсыздық, адамдардың құқы мен бостандықтарын аяққа басып, қорлау жағдайына ұшырады. Мұның өзі халықтың тұрмысын өте ауыр жағдайға келтірді, колхоз-совхоз жүйесінің қайшылығын көрсетті. Астықтың шектен тыс қымбаттауы мен шаруалардың қосалқы шаруашылығының күйреуі себебінен, халық үнемі өсіп отырған салықты төлей алмады. Соғыстан кейін мемлекеттік және жергілікті салықтардың бірнеше түрі пайда болды. Мемлекеттік салықтың ең ірі екі түрі – ауыл шаруашылық және кіріс салығы еді.

Соғыстан кейінгі жылдары ауыл шаруашылығы салығынан басқа: бойдақтарға, жеке және шағын отбасына, балықшыларға, меншігінде жылқысы барларға салық салынды. Құрылыстан, жер рентасынан, колхоз базаларынан түскен бір жолғы қаражат, көлік, мал иелерінен түскен қаржылар, бұлардың бәрі жергілікті салықтарға жатты. Бұлардан басқа, селолық жердегі әр отбасы, әр шаруашылық амалсыздан салық төледі. Тіпті колхоздарда мал мен егінге ғана емес, тіпті жеміс ағаштарына да салық салынған. 1946 жылы шаруалардың қосалқы шаруашылығына салынатын салықты көбейту туралы үкімет шешімі қабылданды. 1948 және 1952 жылдары ауыл шаруашылығы салығы тағы өсті.

Жалпы алғанда, ауыл шаруашылығы салығының көлемі 1951 жылмен салыстырғанда 1952 жылы орта есеппен 1,5-2 есе өсті. Шаруашылықтар және жеке шаруалар 1952 жылы мемлекетке 8,7 миллиард теңге салық төлеген. Онсыз да титықтаған ауыл, село тұрғындарының әлеуметтік тұрмысы одан сайын нашарлады. В.Ф. Зиманың айтуынша, 40-шы жылдардың соңы мен 50-ші жылдардың басындағы салық мөлшері мен міндетті қамсыздандыру колхоз тұрғындарының күнкөріс кезі болған қосалқы шаруашылығын ұстауға да мүмкіндік бермей қойды.

Жетекші мамандардың есептеуінше, салынған әртүрлі салықтардың шамасы колхоздар мен совхоздардың және қосалқы шаруашылықтардың кірісінен екі есе артық болған. Сондықтан, мұндай ауыр салықтар толық төленбей, келесі жылға қарыз есебінде көшіп отырды. Осылайша, Қазақстанда да ауыл шаруашылық салығының берешегі жыл сайын өсіп отырған және бұл жаппай сипат алған. Мысалы, тек қана Плосский ауылдық кеңесіне қарайтын барлық 14 шаруашылықтың салықты уақытында төлеуден үмітсіз болғаны, тарихи әдебиетте көрсетілген [58, 7 п.].

Қорыта келгенде, 40-50 жылдары Кеңес Одағының ауыл шаруашылығы адамдарды қинау, қорлау, зорлық-зомбылық жасау жолымен қара жұмысқа жегу жағдайында дамуға тиіс болды. Әрине, әрқашан әділдік орнауға тиіс, халық мұндай жолсыздыққа көне бермейді.

Осы жағдайды кеш болса да түсінген Үкімет ауыл шаруашылығындағы жағдайды түзеуді көздеп, 1950 жылы партия-үкімет комиссиясын құрды. Комиссия колхоздардың жағдайын жан-жақты және терең зерттеп, алдағы жылдарға арналған байыпты шаралар жоспарын дайындауға тиіс болды.

Аграрлық саладағы әлеуметтік теңсіздік колхозшылардың еңбегін еңбек нәтижесіне емес тек қана еңбеккүн саны бойынша бағалау жүйесінен анық көрінді. Бұл жағдай колхозшылардың жұмыс сапасына емес, жұмыс еңбеккүн санына көңіл бөлінуіне өкелді. Нәтижесінде, аз еңбеккүнмен егіннен жоғары шығым алған шаруаларда материалдық қызығушылық болмады. Егіннің шығымын көтергені үшін төленетін қосымша төлем деп аталған шара да қалыптасқан жағдайды өзгерте

алмады. Өйткені, бұл төлем тек қана жоспардан тыс алынған өнімдер үшін берілетін еді.

Кеңестік аграрлық жүйенің тағы бір кемшілігі – еңбекке төленетін ақының звено мүшелеріне емес бригадаларға бөлуі еді. Еңбеккүндерді есептегенде тәуір звенолар бригадалардың ығында қалып, шығын қатарына жатқызылды. Еңбеккүнді барлығына бірдей, теңгермешілік жолмен есептеу адам құқын аяққа басудың нақты көрінісі болатын. Өнімсіз жұмыс істейтіндер басқаның есебінен күн көруіне жол берілді.

Еңбектің бұлайша әділетсіз бағалануы социалистік меншікке ұқыпсыз, салақ қарауға, еңбек өнімділігінің төмендеуіне және ұрлықтың көбеюіне жол ашты. Өнімді еңбегі үшін материалдық жағдайды жақсартудың орнына қуғын-сүргін күшейтілді.

Министрлер Кеңесі мен БК(б)П Орталық комитетінің қаулысымен колхозда тәртіпті күшейту үшін: колхоз меншігін талан-таражға салуға, еңбеккүнді ұрлауға және колхоз кірістерін қате таратып бөлуге, аудандық және басқа ауыл шаруашылық қызметкерлердің тарапынан қызметті теріс пайдалануға, колхоз жерлерін талан-таражға салу қарсы қатаң шаралар қолдану көзделді.

КСРО Министрлер Кеңесі мен БК(б)П Орталық Комитетінің «Колхоздағы ауыл шаруашылық артелінің жарғысын бұзуды жою шаралары туралы» қаулысын орындау барысында Солтүстік Қазақстан облысында жарғыны бұзудың мынадай фактілері анықталғаны туралы дерек бар: 238 колхозда еңбеккүн дұрыс есептелмеген, 130 колхозда ешқандай қатысы жоқ деп есептелген төлемнен алынып тасталған, колхоздардың үй жанындағы жерлерінің мөлшері белгіленбеген. Бұл қаулы да колхоздағы еңбекті дұрыс бағалауға жол аша алмады және шаруаларға қысым жасау жалғаса берді. Мысалы, 1947 жылғы ақпанда 72 шаруаның меншігінен 7 гектар жер қайтарылып алынған.

Жергілікті басшылық органдары колхоз өндірісін экономикалық жағынан ынталандырудың орнына өкімшілік шаралар енгізіп, «кінәлілерді» іздеуге кірісті. Солтүстік Қазақстан облысында 615 колхозшы тәртібін түзету қажеттілігі туралы ескерту алды. Алайда, ІХ облыстық партия конференциясында облыстық басқармасының бастығы Волков жекелеген колхозшыларға қолданылған әділетсіздікті атап көрсетіп, Соколов ауданындағы «Дозор Ильича» колхозының колхозшысы Крестін, Совет ауданындағы «Баян» колхозынан бригадир Бекішевтің тағы басқалардың жазықсыз жапа шеккенін жазды [59, 11 п.].

Белгіленген еңбеккүн мөлшерін орындамағаны үшін колхозшыларды қылмыстық жауапкершілікке тарту шарасы 1954 жылға дейін жойылмады. Билік оның сақталуына мүдделі болды. Зерттеуші атап көрсеткендей, сол жылдардағы «қуғын – сүргіннің мақсаты халықты қорқыту, колхозға қарсы өршіп келе жатқан наразылық қозғалыстың бетін қайтару, онсыз да аш-жалаңаштарды тегін жұмыс істеуге көндіру» болатын.

Аграрлық саясатты жүргізудің маңызды тетігі колхоз басқармаларын дұрыс іріктеу және оларды «бағыттау» болды. «Колхоздардың мемлекетке астық тапсыру нормаларын орындауы көбінесе колхоз басқармаларына байланысты еді» деген көзқарас үстем болды. Басқарма колхоздың жалпы жиналысында «сайланғанымен» шын мәнісінде оны тағайындайтын аудандық партия комитеті еді. Колхоз басшыларын «жоғарыдан» тағайындау тарихи шындық екеніне көз жеткізу қиын емес. Осылайша сөз жүзінде «өз Жарғысы негізінде ұйымдасып басқарылады» деп жарияланған ұжымдық шаруашылық демократиясы туралы қағиданы көпе-көрнеу аяққа басып, мемлекеттің колхоздардың ішкі ісіне орынсыз араласуы келеңсіз зардаптарға әкелді. Басқарма төрағаларының колхозшылар алдында есеп бермеуі, қаржыны, мүлікті және өндірілген өнімді өз бетімен, өз қалауына ұстауы шаруашылықты жүргізуге кедергі болды. Колхоз басшылары адамдардың тағдырын өз еркімен шешуге, тіпті тұрған жерінен басқа жаққа көшіруге дейін құзырлы болды. Еңбеккүнге берілетін астық мөлшері, шаруалардың жеке табысының мөлшері де соларға байланысты еді.

Көптеген аудандарда колхозшылардың колхоздағы еңбек өнімділігінің олардың қосалқы шаруашылығындағы еңбегінен кем болмауы билік басындағыларды қатты алаңдатты. Билік колхоз еңбеккерлері мемлекет меншігінен қарағанда өздерінің қосалқы шаруашылықтарына қатты көңіл беледі деп күдіктенді. Осы айтқанды тақырыпқа қатысты кеңестік тарихнама дәлелдейді. Компартияны салық мөлшерінің шынайы өмірімен сәйкеспейуі ойландырмады.

Халық шаруашылығының соғыстан кейінгі қабылданған даму жоспарында аграрлық саясат бұрмаланды. 1946-1950 жылдардан бастап егін шаруашылығы мен мал шаруашылығын толық қайта құрып қана қоймай, ауылшаруашылығы өндірісінің мөлшерін соғысқа дейінгі деңгейіне жеткізу көзделді. Бесжылдық жоспарда еліміздің аграрлық сектордағы өнімнің 1940 жылмен салыстырғанда 27 пайызға өсуін, бесжылдықтың соңында астық жинауды 127 млн. тоннаға, қант қызылшасын 26 млн. тоннаға, шикі мақтаны 3,1 млн. тоннаға, құнбағысты 3,7 млн. тоннаға жеткізу қарастырылды [60, сс.147-148]. Осы межеге сәйкес 1949-1950 жылдар аралығында ауыл шаруашылығын дамытуға барлығы мемлекеттен 116,4 млрд. сом қаржы бөлінуге тиіс болды. Бұл, әрине өте үлкен міндет еді. Алайда мемлекеттік жоспарда көрсетілген ірі-ірі шаралар колхозшылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуды көздемеді. Соғыстан кейінгі бесжылдықтың басында еңбеккүн есептеу тәртібі, сонау 1933 жылғы баға негізінде жүргізіліп келген болса, аграрлық саладағы өзгерістер есепке алынбай, кейін де сол күйінде қала берді.

1948 жылғы 19 сәуірдегі КСРО Министрлер Кеңесінің «Колхоздағы еңбекті ұйымдастыруды жақсарту, өнімді көтеру және тәртіпті нығайту шаралары» туралы қаулысы қабылданды. Бұл қаулы ауыл

шаруашылығында негізгі және қосымша жұмыстарға шамамен белгіленген жаңа өнімділік нормасын және бірыңғай бағалауды бекітті. Жаңа нормалар бұрынғылармен салыстырғанда 12-30 пайызға дейін өсіре жоспарланды. Алайда бұл нормалар да колхозшылардың материалдық сұраныстарының деңгейіне сәйкес келмей, талай рет халық наразылығын туғызды. Еңбеккүннің мейлінше төмен бағалануы еңбекке деген ынтаны әлсіретті.

Ол кезде колхозшылардың кәсіби біліктілігі күн-көріс дағдысынан аспай, техниканы қолданатын мамандықтарға үйрету жаңа ғана басталған болатын. Еңбек өнімділігінің төмендетілген нормасы, тиісінше, есептелетін еңбеккүн шамасының азаюына әкеліп соқты. Тіпті, кеңес экономикасын дәріптеуші ресми басылымдардың хабарлауынша, 1947 жылы еңбеккүннің белгіленген ең төменгі мөлшерін орындамаған колхозшылардың саны 20-25 пайызға жеткен [61]. Ақысы аз, уақыты шектелмеген ауыр жұмыс, соның нәтижесі болып табылатын қиын тұрмыс, бірінші кезекте ауыл, село халқының қалаларға көшу үрдісіне себеп болды. Сөйтіп, 1949-1950 жылдары еңбекке жарамды колхозшылар саны 3,3 млн. адамға азайған.

Билік партияның ауыл шаруашылығына арналған нұсқауларын сөзсіз іске асыруға қабілетті аграрлық интеллигенцияның маргиналдық тобын жасауға ұмтылды. Жаңа топ билік аппараты мен шаруалар арасын байланыстырушы буын болуы тиіс еді. Сөйтіп, ауылдағы зиялы қауымды жан-жақты қолдау жөнінде арнайы қаулылар қабылданып, оларды экономикалық жағынан қамтамасыз ету көзделді. 1945 жылғы қазан айында БК(б)П Орталық Комитетінің тапсыруымен «Ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін және селолық жерде тұратын агроном, зоотехник, мал дәрігерлері мен жер құрылысшыларының тұрмыс жағдайын жақсарту шаралары туралы» жоба дайындалған болатын. Жоба селолық жаңа элитаға үй жанындағы жер телімдерін 0,15 гектардан 0,25 гектарға дейін көбейтіп, интеллигенттерді мемлекетке картоп тапсырудан босатуды, әжептәуір үстеме жалақы төлеуді, күнкөріс және тұрмыстық тауарларды арнайы бөліп сатуды көздеп, олардың ауылда қалуына жағдай жасауға бағытталған басқа да шаралар қабылдады. Зоотехниктер мен мал дәрігерлеріне және құрылысшыларға тұрғын үй салып алуы, қосалқы шаруашылығын дамыту үшін несие бөлінді. Оларға бір сиыр сатып алуға рұқсат берілді.

Соғыстан қайтқан жауынгерлер есебінен колхоз халқының саны 1945-1947 жылдары 1,9 миллионға көбейді. Алайда, статистикалық мәліметтер 1948 жылдың ортасында колхоз тұрғындарының азайғанын байқатады. Әсіресе, соғыс қимылдары болып өткен аймақтарда адам саны аз болғандықтан, колхоздар тұралап қалды, тіпті жойылып кетті. Сол жылдары ауыл шаруашылығында еңбек ететіндердің селоны тастап қалаға көшу үрдісі байқалды. Ауылдағы демографиялық жағдай қиындады. Шындығында ауыл, селодан жаппай көшу мем-

лекеттің әлеуметтік және экономикалық саясатына үнсіз қарсылық көрсету болатын. Халықта басқаша таңдау қалмады. Қалаға көшу үрдісі аграрлық өндірісті түбегейлі түрде күйретуі де мүмкін еді. Әсіресе 20-29 жастағылар ауылдардан қалаларға ағылды. Еңбекке қабілетті топтан айрылу ауылдың экономикалық және әлеуметтік дамуын тежеді. Білімді әрі тәжірибелі мамандар қалаға тез бейімделіп, жоғары еңбекақы алудан үміттенді.

Селоға қарағанда қалалардың азық-түлікпен жақсырақ қамтамасыз етілуі де халықтың қалаға көшуінің бір себебі еді. КСРО Министрлер Кеңесі мен БК(б)П Орталық Комитетінің 1946 жылғы 27 қыркүйектегі «астықты тұтынудағы үнемділік туралы» қаулысында селолық жерлерде нанды карточкамен алатын азаматтар санын қысқарту шаралары белгіленген болатын. Қаланың жұмыс істемейтін ересек азаматтарының бір бөлігі және қамқорлықтағы жандар паек есебінен шығарылып тасталды [62, с.277].

Селодан келгендердің көпшілігі өндіріс орындарына орналасуға ұмтылды. Сөйтіп, селодағы демографиялық тепе-теңдік бұзылды. Тарихи әдебиеттерде еңбекке жарамды шаруалардың саны Ресейдің көптеген аймақтарында 1949-1951 жылдары төрттен бір есеге азайғаны көрсетілген. Зерттеушілер 12-16 жас аралығындағы жасөспірімдер кәсіптік білім беру жүйесі мен фабрика-зауыт мектептеріне оқуға кетуі де ауыл тұрғындарының санын кеміткенін айтады [63, сс.96-97].

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1940 жылғы 2-ші қазандағы «КСРО-ның мемлекеттік еңбек қорлары туралы» Жарғысы бойынша колхоздар мобилизация тәртібімен 14-15 жастағы 2 жас жігітті қолөнер кәсіптік және теміржол училищелеріне міндетті түрде жіберуге тиісті болды. Және де жыл сайын колхоздардан 16-17 жасар бір жігіт қаладағы ФЗО мектебіне жіберілетін. Село жастарының саны азаюын болдырмас үшін, мұндай мобилизациялық тәртіп 1955 жылы күшін жойған. Соған қарамастан, 1948 жылдың басынан өндіріс орындарында жұмысшылар саны артып, селодан келушілер тасқыны тоқтамады.

50-ші жылдардың басында колхоздар мен совхоздардан кеткен халықтың біразы бүкілодақтық бағдарлама бойынша ауыл шаруашылық дақылдардың шығымын тежейтін аңызақ жел зардабына қарсы мемлекеттік орман алқабын жасау және Еділ бойындағы, Солтүстік Кавказдағы, Орталық – Қаратопырақты облыстарда, оңтүстік Украина мен Қырымда топырақтың құнарлы қабатын сақтау үшін суармалы егістік жүйесін құру жұмыстарына жұмылдырылған [54].

Аграрлық саланың соғыстан кейінгі жылдарына шолу жасайтын болсақ, маусымды жұмыстар кезінде МТС-тарда техниканың тоқтап тұрғаны, көптеген станцияларда екі маусымды жұмыс ұйымдастырылмағаны байқалады. Мұның мәнісі көптеген МТС-тарда техниканы сақтайтын және жөндейтін арнайы орындар болмады, жанар-

май ысырабы орын алды. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысында Совет МТС-сы 1950 жылғы жұмыс жоспарын 72 пайызға, Коновалов МТС – 75, Ленин МТС – 76, Торанғұл МТС 78 пайызға орындаған. Тек қана 1951 жылдың бірінші жартысында ғана трактор жұмыстарының жоспары орындалмай, зиян 60 мың трактор-тәулікке жеткен. Әр тракторға шаққанда жұмыс өнімділігі 461 гектарға ғана жеткен. Облыстың МТС-тары бойынша 1950 жылы барлық тракторлардың 22 пайызы ғана маусымдық өндірістік тапсырмаларын орындаған. Кеңес Одағы бойынша МТС-дың 26,8 пайызы жер жырту жоспарларын қамтамасыз етпеген. Қоғамдық мал шаруашылығына жем-азық дайындауда көптеген кемшіліктер орын алып, мал азығын дайындау жоспары тек 39,3 пайызға ғана орындалған [59, 16 п.].

Мал азығы қорының жеткіліксіздігінен, мал шаруашылығын дамыту бағдарламасы орындалмады. Алайда, мемлекет МТС жұмысын түбегейлі жақсарту алмады. Олардың колхоздардан дербес болуын ауыл шаруашылығын басқарудың тағы бір тиімді тетігіне айналдыру туралы теріс бағыт ұсталды. Сондықтан, колхоздардың МТС атқарған жұмыстардың өтеміне төлеу деген сылтаумен, мысалы, 1940-шы жылдары мемлекетке астық тапсыру жоспары 75-85 пайыз деңгейінде ғана орындалды. Техникамен атқарылған жұмыс үшін төлем мөлшері шаруашылықтың экономикасына қарай емес, сол колхоздағы сол жылғы астықтың шығымдылығына қарай белгіленді. Сөйтіп, еңбекке ақы төлеу тәртібі мүлде бұрмаланып, кеңестік ауыл шаруашылығы экономикасы құлдырай берді. Осындай жағдайда 1940-1950 жылдар аралығында ауыл шаруашылығын реформалаудың қажеттілігі қатты сезілді. Колхоздарды ірілендіру арқылы өндіріс құралдарын қоғамдастыру саясаты және ұсақ шаруашылықтарды тарату жоспары жүзеге асырыла бастады.

Сөйтіп, мемлекеттік билікті одан әрі күшейтіп, аграрлық саланы бір орталықтан басқару басымдық алды. Әрбір аймақтың ерекшеліктері ескерілмеді және колхозшылардың тілегімен санаспай, (елді-мекендердің бір-бірінен алшақтығы, жердің өте көп болуы, өндірістік мамандықтардың өртүрлілігі) орталықтандырылған басқару жүзеге асырылды. Өйткені көптеген колхоздар үш-бес және одан да көп ұсақ дербес шаруашылықтардан құралып, бір-біріне 7-10 шақырымға және одан да қашық орналасқан, жол қатынасы нашар, әлжуаз жасанды бірлестіктер еді.

Колхоздар игерілген және келешекте игерілуге тиіс жерлерден мемлекетке астық тапсырып тұруға міндетті болды. Ал бұл жағдай колхозшылардың еңбеккүніне жалақы ретінде берілетін астық мөлшерін едәуір азайтты. Соғыстан кейінгі жылдары, жері ауқымды шаруашылықтар жұмысшы күші мен техниканың жетіспеушілігінен егін алқаптарын сапалы және толық өңдей алмайтын. Сөйтіп мемлекетке

астық тапсыру жоспарын орындаған күннің өзінде колхозшылар жа-
лақысыз қалатын.

1940-1952 жылдары КСРО-да ауыл шаруашылығының дағдарысты
жағдайына байланысты қырықтан астам нормативтік, заңнамалық құ-
жаттар мен қаулылар қабылданды. Бірақ олар да шаруашылықты жүр-
гізуге және жіберілген қателіктерді түзетуге қабілетсіз болды. Әдеттегі-
дей, қатардағы колхозшылардың жеке мүддесі еленбеді, материалдық
тұрғыда ынталанбады. Колхоздарды ірілендіру шараларының ауыл
шаруашылығына келтірілген зиянын зерттеуші В.Ф.Зима «1930-шы
жылдардың басындағы күштеп ұжымдастырумен» салыстырады [64].

БК(б)П Орталық Комитетінің 1950 жылғы 30 мамырдағы «Ұсақ
колхоздарды ірілендіру және бұл істегі партия ұйымдарының міндет-
тері туралы» қаулысы бойынша «партия ұйымдары қоғамдық шару-
ашылықты ілгері дамыта алмайтын және ауыл шаруашылық техни-
касын меңгеруге қабілетсіз ұсақ колхоздарды ірілендіруге міндетті»
болды. Әдеттегідей, жалаң ұранмен қаруланған белсенділердің кү-
шімен партия шешімі белгіленген мерзімінен бұрын, яғни 1951 жыл-
дың өзінде іске асырылды. Халық арасында қаулыны кеңінен түсіндіру
жұмыстары жүргізілмеді. Билік басындағылар жергілікті жағдайды
білмеді, ауыл, село тұрғындарының пікірімен санаспады.

Елде 1949 жылы 254 мың колхоз болса, ірілендіру нәти-
жесінде олардың саны 121 мыңға азайған. Қазақстанда 1950
жылдың соңында колхоздар саны 6737 болса, олар екі еседей
қысқарып, барлық колхоздардың жартысы ғана қалған. Сөйтіп,
бас-аяғы бір жылдың ішінде колхоздар саны КСРО-да екі есе, ал
Қазақстанда екі есеге жуық қысқарды.

Ауыл шаруашылығындағы мұндай жедел ірілендірудің нәти-
жесі зиянға әкеліп соқты. Кейде әлсіз колхоздардан құтылу үшін
оларды тиімді совхоздарға қосуға ұмтылу тәртібі негізгі принципке
айналды. Осының салдарынан іріленген шаруашылықтарда жұмыс
сапасы нашарлады, өндірістік көрсеткіштер төмендеді. Ірі өндірістің
артықшылығы нақты нәтижелермен емес, жалаң насихат, үгіт түрінде
түсіндірілді. Өйткені, сол кездегі өктем идеология бойынша «коммуни-
стік партия мен кеңес үкіметі ешқашан, ешбір жағдайда қателеспейді»,
яғни «партия айтты, бітті, орындалды!» деген қағида бұқара санасына
күн сайын, сағат сайын сіңіріліп отыратын. Шынайы жағдай есепке
алынбайтын. Демек, аталған реформа да осындай ұранмен жүргізілді.
Кейбір жерлерде өте ірі, басқаруы қиын совхоздар құрылып, кейінен
оларды қайтадан ұсақтауға тура келгені тарихта мәлім.

Ұсақ колхоздарды біріктіргенде отызыншы жылдардың басын-
дағыдай, ортақ малды жаппай сойып алу фактілері орын алған. Бұл
кұбылыс кең таралғаны соншалық, партияның Орталық Комитеті де
алаңдаушылық білдіріп, арнайы нұсқау беруге мәжбүр болған. Мы-
салы, 1950 жылғы 31 шілдеде шағын шаруашылықтарды ірілендіру

жұмыстарын жүргізуге байланысты колхоздарда мал басын сақтау жөнінде арнайы қаулы шықты [61]. Зерттеу мәліметіне қарағанда, 1952 жылы ғана ірі қара малдың жалпы саны 2,2 миллионға азайып кеткен, оның ішінде сиыр саны 550 мыңға кеміген. Свердлов облысында 1950 жылдың 8 айында 18,6 мың ірі қара, 33,6 мың қой, 33,3 мың шошқа шығым болған [54, с.17]. Солтүстік Қазақстан облысындағы Ленин ауданында 1952 жылдың алты айында барлығы 10 532 мал кеміп, оның ішінде әрбір жүз аналықтан алынған бұзау саны 36,6 пайыз, козы – 36,6 торай -18,6, құлын – 4,9 пайыз болған. 27 колхоздың 13-де жаңа туған қозының тең жартысы, тоғыз колхозда бұзаулардың үштен екісі қырылған. Нәтижесінде 1952 жылы облыс колхоздары жүз сиырдан 45 бұзау, жүз саулықтан 35 қозы ғана алған [65, 10 п.]. Бұл орасан зор кемшілік еді. Әлбетте, мемлекет мұндай көріністің астарынан қылмыстық әрекеттер іздеп, «социалистік меншікке салақ қараудың» себебі еңбек тәртібінің бұзылуынан, «санасыз іс-әрекеттерден» деп түсіндірді. Жағдайды түзеуге қажетті экономикалық шаралар жүргізудің орнына, қылмыстық қудалау, әкімшілік немесе тәртіптік жазалау белең алды, насихат жұмыстары күшейтілді.

1950 жылы КСРО Министрлер Кеңесі мен БК(б)П Орталық Комитетінің «Партия және кеңес ұйымдарының колхоз басқармалары және басқа да колхоз басқарушы қызметкерлерінің құрамын нығайту жөніндегі міндеттері туралы» қаулысы қабылданды. Оның мақсаты жағдайды жедел түзету үшін колхоз мен совхоз басшылығын одан әрі күшейту болды. Аудандық партия комитеттерінің аппаратын, селолық партия ұйымдарының қызметкерлерін жаңарту үшін жас мамандар жіберілді. Колхоз басшыларының қатары белсенді коммунистермен толықтырылды. Мысалы, колхоз басқармасы төрағаларының 79 пайызы партия мүшелері мен мүшелікке кандидаттар болғаны туралы мәлімет бар. Бұл шаралар КОКП-ның ауыл шаруашылығын толықтай бақылауға алуға деген ұмтылысын көрсетеді. Қоғамдық меншікті жеке меншіктен жоғары қоятын маркстік идеология, шын мәнінде мемлекет экономикасының мүддесіне қызмет еткені осыдан ақ-көрінеді. Айталық, төртінші бесжылдықта ауыл шаруашылығында мемлекеттік сектор бірталай ұлғайып, 1946 – 1950 жылдар аралығында елімізде совхоздар саны 4,2 мыңнан 5 мыңға дейін, ондағы жұмысшылар саны тиісінше 1,4 миллионнан 1,7 миллионға өскен. Совхоздардың жұмысшылар саны негізінен колхоз шаруалары есебінен толықты.

1940 жылдардың соңы мен елуінші жылдардың басында БК(б)П Орталық Комитетінің 1950 жылғы 30 мамырдағы қаулысымен ұсақ колхоздарды ірілендіру және партия ұйымдарының атқаратын айрықша міндетіне айналды. Бұл мәселе бойынша қазіргі зерттеушілердің көпшілігінің пікірі бір жерден шығып, олар бұл шараның колхоз шаруаларының күн көрісін қиындатқанын айтады. Марксизм-ленинизм қағидаларына сәйкес, жеке шаруа жеріндегі еңбек өндірістің

социалистік «түріне» жатпағаны мәлім. «Коммунистік партияның Манифесінде»: «Коммунистердің ең бірінші және басты міндеті жеке меншікпен күресу және оны жою» деп жазылған болатын [66, с.12]. Кеңестік билік жағдайында бұл қағида бұлжымай орындалуға тиіс еді. Колхоздардың құрылуы, сонау жиырмасыншы жылдардың аяғында басталған «Ортақтандыру саясаты» компартияның аграрлық саладағы саясатының негізгі ұстанымы болды. Алайда, ауыл шаруашылығында жеке меншікті мүлде жойып жіберу мүмкін емес еді. Сондықтан, кеңес билігіндегілер шаруалардың аз да болса меншігінде мал ұстауына, үй іргесіне бау-бақша егуіне мүмкіндік беруге мәжбүр болған. Тарихи әдебиеттерде колхоз-совхоз жүйесі жағдайындағы шаруашылық жүйесінде шаруалардың қосалқы шаруашылығы шынында да екі жақты сипатқа ие болғаны нақты көрсетілген. Оның өзінде жеке меншіктегі мал мен бау-бақша елдің азық-түлік қорын толтырады, балаларды еңбек дағдысына «тәрбиелеп», үлкендердің «бос уақытын» еңбекпен өткізуіне себепкер болуы үшін ғана рұқсат етілген, деген насихат басым еді.

Шаруалардың қосалқы шаруашылығы туралы мемлекет саясаты 1935 жылғы ауыл шаруашылық артелінің жарғысында, БК(б)П Орталық Комитетінің «Колхоздардың қоғамдық жерлерін ысырап қырудан қорғау шаралары туралы» 1939 жылғы мамырдағы қаулысында, КСРО Министрлер Кеңесі мен КОКП Орталық Комитетінің «Ауыл шаруашылық артелінің Уставын бұрмалауды жою шаралары туралы» 1946 жылғы қыркүйектегі қаулысында, тағы басқа ресми құжаттарда көрініс тапты. Оларда қосалқы шаруашылықтың тиімділігінің уақытша екендігі, уақыт өте келе оның жойылатыны айтылды.

Кеңестік-коммунистік билік жыл өткен сайын ауылдағы жеке меншікке шүйліге түсті. Соғыс жылдары колхозшылардың үй жанындағы жер телімдері тартып алынып колхоз жеріне қосылды. Курск, Орел, Воронеж және Тамбов облыстарында 100 мың гектарға жуық жер заңсыз пайдаланған деп табылып, тартып алынды. Мұндай жағдай Қазақстанда да байқалған. 1949 жылы Солтүстік Қазақстан облысындағы Совет ауданының колхоздарында әртүрлі мекемелер мен адамдардың 1957 гектар колхоздың қоғамдық жерін 237 адам заңсыз басып алғандары белгілі болды. Еңбеккүн минимумын орындамаған, тіпті колхозда жұмыс істемегендер үйлерінің жанында 0,4 гектардан бір гектарға дейін жер телімдерін иеленген, жеке шаруашылықтарында жарғыда көрсетілген мөлшерден артық сиыр, қой, құс, ұстаған.

Соғыстан кейінгі жылдары колхозшылардың үй жанындағы жер телімдері бірқатар ұлғайған болатын. Мемлекеттің жеке меншіктегі дақыл мен картоп өнімі колхозшыларға қосымша көмек береді деген үміті ақтала бастаған. Сонау 1940-1945 жж. колхозшылардың дөнді дақылдар еккен үй жанындағы жер телімдері 0,9 гектардан 1,6 гектарға дейін өскен. Соғыстан кейінгі аграрлық дамуды зерттеуші И.М. Волков

1972 жылы КСРО колхозшыларының шаруашылықтарындағы 1941-1951 жылдар аралығындағы мал санының өзгерісіне талдау жасап, жеке меншіктегі малдың саны бесжылдықтың соңында соғысқа дейінгі мөлшері жете алмағандығын дәлелдеген. Деректерде «Колхоз шаруашылығы соғысқа дейін мал шаруашылығының өнімдерінің негізгі бөлігін беріп отырды» – деп те жазылған. Демек, ауыл, село тұрғындары өздерін іргедегі жер телімдерінен алынған азық-түлікпен асырап, өмір сүрген.

1946 жылы қыркүйекте КСРО үкіметінің жанынан колхоз істері жөніндегі кеңес құрылды. Кеңестің міндетіне ауыл шаруашылық артелі жарғысының орындалуын бақылау, колхозды құқық бұзудан сақтандыру, колхоз құрылысы мәселелерін шешу кірген. КСРО Министрлер Кеңесінің 1946 жылғы қазанда бекіткен Кеңес туралы арнайы Ережесінде жаңа органның мақсаттары, құқықтары және міндеттері нақты белгіленді. Ереже бойынша құрылған Кеңес колхоз табысының дұрыс бөлінуін қадағалап қана қоймай, оларды жергілікті басшылардың қиянатынан қорғауы тиіс болды. Бұл – биліктің жергілікті өзін-өзі басқаруды бұрынғыдан да көбірек шектеуге ұмтылғанын көрсетеді. Кеңес өкілдері жергілікті жерлерде заң бұзушыларды жауапқа тартуға құқылы болды.

Ауыл шаруашылығы саласында мемлекет билігінің күшеюі, әсіресе, жоспарлау жүйесінен анық көрінді. Мемлекетке белгілі бір мөлшерде азық-түлік және шикізат алуға кепілдеме қажет болды. Осы мақсатта астық егу мен мал басының ең жоғары мөлшері белгіленіп отырды. Алайда, ауылшаруашылығы саласын орталықтандыру соғыстан кейінгі кезде де сақталды. Ақпарат құралдары, партия, комсомол, кәсіподақ ұйымдары күн сайын, сағат сайын бесжылдықтардың тарихи маңызын насихаттап жатты. Жоспарды орындамағаны үшін қолданылатын өкімшілік жазаны айтпағанда, социалистік шаруашылыққа зиянкестік жасаған деген қылмысты айып тағылатын еді.

Сөз жүзінде колхоз өндірісін жоспарлау төменнен басталып отырды. Колхоздар жыл сайын өздерінің келесі жылға арналған негізгі көрсеткіштерін жоспарлап, аудандық ауыл шаруашылық органдарына тапсыруға міндетті болды. Солардың негізінде аудандық, облыстық және республикалық жоспарлар жасалған. Алайда, колхозшылардың ұсыныстарына билік өз қалауымен «түзетулер» енгізіп отырған. Осылайша КСРО-да ауыл шаруашылығының қағаз жүзінде «төменнен» ұсынылғанымен, іс жүзінде жағдай басқаша болды. БК(б)П Орталық Комитетінің 1947 жылғы ақпан Пленумы 1947 жылдан бастап егіс алқаптарында дақылдардың әр түрі бойынша жеке жоспарлау тәртібін қайта құруды ұсынды. Сөйтіп колхозшылардың ұсынысын шектеді. 1947 жылғы сәуірде бұл Пленумның шешімі КСРО Министрлер Кеңесінің «Колхоздарда дөңді дақылдар егуді жоспарлау тәртібі туралы» қаулысымен заңдастырылды [61]. Бұл құжат әр дақылға

міндетті жоспар бекітіп, «жеке дақылдарды егудің дұрыс сәйкестігін байқауға» мақсат қойды. Мемлекет бидай мен арпаға басымдық бере отырып, дөңді дақылдарды жинауды түгелімен өз бақылауына алады. Сөйтіп, колхозшылар үшін маңызды әрі пайдалы дақылдарды өз қалауынша егуіне шек қойылды.

Соғыстан кейінгі кезеңдегі экономикалық қиыншылықтар аграрлық саясаттың шынайы өмір талабына қайшылығынан екені байқала бастады. Ауыл мен селоға мемлекеттік қысымның жасалуы компартия жетекшілерінің марксистік пиғылынан туындады. «Тап жауларын» әшкерелеу психологиясы белгіленген норманы орындамаған тұлғаны қылмыстық жауапкершілікке тартты. Сөйтіп, жазықсыз жандар 6 айға дейін еңбекпен түзету жұмыстарына жіберіліп, еңбекақысының төрттен бір бөлігін колхоз пайдасына «төлеп» тұруға тиісті болған.

Колхозшылардың төлқұжаттары болмағандықтан, олар іс жүзінде жұмыс таңдау құқығынан айрылды.

Алайда, колхоз жүйесінің негізгі кемшілігі – шаруалардың еңбегіне лайықты ақы төлеуге қабілетсіз болуы еді. Оның себебі – колхоздарға мемлекет міндеттеген салық мөлшерінің нақты мүмкіндіктен, шамадан тыс болуынан деп нақты айта аламыз. Колхоз тұрғындары қажып, қалжырап, ауыр бейнетпен мемлекеттік жоспарларды әзер орындаған. Колхоз мемлекетке барлық міндеттемелерін тапсырғаннан кейін, қалған қалдық мөлшеріне сай еңбеккерлердің ақысы «төленген». Шын мәнісінде, «мемлекеттік міндеттемені» орындауға шамасы жетпей, «колхоз құрылысына социалистік меншікке зиянкестік жасады» деген айып тағылып, сотталып кете барған жазықсыз жандар қаншама!

Кеңестік билікті «социалистік құрылысты» нығайту ісі ғана қызықтырып, халықтың әлеуметтік тұрмысы, адам құқығы соңғы орында қалды. Нәтижесінде өрескел заңсыздықтар орын алды. Қағаз жүзінде «еңбекші шаруалардың» жағдайын жақсарту шаралары жазылғанымен іс жүзінде кедейшілік асқындай берді.

Жеке партияның үстемдігін жеке адамға табыну арқылы нығайта түсуді көздеген өкімшілік-өміршіл басқару жүйесінің Кеңес Одағы сияқты алып мемлекетті қандай жағдайға жеткізгенін тарих жан-жақты талдап, бағасын берді. Бір ғана сөзбен тоталитаризм деп аталған мемлекеттік басқару жүйесінің азаматтардың құқығы мен бостандығы, демократия, пікір алуандығы, тіршілік формасын таңдауы деген түсініктерден мүлдем ада болғандығы қоғамдық ғылымдарда толық дәлелденген. Тоталитаризм мемлекет пен қоғамның барлық саласына ауыр зардаптар әкелді. Соның ішінде адамдардың тіршілік көзі болып табылатын азық-түлік қорын қамтамасыз ететін аграрлық сала да жаппай бақылау, қудалау салдарынан зардап шекті. Белгілі дәрежеде тақырыбымызға қатысы болғандықтан, төмендегідей ерекшеліктерін талдау арқылы кеңестік тоталитаризмнің мәнін түсіндіре кетсек артық болмас. Сонымен тоталитаризм дегеніміз:

Қоғамдық жүйе ұжымдық мақсатқа, көсемге бас ұрып, ресми идеологияға бағынған қоғам мен жеке адамға билік тарапынан қатаң бақылау қойылған мемлекеттік құрылыс. Тоталитарлық режим жағдайында мемлекеттің бүкіл билігі көсем бастаған (диктатор) аз ғана топтың қолына өтеді, демократия принциптері аласталып, азаматтық қоғам жойылады, адамдардың құқығы мен бостандығы аяққа тапталды, күштеу, қорқыту, үрейлендіру, бұйыру тәсілдері арқылы адамдар рухани езгіге салынып жанышталады. Қоғамның барлық саласы түгел, оның ішінде әрі адамның жеке тіршілігі, отбасы бәрі мемлекеттің «аша – алақанында, жұмса – жұдырығы болады.

Егер демократиялық жүйеде халық биліктің қайнар көзі болатырып, мемлекеттік басқаруға тікелей араласса, өкімшіл-әміршіл басқару жүйесінде мемлекеттік меншікке негізделген қатаң орталықтандырылған экономика мен партиялық-бюрократтық басқару орнаған. Мысалы, 1940 жылдары Одақ көлеміндегі республика және облыс басшыларының 21 пайызын және түрлі саладағы басшылардың 56 пайызы жоғарғы, тіпті орта білімі болмағаны ақиқат. Тіпті еш жерде оқымағандары да кездескен [59, 52 п]. Басшыларды іріктеудің басты өлшемі кәсіби біліктілік, білімділік емес, тек қана жоғарыдан келген тапсырманы мүлтіксіз орындаушылығы болған.

Кеңестік тоталитарлық қоғам компартия қатарына кіргендерді бағалы сыйлықтармен марапаттау, қызметке тарту арқылы өз саясатын шебер жүргізді. Номенклатуралық қызметкерлер жоғары, төмен көтеріліп, партия органдарынан шаруашылық органдарына ауысып отырған. Егер біз жоғарыда нақты мысалдармен дәлелдеп, кеңестік аграрлық саясаттың түбірімен теріс екендігін еске түсірсек, осының өзі, ең алдымен, ауыл шаруашылығын жоспарлау, бағыттау, басқару ісіндегі кадрлардың біліксіздігінен екеніне сенуге тиіспіз. Шынында солай еді. Жергілікті жерден бастап, Мәскеудегі орталыққа дейін, аграрлық саланы билегендер қоғам және табиғат заңдылықтарын, ауа райының, жердің, онда өсетін өсімдіктер мен жан-жануарлардың ерекшеліктерін жете білетін нағыз мамандар болмағанын дәлелдеу қиын емес.

Экономиканы саясаттандырып, оның игілігін көруге тиіс адамдардың мүддесін ысырып тастап, даңғаза идеология, қайдағы бір «Кеңестік артықшылықты» насихаттау мүддесіне бағындыру үрдісі енді қайталанбауға тиіс. Ғылымға, диқандар мен малшылардың ғасырлар бойы жинақтаған бай тәжірбиесіне негізделген, байыпты, ұзақ мерзімге арналған болжамды аграрлық саясат қана мемлекеттегі адамдарға қызмет етеді.

Ауыл тұрғындарының әлеуметтік қорғалмауы салдарынан жаппай қалаға көшу ағымы орын алған. Сөйтіп, 1940-50 жылдары елдің ауыл шаруашылық саласы терең дағдарысқа тап болды.

1954-1964 жылдардағы реформаның солтүстік аймақтарда жүзеге асырылуы

КСРО-ның ауыл шаруашылығында орын алған жағымсыз үрдіс жылдан жылға тамырын тереңге жайып, ақыры азық-түлік дағдарысына жақындатты. Соған қарамастан, 1952 жылы партияның ХІХ съезінде КСРО Министрлер кеңесінің төрағасы Г.М. Маленков «Елде астық өндіру мәселесі түпкілікті және сөзсіз шешілді», – деп мәлімдеді. Ал, шындығында барлық республикаларда астық, ет, қант өнімдерінің тапшылығы байқалып отырған. 1949-1952 жылдары егіннің жалпы түсімі, қазан төңкерісінің алдындағы мөлшерінен саны 40 миллионға пұтқа өскенімен, 1952 жылы жоспарлы 8 млрд. пұт астықтың орнына 5,6 млрд. пұт бидай алынды. Колхоздар, совхоздар жоспарды қайтсе де орындауға ұмтылып, өздерінің тұқымға қалдырған астықтарының бір бөлігін үкіметке тапсырған. Елдің азық-түлік мәселесін күнделікті шешуге қажетті мөлшерде астық жетпегендіктен, мемлекеттік қордағы астықжұмсалған. 1916 жыл немесе 1928 жылмен салыстырғанда мал саны мен ет өнімдері де өте аз мөлшерде өндірілді.

Шамадан тыс орталықтандырылған мемлекеттік жоспарлау жағдайында Кеңес Одағы экономикасында өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының арасында күрделі қарама-қайшылық орын алды. Елде азық-түлік молшылығын жасауға бағытталған түбегейлі аграрлық реформа жасау қажеттігі тарихи шындыққа айналды. Ауыр жағдайдан шығудың төте жолы тек қана тың игеру, яғни ауыл шаруашылығын экстенсивті жолмен дамыту болып табылды. 1953 жылы тамызда болған КСРО Жоғарғы Кеңесінің сессиясында ауыл шаруашылығындағы жағдайды түзету үшін 1950 жылдың өзінде колхоздардың қаржылық жағдайын нығайту туралы мәселені қарастыру үшін арнайы партия-үкімет комиссиясы құрылған еді. 1952 жылы екінші бір комиссия мал шаруашылығын көтеру жөніндегі іс-шаралар жүйесін әзірлеуге кірісті. Комиссиялардың атқарған жұмыстарының қорытындылары КСРО Жоғарғы Кеңес сессиясында 1953 жылдың тамыз айында талқыланды.

КСРО Министрлер кеңесінің төрағасы Г.М. Маленков: «Біздің басты міндетіміз – қысқа мерзім ішінде колхоздар мен совхоздардың артта қалушылығын жойып, ауыл шаруашылығын аяғынан тұрғызып, шаруашылықтарды нығайту, колхозшылардың еңбеккүнін көбейтіп, оларға ақша бөлуді ұлғайту», – деп тұжырым жасаған. Басқаша айтқанда орталықтағы ең жоғарғы билік аграрлық реформа жасаудың қажеттігін алға тартып, оның ішінде астық мәселесін шешуді бірінші кезекке қойды. Үкімет төрағасы ауыл шаруашылығын өркендетпейінше халықтық тұтыну қажетін өтеу мүмкін болмайтынын алға тартып: «Біздің міндетіміздің мәнісі – қысқа мерзім ішінде артта қалған аудандар мен колхоздардағы қараусыз қалған ауыл шаруашылығын қолға алып, колхоздардағы қоғамдық шаруашылықты тез арада дамыту және

нығайту арқылы колхозшылардың еңбеккүніне берілетін ақша, астық және басқа да өнімдер мөлшерін анағұрлым арттыру қажет», деді. Баяндамада егістік көлемін ұлғайту арқылы астық өндіруді еселеп арттыру мәселесі көтерілді [67].

Үкімет сессияның қарауына экономиканы қалпына келтіруге байланысты ойластырылған шаралар жүйесін ұсынды. Сессияның материалдарын «жоғарыдан» «төменге» қарай талқылау көшкін тектес сипатқа ие болды, оларды орындау үшін жергілікті жерлерде жүз мыңдаған қаулылар мен міндеттемелер қабылданды.

Бұл бағыттың ресми нұсқасы мынадай: «Орталық комитет қыркүйек пленумында бекітілген шаралар уақыт өте келе оң нәтиже береді деп есептеген еді. Сол уақытта елдегі астықтың жетіспеуі алаңдаушылық туғызды. 1953 жылы 31 миллионнан аса тонна астық өндірілгенімен, мемлекеттің нақты қажеті 32 миллион тоннадан аса астық жұмсалды. Мемлекеттік қордан аздап пайдалануға тура келді. Сондай-ақ, сол кезде «жан басына шаққанда азық-түлік түрлерін өндіру бойынша Американы қуып жетіп, басып озу» идеясы көтеріліп жүрген еді.

Теориялық тұрғыдан алғанда жағдайды екі жолмен түзетуге болатын еді. Төніп тұрған дағдарыстан шығу үшін алдымен өндірістік қатынастарды түбірімен өзгерту, яғни ауыл шаруашылығын нарықтық қатынастарға бағыттап, оның нақты механизмдерін табу, сонымен бірге меншікті, әсіресе жерді, жекешелендіре отырып, экономиканы дамытуға жеке адамдардың мүддесін пайдалану қажет еді. Кеңестік жағдайда ешкім де бұл бағытқа аяқ баспайтыны да түсінікті. Сондықтан, коммунистік жүйе тарих алдында өзін ақтап алу үшін, ауыл шаруашылығының экстенсивті жолын таңдауына мәжбүр болды. Яғни, Кеңес одағы сияқты ұлан-байтақ жерді иемденіп отырған мемлекетте астық өндіруді молайтудың бір ғана жолы елдің шығысында бос жатқан, дәлірек айтқанда «Тың және тыңайған жерлерді» жаппай жыртып, астық себуге бел байланды. Шынында, бұл үшін көп ақыл-ойдың, ғылыми ізденістерге негізделген түбегейлі реформаның қажеті шамалы еді. Мыңдаған тракторларды дала төсіне қоя беріп, тың жерлерді жыртып тастаса, одан шығатын өнім аз жылдар ішінде, қажетті астық мөлшерін жинап алуға мүмкіндік беретін. Бұл кезде мемлекеттің билік басына Н.С. Хрущев келді. Ол, әлбетте, КСРО аграрлық саласындағы дағдарыстың бетін қайтару арқылы, бедел жинауға кірісті.

1953-1964 жылдар арасында билеуші партияның Орталық комитеті ауыл шаруашылығы мәселелеріне бірнеше мәрте қайта оралып, жағдайды түзетуге жанталаса кірісті. Осы мәселе бойынша бірнеше маслихат, жиналыс, отырыстар, т.б. іс-шаралар да өткізілді. Н.С. Хрущев ауыл шаруашылығын дамыту туралы қайшылықты ұсыныстарымен (ресми қайраткерлердің ішінде бірінші болып) орталықтандыруды

және колхоздар мен совхоздардағы шаруашылықты дербестендіруді бастады. Мұның бәріне 1953 жылғы қыркүйектегі КОКП ОК мен 1955 жылы 9-шы наурыздағы КСРО Министрлер Кеңесінің «Ауыл шаруашылығында жоспарлау тәжірибесін өзгерту» туралы қабылданған шешімдері негіз болды.

Н.С. Хрущев КОКП ОК-нің Пленумында сөйлеген бір сөзінде: «Сиыр саны біздің елімізде соғыстың алдындағы жылдардағы шамаға жеткен жоқ. Мал өнімдерінің мөлшері аз, сапасы төмен, мал өлімі өте көп, жем-шөп аз. Жем-шөп, картоп жеткіліксіз өсірілуде» – деп мәлімдеді. Пленумдарда ауыл шаруашылығының нашар дамуының төмендегідей себептерін көрсетілді:

– Біріншіден, ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алу және дайындау бағаларының, колхозшылардың еңбеккүніне төленетін ақысының өте төмен болуы, қосалқы шаруашылықтан түсетін өнімге салықтың жоғары болуы;

– Екіншіден, шаруашылықтар мен МТС-терде білікті басшылар мен кәсіби мамандардың жетіспеуі, ауыл адамдары тұрмысының төмен және ауыл арасындағы жолдардың өте нашар болуы;

– Үшіншіден, ауыл шаруашылық өндірісінің техникамен жеткілікті қамтамасыз етілмеуі және механикаландырылмауы;

– Төртіншіден, колхозшылар ауыл шаруашылығынан түскен табысты өз мұқтажықтарына жұмсай алмай отырғандығы.

Осындай тығырықтан шығу үшін партия мен үкімет ауылдың әлеуметтік деңгейін көтеруге көңіл бөліп, ауыл еңбекшілерінің тұрмыс жағдайын жақсартып, колхоз, совхоздарды басқарудың экономикалық әдіс-тәсілдерін қолдану қажеттігін көрсеткен. Пленумға дайындық кезінде, ауыр өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын, жеңіл өнеркәсіпті қатар, әрі жеделдете өркендету бағыттары бірінші рет күн тәртібіне қойылды. Ауыл шаруашылығының, ауылдың инфрақұрылымын дамыту көзделді. Сонымен қатар, өндірісті дамыту мен оның кірісін ұлғайту үшін ауыл шаруашылық еңбеккерлерін материалдық жағынан ынталандыру қажеттігі алғаш рет көтерілді.

Пленумының шешімі бойынша мал, құс, картоп, сүт, көкөніс өнімдерінің бағасы көтеріліп, мемлекетке сатып алудың жаңа үлгісі жасалды. Жоспардан тыс артық сатып алатын тамақ өнімдерінің бағасы көтерілді. Міне, осындай біраз шаралар колхоз экономикасының айтарлықтай дамуына алғышарт болды. Қоғамдық және жеке шаруашылықтардың мүдделерін үйлесімді дамыту, қосалқы шаруашылыққа салынатын міндетті салықтың мөлшерін азайту көзделіп, үй іргесіндегі жер телімдеріне тұрақты салық белгіленді. Өндірілген өнімдерді мемлекетке өткізгені үшін колхоздармен есеп айыру жүйесі қайта қаралды. Оларға ақшалай аванс төлене бастады. Оның бір бөлігі шаруаларға жыл бойы еңбекақы төлеуге пайдаланды. Сөйтіп, колхозшы шаруаның еңбек ақысын аз

да болса, ақшалай беріп тұруға мүмкіндік туды. Қабылданған шара колхоздарда бірте-бірте ақшалай кепілді ақы төлеуді енгізуге жағдай жасады. Жоспарлау жүйесін қайта құру колхоздарды мамандармен нығайтуға, колхоз өндірісін дамытуда МТС рөлін арттыруға мүмкіндік берді. Әсіресе, ауыл шаруашылығы өндірісінің негізі болып табылатын механизатор мамандарын дайындауға, олардың еңбегіне ақы төлеуді жетілдіру шараларын жүзеге асыруға көмектесті. Жаңа жүйе бойынша МТС жұмысшыларының еңбекақысы колхоз өндірісінің нәтижесіне байланысты есептелетін болды. Кешенді егін шаруашылығын, әсіресе көкөніс пен картоп өндіру жұмыстарын механикаландыру; шаруашылықты құрылыс материалдарымен, тыңайтқыштармен қамтамасыз ету, дамыған агротехниканы қолдану, мамандар тәрбиелеу қажеттігі маңызды мәселе ретінде көтерілді.

Аграрлық салада еңбек өнімділігін арттырудың басты-басты мынадай екі жолы қарастырылды: өндірістің техникалық негізін жаңарту, жұмысшылардың кәсіби деңгейін жетілдіру және еңбек өнімділігін арттыру үшін еңбек әдісін жетілдіру мақсатында қосымша қаражат бөлу. Олай болмаса, бұл шаралар қысқа мерзімде жүзеге аспайтын еді.

Партияның Орталық комитеті осылайша: «Социалистік ауыл шаруашылығының мүмкіндіктері жете пайдаланылмай отыр», – деп тұжырым жасап, жылдар бойы қалыптасқан келеңсіздікті мойындауға мәжбүр болды. Ауыл шаруашылығының артта қалуының субъективті себебі ретінде еңбекке материалдық ынталандыру принципін бұзылуы екендігі дұрыс көрсетілді. Материалдық ынталандыру принципі мақта, қант қызылшасы, шай, цитрус өндірісінде біршама қолданылғанымен, ауыл шаруашылығының басқа салаларында, әсіресе егін және мал шаруашылығында мұндай тәжірибе болмаған.

Денді дақылдар мен мал өсіру жоспары алдыңғы қатарлы колхоздарда шабындықтың гектарына немесе колхоздарға белгіленген жердің үлесіне қарай белгіленгендіктен, оның нәтижесі қолайсыз жағдайға әкеп соқты, шаруашылықтарды басқару ісінде әкімшілік қателіктер де болды. Мал өнімін, көкөніс пен, картоп сатып алу бағасы төмен еді. Пленум алғаш рет социалистік шаруашылықты жүргізудің негізі ретінде қызметкерлерді материалдық қаржыландыру қағидасын шаруашылық табысымен байланыстыруды жөн санады. Қаулыға сәйкес ферма мен егістіктен өндірілетін өнімдерді сатып алу бағасы бірнеше есеге өсті. Осылайша дұрыс бағытта басталған қыркүйек пленумы, өкінішке орай өз мақсатына жете алмады. Себебі, ауыл шаруашылығын басқаруда әміршіл жүйенің әдістері қолданылды. Қаулылар мен міндеттемелер қанша көп болғанымен, жұмыстың нәтижесі көрінбеді. Қыркүйек пленумының идеялары мен Хрущевтің колхоздарды ірілендіру, оларды кейінірек совхоздарға айналдыру, МТС жүйесін жою жөніндегі бастамалары қабыспады. Шаруалардың жеке меншігіндегі малдарды алу тоқтамады.

Қосалқы шаруашылыққа қойылған көтеріңкі нормалар, салық саясатындағы кемшіліктер, колхозшылардың жеке меншігіндегі сиыр, шошқа және қой санын азайтты. Реформаны жүзеге асырудағы күрделі жағдай, әсіресе, машина трактор станцияларына қатысты туындады. Қыркүйек Пленумында машина-трактор станциялары ауыл шаруашылық өндірісін техникалық жағынан қамтуға тиіс және ірі мемлекеттік кәсіпорын ретінде ауыл жұмысының үштен төрт бөлігін жүргізеді, деп айтылды. Сөйтіп, МТС-дың материалдық базасын нығайту, оларды мамандармен нығайту шаралары белгіленді.

Колхоздарды білікті мамандармен қамтамасыз ету үшін ауылдарға 100 мың агроном мен зоотехник жіберу көзделді. КОКП Орталық Комитетінің қыркүйек пленумы аграрлық реформаның негізгі мазмұнын ұжымдарға өзін-өзі басқару еркін берумен ұштастырды. Қаулының VII-бөлімінде: «Одақтас республикалардың, өлкелік, облыстық партия комитеттері және Орталық Комитет ауыл шаруашылығын басқару әдістерін өзгертуін, колхоз, МТС, совхоздары бюрократтық үстірт тұрғыдан басқаруды жойып, аудан мен колхоздар арасында байланысты нығайтып, әрбір аудан жағдайы жөнінде нақты білуді міндеттеді», – деп жазылды. Осыған орай колхоз, МТС, совхоздардағы партия ұйымдарының хатшыларын дайындығы мол, әрі тәжірибелі партия қызметкерлерімен нығайту көзделген. Жастардың, комсомол ұйымдарының және әйелдердің рөлі де ерекше айтылды.

Тың жерлерді игеру жөнінде Челябині облысындағы «Петропавл», Солтүстік Қазақстан облысындағы «Ленин жолы» шаруашылықтарының тәжірибесі таратылды. Олар дөңді дақылдардың гектарынан 22 және 30 центнерден өнім алған еді. Осындай өнім алу мақсатын көздеген кеңестік саясаткерлер Қазақстанның тың аудандарында Сібір, Орал және басқа аймақтарда 13 миллион гектар, оның ішінде Қазақстанда 6,3 млн гектар тың және тыңайған жерлерді игеруді ойластырған. Осы аталған жерлерден 1100-1200 млн. пұт астық жинап, өгін өнімділігін 14-15 гектарға жеткізу көзделген.

Алайда, Хрущевтің колхоздарды алты жылдың ішінде екінші рет ірілендіруі, ал кейінірек оларды жаңа совхоздар ретінде қайта құру, МТС жүйесін тарату туралы волюнтаристік шешімдері қыркүйектегі пленумның идеясымен сәйкес келмеді. Сондай-ақ, шаруалардың жеке шаруашылығынан малдарды тартып алу сияқты қисынсыз шешімдері, «артельде қоғамдық және жеке меншіктің» дұрыс үйлестіру нәтижесінде ғана колхоздардың табысты дамуы мүмкіндігіне баса назар аударылған 1953 жылғы қыркүйек пленумының тұжырымдарына нұсқамаларына қайшы келді.

Қыркүйек пленумының өткеніне жарты жыл өтпей жатып, партия мен үкімет ауыл шаруашылығы өндірісін интенсификациялау идеясынан бас тартып, экстенсивтік факторларға жол берді.

1953 жылы басталған аграрлық реформа әлеуметтік өмірге үй-леспендіктен, орта жолдан тоқтап қалды. Партия қаулыларындағы «колхоз құрылысын дамыту» мәселесі мәні жоқ сөзге айналды. «Колхоз еңбекшілерінің әлеуметтік, мәдени жағдайын көтеруді үнемі назарда ұстау керектігі» партия, кеңес ұйымдарына «тапсырылғанымен», жағдай өзгермеді. Оның себебі, тоталитарлық жүйенің адам өмірін қорғауға деген дәрменсіздігінен еді.

Алайда, көптеген зерттеушілердің айтуынша Н. Хрущевтің тиянақсыздығы, оның өз бастамасымен жасалған аграрлық саясаты, іске асыру барысында, олқылыққа келіп соқты. Мұндай көзқарасты мысалы, И.В.Русинов пен Тюрин ұстанған еді [68, с.48].

Хрущев реформасы агрокешеннің дамуына басқаша бағытқа бұрып жіберді. Жоғарыда аталған реформа басымдылықтары не мүлдем еленбеді, не түгелімен жоққа шығарылды. Құрғақ ұраннан халық шаршады. Ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында ғылыми-зерттеу жұмыстарынсыз жүргізілген шаралар шығындарға да ұшыратты. Н.С. Хрущевтің аграрлық саладағы реформасы кеңестік «социализмнің» келешегі шамалы екендігін сол кезде-ақ көрсеткен болатын. Бұдан кейінгі жылдардағы дағдарыстар өзінің бастауын сәтсіз жүргізілген реформалардан алатын еді. Жүгеріні көптеп егу; химияны дамыту, әсіресе минералды тыңайтқыштарды өндіру сәйкессіз жүзеге асырылған. Зерттеушілер кейінгі аграрлық саясатқа «контрреформа деп қарау қажет» екендігін көрсетуде [63, сс.41-62].

Басқа одақтқ республикалардай, Қазақстанда да қыркүйек пленумының қаулысы қызу талқыланып жатты. Ауыл шаруашылығының барысы талданып, іс-шаралар қабылданды. Мысалы, Қостанай облысы Семиозерный ауданындағы Ново-Нежинский МТС-да өткен механизаторлар жиналысында 1953 жылы 13 қыркүйекте жылдық жоспардың 101 пайызға орындалғаны айтылды. Мұрағат құжаттарында МТС пен колхоздарға бұрынғы қызметкерлер қайтып орала бастағандығы да айтылады. Мәселен, Ақтөбе химкомбинатынан Тамды МТС-на жұмысқа 10 адам, ал Ақтөбе ферроқорытпа зауытынан Қостанай облысы Меңдіқара ауданына жұмысшылар келген [67].

Алайда, көп ұзамай-ақ, ауыл шаруашылығы салаларын тиімді дамытуға бағытталған реформа сол кезеңде-ақ ұмытыла бастап, КОКП ОК-нің 1953 жылғы қыркүйек пленумы шешімдері қайта қаралды. Билікке таласушылар арасындағы ішкі саяси тартыс салдарынан, аграрлық реформаның тиімді нәтижелері жоққа шығарылды. Елдің, соның ішінде Қазақстанның аграрлық саласы, толып жатқан орынсыз өзгерістер мен реформалардың, контрреформалардың құрбанына айналып, берекесі қашты. Тыңның алғашқы жылдары орынсыз жыртылып, тұқым себілген алаптар көлемінің көптігінен, қараусыз қалды. Жер құнары азая берді. Егер жаңадан жыртылған тың жерлерден әуелде 14-15 центнерден өнім алынған болса, бұл көрсеткіш 1961-65 жылдары

орта есеппен гектарынан 6,1 центнерге дейін төмендеді. Осы орайда зерттеуші И.В. Русиновтың мына тұжырымдарымен келіспеуге болмайды. «Тың жерлерді игеруге кеткен орасан зор шығындарды ұқыптап, ойланып жұмсағанда, мемлекеттің алдында тұрған азық-түлік молшылығын жасау міндетін аз шығынмен, аз күш жұмсап та орындауға болатын еді» [68, с.40]. Соның салдарынан ауыл шаруашылығының барлық салалары тағы да дағдарыс алдында тұрды.

Солтүстік Қазақстан облысының тарихы КСРО БОАК Президиумының Қаулысымен Қазақ АКСР құрамында тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік ретінде құрылған 1936 жылдың 29 шілдесінен басталады. Оның құрамына бұрынғы Қарағанды облысының (1932 жылғы 20 ақпанда құрылған) 25 ауданы және Петропавл қаласы өзіне қосылған селолық Кеңестерімен енді. Бұдан әрі бірнеше ірі қайта құрулар жүргізілді: 1939 жылғы 14 қазанда қайта ұйымдастырылған Ақмола облысына оңтүстіктегі алты аудан берілді, ал 1944 жылғы 16 наурызда қайта ұйымдастырылған Көкшетау облысына тағы алты аудан берілді.

Әкімшілік-аумақтық бөлудегі өзгерістер әр жылдары көрші облыстар құрамына бірнеше селолық Кеңестерді беру, жаңа аудандар құрып, бұрынғы аудандарды қысқарту, басқаруды жақсартуға, экономикалық мақсатқа сәйкес қажеттіліктен туындаған қайта ұйымдастыру және бөлектеу есебінен болды.

Солтүстік Қазақстан облысының қазіргі шекаралары мен әкімшілік-аумақтық құрылымы Қазақстанның тәуелсіздігі жылдары аумақты басқаруды реформалау нәтижесінде құрылды. Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 3 мамырдағы Жарлығымен Солтүстік Қазақстан облысына қысқарған Көкшетау облысының аумағы енді. 1999 жылғы 8 сәуірде Еңбекшілдер, Зеренді, Щучинск аудандары мен орталығы Көкшетау қаласы болған Ақмола облысына берілді.

Қазіргі уақытта облыс құрамында 13 селолық аудан мен Петропавл қаласы бар. 727 селолық елді мекен және ауданға қарасты 4 қала 208 қалалық, селолық (ауылдық) округтерге біріктірілген.

Солтүстік Қазақстан облысының аумағы 97,99 мың шаршы шақырымды құрайды. Шеткі нүктелерінің арақашықтығы солтүстіктен оңтүстікке дейін 375, батыс пен шығысқа дейін 602 шақырым. Облыс аумағында ұзындығы 720 шақырымға тең Есіл өзені өтеді. Өңірде 3000 астам көл бар, су айдындары 4600 шаршы шақырымды алып жатыр. Облыс аумағының 5,5 пайызы орман-тоғайлы [69].

Облыс аумағының 60 пайызы ауыл шаруашылығына пайдаланылады. Экономиканың негізгі саласы ауыл шаруашылығы болып табылады. Облыс мұрағаттарындағы 1,5 млн. жуық құжатта аймақтың өткен тарихы туралы бай дереккөздері сақталған. Қазақстанның солтүстік аймақтарында Кеңестік аграрлық саясатты іске асырудың әдістері мен жолдары туралы дереккөздерінен сыр шертетін тарихи құжаттар да жеткілікті. Енді тың және тыңайған жерлерді игеру жылдарындағы оқиғаларға кезек берсек.

ТЫҢ ХРОНИКАСЫ 1953 жыл

3-7 қыркүйек 1953 ж. КОПК ОК Пленумы. КСРО-да ауыр шарушылығын одан әрі дамыту шаралары қарастырылды.

25 қыркүйек КОПК ОК (1953 ж.) Пленумнан кейін халық шаруашылығының басқа салаларында еңбек еткен ауыл шарушылық мамандары мен механизаторлар өз мамандығы бойынша ауылға қайта келуге өтініштерін білдіре бастады.

16-17 қазан Павлодлар облыстық компартия ұйымының 6 Пленумы партияның қыркүйек (1953 ж.) шешімдерін жүзеге асыру жолдарын қарастырды.

қараша. Тың жерлерді игеру туралы қаулының жобасын жасауға арнайы комиссия құрылды.

1954 жыл қаңтар-ақпан. Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарының атқару комитеттері жаңа совхоздарда тың және тыңайған жерлерді игеру туралы шешімдер қабылдады.

16-18 ақпан. Қазақстан Компартиясының 7 съезі тың және тыңайған жерлерді игеру мәселесін қарап – 6300 мың га жаңа жерлерді игерудің міндетін алға қойды.

22 ақпан. Мәскеу жастарының тыңды игеруге шақырған үндеуі, Алматы жастарының қолдауы, республика жастарына үндеу жарияланды.

23 ақпан-2 наурыз. Қазақстанда, Сібірде, Солтүстік Кавказда тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде КОПК Орталық Комитетінің Пленумы болды.

13 наурыз. Қазақ КСР-нің Министрлер кеңесі. 1954-1955 жж. тың және тыңайған жерлерді игеру арқылы астық өндіруді арттыру жөнінде қаулы қабылдады.

1-8 наурыз. Петропавл, Павлодар қалаларына Алматы, Москвадан жаңа жерлерді игеруге жастардың алғашқы отрядтары келді.

Қаулы бойынша Қазақстанда 1954 жылы 48 астықты совхоз құру жоспарланды: Ақмола облысында – 17, Көкшетау – 10, оның Солтүстік Қазақстан – 8, Қостанай – 9, Павлодар – 4.

14-20 наурыз. Қазақстанның Солтүстік өңіріне Ленинград, Одесса, Николаев, Орел, Тула, Вологда, Тамбов, Ярославль, Краснодар, Ставрополь өлкелерінен, Марий АКСР, Татарстаннан тыңгерлер келді.

18 наурыз. Солтүстік Қазақстан облысында «Жданов совхозы», 29 наурыз «Украина» мен «Интернационал», 14 сәуір «Жамбыл» совхоздарының құрылысының басталуы.

18 наурыз. тың өлкесіне әр түрлі аймақтарынан 5868 адам келген, олардың орналасуы облыстар бойынша: Ақмола – 23,4 %, Көкшетау – 18,5 %, Қостанай – 15,4 %, Солтүстік Қазақстан – 47,9 %, Павлодар – 48 %,

Қарағанды – 24,2 % болған. Тыңгерлердің: 18-агроном, 851- тракторист пен комбайнерлер, 455 – шофер, әр түрлі жұмысшылар – 3348 адам.

1 сәуір. Қазақ КСР Министрлер Кеңесі мен Қазақстан Компартиясының тың алқаптарына ғылыми экспедицияларды жіберу жөнінде қаулысы қабылданды. Ғылыми экспедициялар құрамында ВАСХНИЛ-дің қазақ филиалы, Қазақ КСР Ғылым Академиясының өкілдері бар.

15 сәуір. Кубань комсомол ұйымының жіберген адыгей Арслан Нехай «Молодогвардейский» астық совхозының даласында алғашқы түрен тартты.

Мамыр. жаңа совхоздарда тұрғын үйлер мен өндірістік құрылыстар салу үшін Петропавл мамандандырылған құрылыс-монтаж тресі құрылды.

28 мамыр. тың және тыңайған жерлерді игеруге Павлодар облысына 5135 адам келді, оның 155 – Азербайжан КСР-нен, 155- Армян КСР-нен, 993- Қазақ КСР-нен, 1-Қырғыз КСР-нен, 3346 – Ресей ФСР-нен, Узбек КСР-нен – 1, Украинадан – 484.

5 маусым. Қостанай облысы ауыл шарушылық машиналары мен құрал жабдықтарын алған: С – 80-186, ДТ – 183, КД – 32, У – 2 – 11, бензовоз – 32, самосвал – 93-31; ЗИС – 585-37; ГАЗ – 69-49; соқа – 811, лущильник – 185, борона – 2460, сеялка- 274, жылжымалы шеберхана – 4; электрстанция – 11; тұрғын үй – 106; вагонщиктер – 28; наубайхана – 19; асхана – 114; термос – 34; палаткалар – 301; цестерна – 151; бөшке – 1110; шелек – 3000; конистра – 2100; шәйнек – 180; ер тоқым – 220; әйнек – 20000 м², шеге – 15 тонна.

Маусым. Тың игеру облыстарындағы жаңа совхоздарда бастауыш мектеп 1-4 сынып, село жастарына кешкі мектептің ашылуы.

Екібастұздың 200-дей құрылысшылары Баянауыл ауданының Октябрь МТС-нің механикалық шеберханасын, гараж, 40 үй салды. Мемлекет құрылысқа 2,5 млн руб. ақша бөлген.

7 шілде. Қазақстан Компартиясының ОК лекторлар тобы Алматыдан Павлодарға келді. Олар облыстың колхоздары, МТС пен совхоздарына үгіт-насихат жұмыстарымен аттанды.

Шілде-тамыз. Петропавлдың еңбек ұжымдары тың шаруашылықтарын өндірістік және мәдени жағынан қамқорлыққа алды.

22 шілдеден ерте емес Павлодар облысында ВАСХНИЛ-дің қазақ филиалының ғылымдарының бригадасы колхоз бен совхоздарға, МТС-терге көмек көрсетті.

Павлодар облысының «Красный Октябрь» колхозында радиоузел іске қосылып, колхозшылардың үйінде 75 радио пайда болды.

28 шілде. Павлодардың драмтеатрі Иртыш, Максим Горьковский, Павлодар және Урлютюбский аудандарында гастрольде болып қайтты. 25 спектакль, 8 концертте 10 мың көрермен қатысқан.

1 тамыздан ерте емес Москвада Бүкілодақтық ауыл шаруашылық көрмесі ашылды. Солтүстік Қазақстан облысынан 130, Павлодар облысынан – 143 озат қатысты. Олардың көпшілігі Бас көрменің наградларымен марапатталды.

4 тамыз. «Жамбыл» колхозы Павлодар ауданында облыста бірінші болып жаңа егіннің астығын тапсыруды бастады.

12 қыркүйек. Қостанай облысының ЛКЖО хатшысы С.Сейтаев Диевский совхозына келген 66 жас механизаторлардың Ростов облысы мен Белорусиядан, сонымен қатар, 28 отбасы- 330 адам Қытайдан келгенін хабарлады.

26 тамыз. Қазақ КСР-нің үкіметі мал совхоздарын астықты, ет-сүт және қой өсіру совхоздарына ауыстыру жөнінде қаулы қабылдады.

21 қыркүйек. Павлодар облысының совхоздарына Украинадан 2 мыңнан астам, Повольжеден 968 адам егін жинауға келген.

қыркүйек. СҚО-да «Целинный», «Озерный», Таман дивизиясы атындағы совхоздар құрылды.

Қорған-Пески тың темір жолы мен Булаев-Молодогвардейский тар табанды темір жолын салу басталды.

1 қазан. Павлодар ауданы мемлекетке астық тапсыру жоспарын орындады. Мемлекетке өткен жылға қарағанда 3 млн. 680 мың п. нан артық тапсырылған. Облыс тұтынушылар одағына астық сатушыларға 120 автокөлік, 500-ден астам жылжымалы электрстанция, 300-ден астам мотоцикл т.б. тауарлар келген.

12 қазан. Қостанай облысы ауыл шаруашылық басқармасының ақпары бойынша Ұзынкөл ауданындағы «Путь коммунизм», «Знамя Октября» колхоздарының 22375 га жері «Жаңа-Тілекский» совхозына берілген.

Қостанай облыстық атқару комитетінің шешімімен Таран, Пешков, Урицкий, Орджоникидзе, Убаган аудандарында жаңа МТС-тер ұйымдастырылды.

8 қазанда Қазақ КСР үкіметінің қаулысымен Павлодар облысында 26 жаңа совхоз – 972 мың га жері бар, Қостанай облысында 52 совхоз құрылды.

Қостанай облыстық атқару комитеті 1954 ж. астықты тасуда Латвия автоотряд шоферлерін жақсы жұмысын марапаттауға ұсынды.

25-30 қазан. Павлодарда облыстық ауылшаруашылық көрмесі өтті. Оған 130 колхоз, 32 МТС, 5 лесхоз, 8 қосалқы шаруашылық, 120 бригада, 33 мал фермасы, 3 сорт сұрыптау бөлімдері, 29 совхоз, 5 завод, 4 артель, 3000 еңбек озаттары қатысты, 1235 ауыл шаруашылығының озаттарына мақтау хаттары мен куәліктері тапсырылды.

1 қараша. Куйбышев ауданы «Жаңа Талап» колхозында суармалы егістікке дамбы мен тоған салынды, оны 1955 жылы 15 мың га жайылымды суару үшін қолданды.

3 қараша. Куйбышев ауданы «Краснокутский», Максим Горьковский ауданы «Бобровка» совхоздарына демобилизациядағы әскерлер тобы келді.

15 желтоқсан. Павлодар облысында малға азықты тасу онкүндігі аяқталды. Оған 1500 механизатор қатысты. Мал қыстауына 550 мың ц. азық тасылды.

Қарастырылып отырған кезеңде Қазақстанның солтүстік аймағындағы аграрлық реформалардың ең маңыздысы және көлемдісі тың және тыңайған жерлерді жыртып, мемлекеттің егістік қорына қосу науқаны болды. Бұл шаралардың нақты қалай жүргізіліп, қандай нәтиже бергенін қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының аграрлық тарихынан айқын көруге болады. Тың игеру деген атпен тарихта қалған бұл көлемді шараның өлеуметтік-экономикалық нәтижелері мен зардаптарын тиісті мұрағат құжаттары, жариаланған материалдар арқылы сипаттау еліміздің ХХ ғасырдағы тарихының маңызды бір кезеңі туралы ғылыми тұжырымдар жасауға негіз бола алады.

Алғашқы тарауда айтылғанындай, КСРО мемлекетінің, оның құрамдас бөлігі болған Қазақ КСР-ның соғыстан кейінгі және елу-алпысыншы жылдардағы жағдайы Солтүстік Қазақстан облысының ауыл шаруашылығынан айнадағыдай көрінеді. Сондықтан, 50-60 жылдардағы аграрлық реформалардың сипатын нақтылау үшін еліміздің негізгі астықты өңірі болып табылатын Солтүстік Қазақстан облысының мысалдары, белгілі дәрежеде ғылыми тұжырымдар жасауға азық етпейді деп санаймыз.

Мемлекетте, республикада қабылданған шаралардың нәтижесінде Қазақстанның солтүстік аймағында тың және тыңайған жерлерді игерудің нақты тәжірибесі 1954 жылғы 1 наурызда басталды. Дәлірек айтқанда: Солтүстік Қазақстан облысына Алматыдан тың игерушілердің бірінші отряды, екінші эшелон – Москвадан 1954 жылы 1-3 наурызда келген [48].

Қазақ КСР Министрлер кеңесінің сол кездегі төрағасы Е.Тайбеков 1953 жылдың аяғында «Правда» газетінде: «Солтүстік Қазақстан облысында егістік жер көлемі 1953 жылы 1950 жылмен салыстырғанда 28,5 %-ға, ал дөңді дақылдар алқабы 128 мың гектарға өсті. Осындай мәліметтерді басқа облыстар бойынша да беруге болады», – деп жазған. Автор колхоз, совхоздарда жаңа игерілген жерлерден шығыны аз мол өнім алынғанын да көрсеткен. Үздік артельдердің еңбеккерлері ауылға жақын жерлерді ғана игермей, шалғайдағы тыңайған жер алқаптарын да жыртып. Мысалы, Полудин ауданындағы «Прогресс» колхозының Данилов басқарған трактор бригадасы және егіншілік бригадасының бригадирі П.С. Лукьяченко егістік жерлерден басқа 68 гектар тың жерді игерген. Осы алқаптан гектарына 32 центнер астық алған [70].

Сол кезеңдегі еңбектерде Солтүстік Қазақстандағы алдыңғы қатарлы колхоздардың жегістіктері көптеген артельдердің тың және тыңай-

тылған жерді игеру қозғалысын туғызғандығы жиі жазылды. Мәселен, Конюхов ауданындағы «Путь Ленина» колхозында егіннің орташа шығымы гектарына 14,5 центнер болса, жаңа игерілген тың жерден гектарынан 30 центнерден өнім алынған. Колхоздарда жаңа 350 гектар жерге егін егілген. Преснов ауданындағы Молотов атындағы артель, Ленин ауданындағы «Бұлақ», «Мир» артельдері 1954-1955 жылдары бір мың гектардан жаңа жерлерді игерулері тиіс болған. Кезекті бір жиналыста Ленин ауданының Воровской атындағы ауылшаруашылық артелі жоспарын ұлғайтып тыңайған жерлердің есебінен астық егетін жерді 500 гектарға көбейтуге шешім қабылдаған [70].

Әлбетте, жер бетінде пайдаға аспайтын бос алқап болмайды, яғни, жыртылмай, егін себілмей жатқан жердің өзі сол мемлекеттің, халықтың байлығы болып табылады. Демек, баға жетпес байлықты бір мезгілде ысырап жасау, халықтың келешегін ойламау деген сөз. Азық-түлік молшылығын жасаудың экстенсивті жолы жағдайдан шығудың бірден бір амалы болмаса да, Мәскеудегі биліктің пәрменіне қарсы тұратын күш болмады. Тарихымыздың өткеніне көз салсақ, тың игеру деген дақыртпен басталған саяси сипаттағы науқанға қарсы шығушылар, оның орнына ғылымға негізделген байыпты аграрлық саясат ұстанғандар болған. Бірақ, олар тотолитарлық жүйенің тегеурініне төтеп бере алмады. Солардың бірі – Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы, іс жүзінде республиканың бірінші басшысы Ж. Шаяхметов тың игеруге ашық қарсы болмаса да, қазақ жерін жаппай жыртып тастауға наразы болған [71].

1954 жылы 5-6 ақпанда өткен Қазақстан Компартиясы ОК пленумында бірінші хатшыны және екінші хатшы И.И. Афонovsky республикалық партия басшылық қызметтен босатады. Бірінші хатшылыққа П.К. Пономаренко, ал екінші хатшының орнына Л.И. Брежнев сайланады. Қалыптасқан жағдайға байланысты 1954 жылы 23 ақпаны мен 3 наурыз аралығында Мәскеуде КОКП ОК пленумы өткізіледі. Пленум «Тың және тыңайған жерді игеру арқылы астық шаруашылығын көбейту» және «Екі-үш жылдың ішінде еліміздегі халықты азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету» туралы қаулы қабылдаған.

Мемлекеттің бірінші басшысы Н.С. Хрущев болса екі-үш жылда азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету проблемасы шешіледі деп үміттенді. Оның осы уақытқа дейін күлкілі сөзге айналып кеткен: «Қазақстанда жылқы ұстағаннан гөрі тауық ұстаған тиімді. Жылқы жайылымды таптайды, пішенді құртады, еңбек адамдарын алаңдатады», деген сөздері сол кездегі аграрлық реформаның сипатын көрсетеді деп ойлаймыз.

Хрущев Қазақстанды Ресейдің бір пұшпағы деп санады. Оның 1954-1964 жылдар аралығында республика партия ұйымының бірінші хатшысы етіп П.К.Пономаренканы (II. 1954- VII. 1955), Л.И.Бреж-

невті (VII. 1955 – III. 1956), И.Д. Яковлевті (III. 1956 – XII. 1957), Н.И. Беляевті (XII. 1957 – I. 1960), И.Ю. Юсуповты (XII. 1962 – XII. 1964) сайлап, оның берекесі мен құтын кетірді. Республиканың ішкі өмірінде де бір өзгерістен екінші туындап жатты. 1960 жылдың ақпанында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің солтүстік облыстар жөніндегі бюросы құрылып, оның орталығы Ақмола қаласы болып белгіленді. 1960 жылғы 26 желтоқсанда Қазақ КСР Жоғарғы Советі Президиумының «Қазақ КСР-і құрамында тың өлкесін құру туралы», ал 1962 жылдың мамырында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңес Президиумының «Қазақ КСР-нің құрамында Батыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан өлкелерін құру туралы» жарлықтары шығарылды. Хрущевтің Т. Соколов сияқты империялық пиғылдағы сыбайластары осы кезде тың өлкесін Россияға қосуға әрекет жасады. Ал Оңтүстік Қазақстанның субтропикалық жерінің біразы Н.С. Хрущев пен Ш. Рашидовтың, И. Юсуповтың келісуі нәтижесінде Өзбек КСР-інің құрамына енді.

Республиканың саналы азаматтары тың және тыңайған жерлерді игеру деген желеумен қазақ жерлерінің келешекте бөлшектеніп кетуінен қауіптенді.

Атап айтқанда Ж. Тәшенов сынды ұлт жанашырлары қазақ жерлерін сақтап қалуға тырысты. Кезінде республиканы көп жыл басқарған Д.А. Қонаев өзінің «Өтті дәурен осылай» деген кітабында мынадай бір эпизодты келтірген: «1960 жылдың желтоқсанында Мәскеуде КСРО Жоғарғы кеңісінің сессиясы болды. Үзіліс кезінде маған Қосыгин келіп, Тәшенов екеумізді Хрущев түскі асқа шақырып жатқанын айтты. Шақырған уақытында бардық. Орталық комитеттің төралқа мүшелері түгел отыр екен. Дастархан үстінде Хрущев Тәшеновке өлденелер айттып, сұрап отырды. Қайта-қайта тамақ ұсынып, алыңыз-алыңыз деді... Астан кейін Хрущев маған: 30-40 минуттан кейін келіңіз» деді. Айтқан уақытында бардым, тез қабылдады. Өңгімені орағытып, алыстан бастады. Тың игерудің қалай басталғанын айтып, масаттанды, кімдер қарсы болғанын айтты. Қазақстандық алғашқы миллиард пұт астыққа мақтанды, тыңның келешегін сөз етті. Кезі келгенде, маған сұрақ та тастап, тыңнан ешкім қашып жатқан жоқ па, деп те қойды. «Бұл не айтқысы келіп отыр» деп ойладым. «Түскі асқа Тәшеновті неге шақырды екен?» Әлден уақытта ол, «Тәшеновті жұмыстан босат. Үстінен арыз көп. Мән-жайды бөлімнен білерсің, бәрі рас көрінеді. Ол бұдан былай Министірлер кеңесінің төрағасы бола алмайды, жеңілдеу жұмыс берерсің» деп нұсқау берді [71]. Әрине, әкімшіл-әміршіл жүйе жағдайында бірінші басшыға қарсы келер күш қайда.

Соғыс кезіндегі коммунистік насихаттың екпіні одан кейінгі жылдары да жалғасып, «Отан үшін бейбіт уақытта құрбан болу» мүмкіндігі насихатталды. Түбі шикі экономикалық, аграрлық саясатқа бүкіл халықты жұмылдыру үшін алуан түрлі ұрандар көтерілгені тарихтан белгілі. Соғыстың ауыр зардаптарынан енді ғана айығып келе жа-

тқан халық ауыл шаруашылық реформасынан жақсы нәтиже күтіп, үміттенді. Ал, Хрущев бастаған волонтаристер ауыл шаруашылығын өркендеуге деген ұранмен ойына келгенін істеді. Егіншілікке жарайтын-жарамайтын жерлер оңды-солды талғамсыз жыртылды. Табиғат заңдылығына қайшы келетін егіншілік жүйесі жасала бастады. Шаршы-ұялы әдіспен жаппай жүгері егу, шықпайтын жерге бұршақ дақылдарын себу сияқты шаралар ұйымдастырылды. Жеке билеушінің көңілге қонбайтын көзсіз әрекеттері жұртшылықты мезі қылды. Хрущевтің «жаңа бағыты» бойынша «бақытты болашаққа» қадам жасалды. «Агроқалалар құру», «тың игеру эпопеясы», «мәдениеттің өркендеуі», «жүгері – дала аруы», «бұршақ-дала серісі», «ет, сүт, май өнімдерін өндіруде Американы қуып жетіп, басып озу» ұрандары ауыздан-ауызға таралды. Алайда, ғылыми мекемелерде, жоспарлы органдарда ғылыми түрде жобаланбаған тұрпайы реформаның экономикалық нәтижесі не болатыны есептелген жоқ. Кейін «Халық шаруашылығын басқарудағы волонтаризм» деп бағаланған және айыпталған реформаның зардаптары Қазақстанның ауыл шаруашылығын тұралатып кетті [72].

1954 жылы 13 наурызда Қазақ КСР Министрлер Кеңесі 1954-1955 жж. астық өндіруді арттыру, 1954 жылы республиканың совхоздарында тың және тыңайған жерлерді игеру жоспарын бекіту туралы қаулы қабылдады. Тың және тыңайған жерлерді жаппай игеру шараларының жоғары қарқынмен жүргендігі туралы нақты деректер баршылық. Елде алғашқы үш жылдың өзінде 32 млн. гектардан астам жер жыртылған. Бір кезде Солтүстік Қазақстан, Павлодар облыстарын көп жыл бойы басшылық қызметте болған Ж.Ф. Ысқақов өз естелігінде: «Путь Ильича» ұжымшарының басқарма төрағасы С.Ш. Сихватуллин деген өте білімді, іскер жігіт еді. Егістік жері 5 мың гектар еді, тыңға шабуыл деп аттан салғанда тағы 5 мың гектарды жыртып тастадық. Кішкене шаруашылық үшін әрине, бұл көп көлем еді», – деп жазғандай, жыртылған жерде шек болмаған [73].

Тың жерлердің алғашқы жылдары ешбір озық технологиясыз-ақ мол өнім беретіні табиғи нәрсе. Мысалы, 1953 жылы еліміздегі астықтың жалпы түсімі 82,5 миллион тонна болса, 1956 жылы 125 миллион тоннаға дейін жеткен. Ал, астық дайындау 31-ден 54 миллион тоннаға дейін өсті. Дәнді дақылдардан мұнша өнім алуды Л.И. Брежнев: «Тыңды көтеру шын мәнінде бүкілхалықтық іс болған соң ғана, мұндай өсу қарқынына қол жеткіздік» – деп ұғындырды [74]. Сөйтіп, жаппай тың игеру саясатын «жүйелі түрде қолдауға» жол ашылды.

Компартия нұсқауымен тың игерудің алғашқы жылдарында Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен миллионнан астам «еріктілерді» тауып тыңы игерілген аймақтарға әкелінді. Кеңестік үгіт-насихат бойынша жас кезінде білім алып, мамандыққа жаттығудың орнына жастарды, негізінен студенттерді кәсіби біліктілікті қажет етпейтін қара жұмысқа

айдады. Олар тың игеру шаруашылықтарының өндірістік негізін нығайтуда, тұрмыстық-тұрғын жайлар мен өндірістік нысандарды салуға, өнім жинауға жегілді. Л.И. Брежнев бұл жөнінде 1974 жылы 16 наурызда «Правда» газетіне: «Тыңдағы совхоздарды жедел дамытуда кеңестік студенттер жарқын із қалдырды. Мыңдаған студенттер егістіктер мен құрылыс отрядтарында жылдар бойы адал еңбек етіп келеді», – деп жазды.

1954 жылдың көктемінде Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игеру жұмысы жаппай басталды: Ақмола, Көкшетау, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан сияқты республиканың бес облысында, сонымен қатар аз мөлшерде болса да Орал, Ақтөбе, Семей, Қарағанды, Алматы облыстарында тың игеру жұмыстары басталып кетті. «Тың игерудің» алғашқы жылының өзінде Қазақстанда 8 миллион 531 мың гектар тың және тыңайған жер игерілді. Оның ішінде 1710 мың гектары Қостанай, 1644 мың гектары – Ақмола, 1428 мың гектары – Көкшетау, 1021 мың гектары – Павлодар, 759 мың гектары – Солтүстік Қазақстан облысында игерілген. Сол жылы оралға 560 мың гектар тың және тыңайған жерді игеру Ақтөбе облысына 446 мың гектар қарасты болды. Бұл жұмысқа Қазақстанның 1967 колхозы, 216 совхоз және 283 МТС қатысты.

1954 жылы 13 наурызда құрылған жаңа совхоздардың бірі – «Восход» шаруашылығында тыңның алғашқы жылдарында 22,5 мың гектар жаңа жер жыртылған. Бұл совхоз алғашқы екі жылда мемлекетке 20,8 мың тонна астық берген [75].

Тұтас алғанда Қазақстанда 1954 жылы 90 жаңа совхоз құрылды. Коммунистік насихат тың игерушілерді «батырлар» деп мадақтады. Қазақстанға 1954 жылдың көктемінде Краснодар аймағынан – 2406, Ленинградтан – 1048, Ярослав облысынан – 603, Алматыдан – 78, Украинадан – 1057, Молдова АССР-нен – 369, Донбасстан – 55 адам келген. Алғашқы үш жыл ішінде Солтүстік Қазақстан облысына 18 мың адам келген. Сочи, Одесса, Воронеж, Курск, Калинин, Горький, т.б. одақтас республикалардан, қалалар мен облыстардан да тың игеруге өкелінген. Қазақстанның ұшы қиырсыз даласын жыртуға тұтас жауынгерлік бөлімшелерге бұйрық беріліп, олар тың игеруші бригадасына, бөлімшесіне айналдырылған. Мысалы, 1954 жылы орталық басылым беттерінде даңқты гвардиялық Таман дивизиясы жауынгерлердің атынан ұйымдастырылған хат жарияланды, онда солдаттар демобилизациядан кейін бір ұжым болып, тың игеруге барғысы келетіні айтылды. КСРО совхоздар министрлігінің алқасы жауынгерлердің өтінішін құптап, тыңға жіберді деп насихатталды. Солтүстік Қазақстан облысында Таман дивизиясы атындағы совхоз осылай құрылған деген дерек бар. Сонымен Солтүстік Қазақстан облысына тың және тыңайған жерлерді игеруге өзге облыстар мен республикалардан 15 мың жас азамат келген [76].

Мұрағат қойнауындағы тың игеру шараларына қатысты құжаттарда: «3 наурыз күні Петропавл қаласы таң ағара жолаушы поезын оркестрмен қарсы алды. Алматыдан партияның шақыруы бойынша, тың игеру үшін, 70-тен астам қыз бен жігіт қапшықтарын арқалап, чемодандарымен келіп түсті. Вокзал мейрам күндеріндей безендірілген. Қалаға шығатын бетте плакат: «Отансүйгіш жастарға жалынды сәлем!» деп жазылған. Дәл сол күні облыс орталығында Москвадан сегіз мың комсомол келіп қосылды» – деп те жазылған.

Мамлют ауданының хатшысы Савинов 1954 жылы 2 сәуірде ҚК(б) П облыстық комитеті пленумында сөйлеген сөзінде: «Біздің темір жол бойындағы Мамлют ауданына қазірдің өзінде үш мыңнан аса механизатор мен басқа да еріктілер келіп жетті, деп мәлімдеді [77]. Олардың көбі Мәскеуден, Кубань мен Одессадан шыққандар. Соңғы үш айда, әсіресе наурыз айында Мамлют станциясына облыстың астық совхоздары үшін жүк тиеген үш жүздей вагон келіп тоқтады. Олардың әкелгені жүзден аса шынжыр табан трактор, жүздеген соқа мен тұқым сепкіш, сыдыра жыртқыш пен тырма, көп шабу құралдары және басқада саймандар. Биыл станция басында отыз алты үй салынады» [78].

Халық партияның нұсқауларына шек келтірмеді. Мәселен, Алматыдағы жоғары оқу орны қызыл дипломмен тамамдап кейін Жамбыл ауданындағы Николаев мектебінің қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі болып келген Қ.Омаров көп жыл өткен соң, өз естелігінде: «Мен үгітшілердің жетекшісі ретінде: Тың игеру ісі-партияның көрегендігі. Аз жылдың ішінде елімізде астық проблемасын шешетін боламыз. Халықтың әл-ауқаты жақсарады. Бұрын астық сатуға жұмсаған қаржы әлеуметтік мәселелерді шешуге бөлінеді. Зейнетақы, жәрдемақы, еңбекақы көтеріледі. Денсаулық сақтау, халыққа білім беру мәселелері жақсарған үстіне жақсара түседі», - дейтінбіз. Осы күні өткен күндерге көз жіберіп, іс әрекеттерімізді сарапқа салып, сын көзімен қарасам, ұстаған бағытымыз жалған екен. Бірақ, күнкөріс үшін айт дегенін айта беріппін, деп те айта алмаймын. Партияның бағдарламасы мен мақсатына негізінен сендім. Партияның үгіт-насихат машинасы күшті еді ғой. Мен ғана емес, бүкіл халқымыз СОКП-нің негізгі қағидаларын құран сөзіндей қабылдады» – деп жазған еді [73].

1954 жылы 20 сәуірде жаңа тың совхозы құрылысының салына бастағаны туралы хабарланды. Возвышен ауылынан 40 шақырым жерде құрылысшылардың алғашқы шатыры пайда болды. Мәскеуден, Кубань өлкесі мен Сочиден келген құрылысшылар жаңа үйлердің ірге тасын қалады, механизаторлар жаңа совхоздың болашақ орталығын салуды бастады. Қоныстанушылар қиындықты жеңіп, қажырлы еңбек еткен. Жаңа жерде асхана, дүкен, монша болмады. Бұл совхоздың механизаторлары жазда 22 мың гектар жер жырттып тастамақ еді.

Тимирязев ауданы Дружба селосына келген алғашқы тың игерушілердің бірі В. Казаковтың күнделігінде 1954 жылдың шілдесінде

жазған мына үзіндіні келтірсек: «29-сәуір. Тақтайдай жайылған дала. Шана тіркеген екі С-80 тракторы сопақша келген үлкен көлдің жағасына келіп тоқтады. Біз шанадан тақтай қағылған таяқты алып түстік. Совхоз директоры қолына қалам алып, тақтайға «Интернациональный» совхозы» деп жазып қойды.

3-мамыр. Шымнан алғашқы үй соқтық. Екі бөлмелі. Бір жағы асхана, екінші жағы дүкен мен қойма. Бірімізге біріміз қатты сенеміз. Үсақ ақшамызды. Қаңылтыр бәнкеге салып, бөшкенің үстіне қоя саламыз. Жаз шыға бригада үшін алты үй соқтық. Сонымен бірге, болашақ орталыққа дүкеннің асхана мен мектептің, кеңсенің, пошта мен моншаның іргетасын құйып тастадық. 20 жігіттің мамандығы бар, бірақ кәсіп тандамаймыз, жұмсаған жерге барамыз.

4-мамыр. Жер жыртуды бастадық. Соқа түзу тарту үшін бригадирдің көмекшісі Степан Жученко салт атпен алдымызда жүріп отырды. Тракторис Виктор Чернецов трактор кабинасына таяп келді де, сырт киімін сыпырды. Сол кезде оның омырауында Ленин ордені жарқырап тұрды. Бірінші көруім. Былтыр «СХТЗ-НАТИ» тракторымен жер жырттып үлкен жетістікке жеткені үшін алыпты. Сол күні 64 гектар жыртты.

Жаз шыға совхозға алғашқы тың игерушілердің келіншектері мен балалары келе бастады. Тұрмысымыз түзелетін түрі бар. Әйелдер жағы кір жуып, асхана-күркеде дәм дайындап жатыр. Ленинградтан келген Леша Бардин мен Нина Малышеваның неке тойын қызықтадық [79].

Тың игерудің алғашқы жылдарында облыс орталығы Петропавл қаласы өнеркәсіпорындары 5-машина трактор станциясын, 19 – мал қорасын, көкөніс сақтайтын 31 қойма, астық сақтайтын 100 ашық алаң, мал азығын сүрлейтін 38 орын салып, 11 миллион рубль игерген. Сонымен бірге қала ауылға станоктар мен жабдықтар, құрал-сайман, ыдыстар жіберіп отырған. Шағын литражды электр двигителдерін жасайтын зауыттың жұмысшылары тың игерушілерге жоспардан тыс 600 мотор жасап берген. Петропавл қаласындағы паровоз депосының 50 теміржолшысы механизаторлар дайындайтын курсқа жазылып, курстан өтуге үндеу тастаған. Сөйтіп, совхоздарда жетіспейтін механизаторлар қатарын толықтыруға көмектескен. Облыстың жаңа құрылған шаруашылықтарына сол жылғы наурыздың екінші жартысында ғана Россия мен Украинадан 2,5 мың жас еңбеккер келді. Совхоз, МТС ұжыдары жергілікті халыққа тың игеруге келгендерді қарсыалу туралы «түсіндіру» жұмыстарын жүргізіп, оларға қамқорлық жасап, жергілікті тұрғындардың үйлеріне орналастыру арқылы баспана мәселесін шешіп отырды. Тың жерлерді игерудің асығыстығы сондай, тіпті, қазық қағылмаған жерлер де жырттылып, совхоздар мен шаруашылықтар құрылған. Ресми құжаттарда бірінші тұрғызылған совхоздар «ескі», ал одан кейін салынған совхоздар «жаңа» совхоз деп белгіленген.

1954 жылғы 13 наурыз және 29 наурыздағы қаулыға сай облыста 12 шаруашылық құрылған. Олар: Булаев ауданы бойынша: «Булаев» (директоры Кенжер А.Ф.), «Жданов» (директоры Николенко М.П.), «Молодогвардейский» атындағы (директоры Лизунов Н.М.), Октябрь ауданы бойынша: «Восход» (директоры Гайдуков А.Н.), Дзержинский атындағы (директоры Мохортов С.Р.), «Докучаев» (директоры Колтыран А.С.), «Ишим» (директоры Гайдуков А.Н.), «Москворецкий» (директоры Мартынов А.А.), «Тимирязев» (директоры Зарицкий Е.Е.), «Интернационал» (директоры Ануфриенко Д.З.). Преснов ауданы бойынша: «Украина» (директоры Григорянс И.К.), Жамбыл атындағы (директоры Татиевский Н.Я.).

Совхоздардың шекарасы белгіленіп, жыртылатын жері анық көрсетілген.

Жаңа совхоздарды құру жыл бойы толассыз жүргізілді. 1954 жылы 1 қазанда «Озерный» және «Целинный» (құрылған кезде Қостанай облысы Пресногорьков ауданына қараған) совхоздары, 12 қазанда Булаев ауданында «Веселовский» совхозы, 21 қазанда «Молодежный» және «Черкасский» (бұрынғы Совет ауданына қараған) совхоздары, ұйымдастырылды. Алғашқы тың игерілген жылдары СҚО-ның аумағында 19 тың игеруші совхоз құрылады.

Тың игеру кезінде бұрынғы «Октябрь» және «Степной» совхоздарының жыртыатын жер көлемі ұлғайтылды.

Тың игерушілердің бірі М.П. Николенко сол жылдар жөнінде былай деп есіне алады: «Мен 16 жыл еңбек еткен Запорожье облысының соғыстан кейін қалпына келтірілген Запорожье облысындағы «Большевик» совхозынан, тың игерушілердің бірінші эшелонымен тыңға келдім.

1954 жыл наурыз. Бұрынғы Возвышен совхозына Москва, Сочи, Ярославль, Краснодар қалаларынан 530 қыз бен жігіт келді. Келгендердің көбі өндіріс жұмысшылары, бұрын станокта істегендер болатын. Ал, ауыл шаруашылығының қыры-сырын білетін егіншілер біздің қатарымызда өте аз еді. Кім жер жыртыа беледі? – деп сұрадым. 4-5 қол ғана көтерілді: «Кім жер жыртуға барғысы келеді» – десем, барлығы түгел қолдарын көтерді. Көңілім көтеріліп қалды. «Жданов» совхозының орталығына 18 наурызда келдік. Орталықта қар тобықтан, көше жұтаң, бірақ көңіл көтеріңкі, бағзы бір мейрамға келгендейміз. Тың өмірі осы күннен басталды. Қыруар техника, құрылыс материалдарын төгіп жатты. Жұмыс күннен-күнге қыза түсті. Сол көктемде 24 мың гектар жер жыртылды, үйлер салына бастады. Күні-түні жұмыстамыз. Ауыз суды 45 шақырым жерден әкеледі. Бәріміз бір жанұя адамдарындай еңбек еттік. Қазақ, орыс, украин, башқұр, белорус, татар – әртүрлі ұлт адамдары қызықты да, қиындықты да бөлісіп, өмір сүрдік. Бәріміздің көздегеніміз – бір мақсат, қалайда жылдам іс жасап, уақытты ұтымды пайдалану» [80]. Міне, осы мысалдың өзі тың жерлерді игеру жөнінде

психаттың қандай пәрменді болғандығын көрсетеді.

КСРО-ның қуатты өнеркәсіп орындары Қазақстанға көп мөлшерде ауыл шаруашылық техникасын жасап, жөнелтуге тиісті болған. Челябин мен Волгоград – шынжыр табанды тракторлар, Горький және Ярославль қалалары – жүк автомашиналарын, Дондағы Ростов заводтары комбайндар, Ленинград – жылжымалы электр станцияларын, Рубцовск – бес түренді соқалар жіберіп жатты.

Астық молшылығын жасауға байланысты жаңа жерлерді кеңінен игеру нәтижесінде Қазақстанның ауыл шаруашылығын механикаландыру деңгейі өсті. Егер облыстың МТС, совхоздары мен колхоздарында 1953 жылы – 5863 трактор болса, бұл шама 1955 жылы – 12,5 мыңға, 1959 жылы – 17,6 мыңға өсіп, 1966 жылы – 19,5 мыңға жеткен, яғни 1954-1956 жылдары облыстағы МТС-тарында трактор паркінің қуаты екі есе, совхоздарда – 2,5 есе, комбайндар саны – 3 есе өскен екен [48].

Мемлекет тарапынан тың совхоздарында өндіріс нысандарын, ауыл шаруашылық ғимараттарын, тұрғын үй, мәдени-тұрмыс объектілерін салуға өте көп мөлшерде қаржы бөлді. Мәселен, Булаев ауданында 1954 жылдың үшінші тоқсанында құрылыс саласында 6,8 миллион сомды игерілсе, осы ауданның бір ғана «Жданов» совхозында 2,5 миллион сомның құрылыс жұмыстары орындалған. Тіпті тың совхоздарында жаңа тұрғындар үшін стандартты үйлер салу қыс айларында да тоғаған жоқ, сол жылы сегіз пәтерлі – 8 үй, төрт пәтерлі – 39, 43 – жеке үй, барлығы ауданы 9,9 мың шаршы метр болатын 90 үй бой көтерген екен [78].

Совхоздар мен колхоздарда егіншілік саласы үшін қажетті механизаторлар қатары тек сырттан келгендер есебінен ғана емес, жергілікті жастар есебінен де толығуға тиіс болды. Міне, сондықтан, республикада «Ауылда тұрады екенсің, техника тілін біл!» деген ұран көтерілді. Қай салада жұмыс істейтініне қарамастан жастар механизатор курстарында оқыды. Мектеп оқушылары да механизатор мамандығын үйренді. Осылайша, тың әкелген жаңалық дәстүрге еніп, тыңның арқасында ауылдың әр адамы техника тілін үйренуге ұмтылды.

«Тың жерлерді игеруге дейін ауылдардағы тұрғын үй қоры негізінен шым мен саманнан салынған жеркелер, тар әрі қолайсыз баспаналар болатын. Үкімет тарапынан бөлінген мол қаржы мен материалдық қорлар ауыл, селолардың бейнесін түбегейлі өзгертті, кірпіштен қаланып, шифермен жабылған үйлер көше-көше болып, қалададағыдай қатар түзеді. Әр шаруашылықта еңбеккерлер үшін клубтар мен мектептер, балабақшалар мен сауда орталықтары салынды, электр қуаты берілді, радио желілері, су құбырлары тартылды, асфальт жолдар салынды», – деп еске алады тағы бір тың игеруші [73].

Әлбетте, КСРО сияқты жер аумағы үлкен әрі шашыраңқы, халқы көп, қырғын соғысты басынан кешкен мемлекетте азық-түлік мәселесін тек аграрлық реформа жолымен, ауылда ғана шешу мүм-

кін емес еді. Сондықтан, бұл қиын да күрделі мәселеге ірі қалалар мен өндіріс орталықтарының күш-қуаты жұмылдырылды. Соның бір көрінісін 1954 жылы 23 қазанда өткен Петропавл қалалық партия конференциясында жасалған есепті баяндамадан көруге болады. Жиында тың игеру ісіне қала кәсіпорындарының тарапынан көмек беру мәселесі қаралған. Онда қалалық партия комитеті ауылдарға 29 инженер-механик, 42 техник-механик, 16 агроном, 17 зоотехник, 24 комбайншы, 365 тракторшы 161 токарь мен слесарь, өзге де жұмысшылар, барлығы 1000-нан аса адам жібергені жазылған. Петропавл станциясына паровоз депосынан, Куйбышев атындағы зауыттан 78 маман, шағынлитражды двигательдер зауытынан 96 маманның келгені де айтылған [78].

Ал, ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін кадр мәселесін шешу тек шаруашылық қана емес, сонымен бірге саяси маңызы бар мемлекеттік проблема болатын. Сондықтан, паровоз депосының комсомолдары 1954 жылы 23 қаңтарда облыстың барлық комсомолдары мен жастарын тракторда жұмыс істеуге шақырды. Соның нәтижесінде «патриот жастар» тракторшы болу үшін 2 айлық курстан өтіп, МТС-тарға 225 адам, ол совхоздарға 100 адам жіберілді. Партия қалалық комитеті облыстық партия комитеті арқылы МТС партия ұйымдарының хатшылығына 16 коммунисті, ал МТС аймағына аудандық партия комитетінің хатшылары ретінде жетекшілер жіберді. Көптеген колхозшылар мен МТС жұмысшылары қалада слесарь, токарь кәсібін игеру үшін оқуға тартылды. Қаладағы өнеркәсіптің, транспорттың, құрылыстың 18 кәсіпорындары және өзге де ұйымдары осы мәселе бойынша облыстың 31 МТС пен 77 колхозына көмек берген [81].

КОКП ОК-нің қыркүйек пленумынан соң МТС-тар мен колхоздарға екімлн. асаақшабөлінген. Тракторбригадаларымен колхозұстаханалары үшін 600 мың сомға түрлі құралдар (инструменттер) әзірленіп, 200 данадан аса түрлі станоктар берілген. Петропавл қаласының промкооперация артельдері бірінші жарты жылдықта тың және тыңайған жерлерді игеруші МТС-лары мен колхоздарға 6920 сомның тауарларын жіберген. Оның ішінде төсек орындар, жылы киім, асхана жабдықтары мен басқада тұрмыстық мүліктер болған. Байланыс қызметкерлері 33 колхозға радио желісін тартып берді. Қаланың мектеп оқушылары мен комсомолдары 16 мыңнан аса әдеби кітап жинап, оларды тың жерлерді игеріп жатқан МТС-лары мен совхоздарға жіберген.

Көмек беруші ұйымдар МТС-тар мен колхоздарға қызыл бұрыштарды жабдықтауға, құрмет тақтасы мен көрсеткіштер тақтасын жабдықтауға құралдар беріп, 15 кітапхана ашқан. Астық жинау кезінде 6000 мыңнан аса қалалықтар колхоздарда барып науқандық жұмыстарды орындады.

Павлодар облыстық ауыл шаруашылық басқармасының 1954 жылғы 2 ақпанда «Облыс колхоздарындағы тың жерлерді игеру

жөніндегі» № 38 бұйрығы бойынша әрбір МТС және ММС-терге 29 жер маманы бекітіліп, аудандарға облыстық ауыл шаруашылық басқармасының 6 маманы, яғни инженерлер, агрономдар жіберілді. 1954 жылғы ақпанның 5 күні Павлодар облыстық атқару комитеті мен Павлодар облыстық компартия комитеті бюросының «1954-1955 жылдары тың және тыңайған жерлерді игеру жөніндегі қаулысы қабылданды. Бұл қаулы облыс қолхоздарының тұқым шаруашылығы сапасын көтеру мен колхоздардың материалдық жағдайын жақсарту мақсатында «КСРО ауыл шаруашылығын әрі қарай дамыту шаралары жөніндегі» КОКП ОК 1953 жылғы қыркүйек Пленумы қойған міндеттерді орындауға бағытталған. Бұл құжат бойынша 1954-1955 жылдардағы тың және тыңайған жерлерді жыртып одан өнім алу жоспары бекітілді, қажетті агрошараларды ұйымдастыру жоспарлары белгіленді [82]. 1954 жылғы 6-11 ақпан аралығында Павлодар облысының колхоздары мен МТС-ты игеру үшін тың және жатып қалған жер участкелерін таңдау жұмыстарын жүргізу мақсатында орналастырушы мамандар сапарға шықты.

1954 жылдың 22 ақпанында Москваның Кремльдің Үлкен сарайында жаңа жерлерді игеру аудандарына жұмысқа аттанған ерікті комсомол мүшелерінің алғашқы тобымен кездесу үшін Москва қаласы мен облысының жастар өкілдері жиналды. Бұл жиынға қатысушылардың бірі, Тамбов облыстық Жердев МТС-і Қызыл жұлдызды комсомол жастар трактор бригадасының бригадирі Александр Кавериннің «Біз қиындықтарға төтеп береміз» атты мақаласы 1954 жылдың 17 ақпанында «Комсомольская правда» газетінде жарық көрді. Онда былай делінген: «...комсомолдық трактор бригадамыз Қазақстанның тың жерін игеруге толық құраммен баруға бір ауыздан шешім қабылдады. Біз жаңа жерді игеру сияқты жауапты істің табысты болуы бізге – механизаторларға байланысты екенін жақсы білеміз. Біз тракторымызды толығымен жөндеп қойдық. Бригадамыз кез келген уақытта егіндікке шығуға дайын... Қазақстанға Қызыл Туымызбен барамыз. Жаңа жерде де осы туымызды берік ұстауға міндеттенеміз. Барлық комсомол жастар мен жас механизаторларды біздің ісімізден үлгі алуға шақырамыз». Бұл хатқа тракторшылар бригадасының бригадирі, БЛКЖО XII съезінің делегаты А. Каверин мен бір топ тракторшы-комсомолдар қолдарын қойған. Бұл бригада мүшелері тың игерушілер қатарынан ең алғашқы болып Павлодар облысына жіберілген. 1954 жылғы 25 ақпанда Павлодар қаласында тың игеруге ниет білдірген жастар жиналысы өтті. Қатысушылар Павлодар облысының барлық жастары мен комсомолдарын осы үлкен іске қатысуға шақырды. Үндеуде «Бұл іс біздің қатысуымызсыз шешілмейді. Бәрің де жаңа жерге келіңдер! Біз сендерді сонда күтеміз!» деген еді.

1954 жылдың 13 наурызында Қазақ КСР Министрлер Кеңесі «1954-1955 жылдардағы тың және тыңайған жерлерді игеру және жаңа совхоз-

дар қалыптастыру есебінен астық өнімін ұлғайту жөніндегі» Қаулы қабылдады. Құжатта Қазақ КСР ауыл шаруашылық министрлігі 1954 жылы 48 астық совхозын ұйымдастыруға міндетті екендігі көрсетілген. Осының негізінде Ертісауданында 30 мың гектар жері бар Абай атындағы, 22 мың гектар жері бар Ленин атындағы совхоздар дүниеге келді. 1954-1955 жылдары Павлодар облысы аумағына 32 мың игеру совхоздары құрылады: Абай, Амангелді, Ленин, Пушкин атындағы, Голубовка, Западный, Қоскөл, Ертіс совхоздары және тағы басқа.

Алғашқы совхоздардың жайы туралы тың ардагері Ж. Сақыпкереев өз естелігінде былай жазған: «1954 жылдың наурыз айы. Біз Алматы ауыл шаруашылығы институтының төртінші курсын аяқтап, енді төрт айға өндірістік практикаға жүруге дайындалып жатқанбыз. Осы кезде Мәскеуде КОЖП Орталық Комитетінің пленумы өтіп, тың және тыңайған жерлерді игеру мәселесі көтерілді. Мәскеуде, Алматыда митингілер өтіп, жастар тыңға аттану жөнінде бастама көтерді. Сол митингілерде, әсіресе, Қазақстанның аты жиі естіледі. Мәскеу, Ленинград жастары біздің туған жеріміз Солтүстік Қазақстанға аттанбақшы, бәрін радиодан газеттерден естіп жатырмыз.

Институт басшылары да бізді жинап алып, жиналыс ашып, Қазақстанның солтүстік облыстарында тың жерлерді игеріп, пайдаға асыру қажеттігі туралы айтты. «Тыңға барасындар, сендер алғашқы тың игерушілерсіңдер» деді. Қуанып кеттік. Бәрі тез, шапшаң болды. Бізге поезға билет алып беріп, екінші Алматы вокзалынан шығарып салды». Оқуын аяқтап үлгермеген сол студенттер бірден ауыл шаруашылығы өндірісіне араласқан.

1955-1956 жылдары да тың игеру одан әрі жалғасты. 1955 жылы Солтүстік Қазақстан облысының картасында «Амангелді» (қазіргі Есіл ауданы), «Ленин» (Аққайың ауданы), Мариевский және Заря, Октябрь ауданы (қазіргі Шал ақын ауданы), тағы басқа совхоздар құрылады. Совхоз орталықтары 1931-1932 жылдардағы аштықтан қырылып, қаңырап қалған жерлерден ашылды. Бұрынғы қазақ ауылдары әрі кеткенде бөлімшеге айналды. Тыңы игерілген совхоздардың қойлары мен жылқылары оңтүстік аудандарға ығыстырылған кезде қазақ ауылдарының тұрғындары жұмыссыз қалды. Кешікпей мұндай «болашағы жоқ» ауылдарда мектептер жабылды, жастар жан-жаққа босты. Бұрынға колхозды ауылдардың берекесі кетіп, азып-тозды. Облыстардағы колхоздар таратылып, ірілендірілген совхоздарға айналдырылған.

Қазақ КСР ауыл шаруашылық министрінің қаулысы бойынша 1956 жылғы 26 маусымда Солтүстік Қазақстан облысында егін шаруашылығы үлгі-тәжірибе станциясы құрылды. Осылайша Қазақстанның егін шаруашылығын ғылыми негізде жүргізуге, топырақ ерекшеліктеріне қарай тұқым іріктеу, жергілікті жағдайға бейімделген жаңа дақыл тұқымдарын шығару жұмыстары қолға алынды. Әрине, алғашқы кез-

де ғылым мен тәжірибені ұштастыра отырып, жаратылыстану ғылымдарының жетістіктерін тың игеруге пайдалану жағы бірден қалыптасып кеткен жоқ. Ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы әуелгі кезде қатардағы совхоздың атқаратын міндеттерін орындаумен шектелді.

1955 жылы 15 желтоқсанда болған облыстық партия конференциясында Қазақстан КП облыстық комитетінің жасаған есеп беру баяндамасында облыс аймағындағы тың және тыңайған жерлерді көтеру ісі маңызды мәселе ретінде кеңінен көрсетілді. Онда колхоздар мен совхоздарда тың және тыңайған жерлерді игеру жоспарының орындалғаны айтылды: «...Осы мерзім ішінде облыс бойынша бір 1 миллион 43 мың гектар тың және тыңайған жер жыртылды. Мұның 582 мыңы колхоздардың, қалғаны совхоздардың үлесіне тиеді. Демек, мемлекет бойынша жыртылған отыз миллион гектар жер болса, соның бір миллионы осы облыста. Тың игеріле бастағаннан бері ірі-ірі 19 астық совхозы құрылды, оларға 18 мыңнан аса жұмысшы еліміздің әр аймағынан келді. Сырттан келгендердің ішінде 338 инженер-техник, 525 агроном, зоотехник пен мал дәрігері мамандары бар. Тракторшылар мен комбайншылардың саны 5,5 мыңнан асты. Облыстың шаруашылықтары мен партия ұйымдары мықты басшылармен нығайтылды. Бұдан бұрынғы екі жылда ауыл шаруашылығындағы күрделі құрылысқа он миллион рубль жұмсалған болса, тек соңғы бір жыл ішінде ғана бұл сома 122,5 миллионға жетті.

Солтүстік Қазақстан облысында 1955 жылдың желтоқсанында 37 совхоз болған. Есеп беру кезеңінде 19 жаңа ірі совхоз ұйымдастырылған. Бұл совхоздар 2616 трактор, 1164 комбайн, 793 автомашина мен өзге де күрделі техника алған [75].

Қостанай облысында 1954 жылы 72 жаңа совхоз ұйымдастырылды. Олардың екі миллион гектардан аса жері болса, оның ішінде егістікке жарамдысы 12 69886 гектар, мұның ішінде тың жерлердің ауданы тоғыз жүз мың гектардан асады. Облыс бойынша 1954 жылы 195 мың гектар тыңға, 165 мың гектар жұмсақ жерге егін себілді. Сақталған мәліметтерге қарағанда, 1955 жылдың көктеміне дейін тағы 8 совхоз құрылып, егістік көлемі төрт жүз жирма мың гектарға жеткен.

Екі жылда құрылған 80 совхоздың жағдайы шолып айтқанда мынадай еді: а) Барлық совхоздардың орталық мекендері анықталып, жер көлемі межеленді; ә) Мемлекеттік банктен есеп шоттары ашылып, әрбір совхоздың шаруашылық шығынына 230 мың теңге бөлінді; б) Жергілікті құрылыс материалдарын даярлау үшін 20 совхоз қамыс шауып, буып-байлауға кірісті; в) Совхоз жұмысшылары үшін азық-түлік жеткізілуде, теміржолмен келген құрамалы пәтерлер тиісті жерге орнатылуда. Жұмысшылардың баспана мәселесін шешу үшін стандартты, төрт пәтерлі 180 үй, 414 темір жол вагоны жеткізілді.

Жаңа совхоздарда көлік мәселесі қиындықпен шешілген. Мемлекеттік органдар тарапынан бөлінген техника уақытында жеткізілмеді.

Сондықтан жергілікті мүмкіндіктерді де пайдалану мақсатымен бұрын жұмыс істеп тұрған совхоздардан 72 трактор мен 42 автомашина алып, жаңа шаруашылықтарға қолдау көрсету көзделді.

Облыс басшылығы құрылыс мәселесіне қажетті деп тауып, әрбір совхозға 200 мың рубль күрделі қаржы бөліп, бұл қаражатқа тұрғын үй қорын толықтырды. Свердлов және Қорған облыстарынан әрбір совхоз үшін 5 мың текше метр ағаш, облыс бойынша барлығы 360 мың текше метр ағаш дайындалатын болды. 1955 жылғы бірінші тоқсанда орман шаруашылығы кәсіпорындары тарапынан 100 мың текше метр тақтай, 70 мың бөрене бөлінді [84].

Материалдық қажеттіліктер осылай шешіліп жатса, адам күші әлі де жетпейтін еді. Сондықтан Қостанай облысы Одақтық үкіметтің алдына 1955 жылғы 1-наурызға дейін қосымша мынадай жұмысшы күшін жіберуді сұрап, мәселе қойды: трактор бригадаларының бригадирлері – 500 адам, осынша бригадирдің көмекшілері, С-80 тракторларын жүргізетін 1500, ДТ-54 тракторларын жүргізетін 3700 адам және 1140 автомобиль жүргізушісі қажет екендігі көрсетілді. Жалпы алғанда жаңа совхоздарға қаңтар-сәуір айларында әр ай сайын 8 мың адамнан, барлығы 40 мыңа тарта жұмысшы жіберу сұралды.

Жаңа жерлерде ұйымдастырылып жатқан елді мекендердің тұрғындарына дәрігерлік көмек көрсету міндетін шешу үшін, 1955 жылғы 1-наурызға дейін әр совхозда аурухана және дәріхана болуы көзделді. Әрине, ол кездегі аурухана деген түсінік және денсаулық сақтау ісінің жағдайы қазіргімен салыстыруға келмейтіні түсінікті. Соған қарамастан, әрбір совхозда арнайы аурухана үйі салынып, онда кемінде бір дәрігерден болуының өзі ауыл шаруашылығы еңбеккерлеріне деген қамқорлықтың көрінісі екендігін айтпай кетуге болмайды. Тек осылай ғана мәселені шешіп, сырттан келген жұмысшыларды тұрақтандыруға болатыны күн тәртібінен түскен емес.

Облыстың Өрнек, Славян, Орджоникидзе, Краснопреснен, Комсомол, Урицкий қатарлы совхоздары бірден аяғынан тұрып, қалыпты шаруашылықтар ретінде көріне бастаған. Мысалы, Өрнек совхозындағы Велин басқаратын трактор бригадасы жоспарды екі жарым есе артық орындап, 96 центнер жағар-жанармай үнемдеген, әрбір гектарға шаққанда шығынды 9 рубльге азайтқан. Үздік саналатын Бойко және Шевцов деген тракторшылардың айлық орта жалақысы 2500-2800 рубльден айналған. Бригада көктемде 3195 гектар жерге тұқым сеуіп, көктемгі егісті уақытында аяқтаған. Сақталған құжатта Қостанай совхоздарынан жұмысты тастап, қашып кетіп жатқандар жоқ екені айтылған. Оның себебі, мұндағы жастар, көбінесе, жексембіліктерге шығып, өз күштерімен клуб салып алған, би алаңы мен спорт қалашығын жасаған. Өнерпаз жастар көктемгі егіс кезінде 7 концерт қойып, бірнеше спорт жарыстарын ұйымдастырған.

Совхозда 140 пәтер беріліп, тағы да 35 үй салынып жатыр, әрбір отбасының өзінде малы мен құсы, үй іргесінде бау-бақшасы бар.

Пряхин басқаратын екінші бір совхоздың 22,6 мың гектар дөңді дақылды жақсы сеуіп, баптауымен қатар, мұнда ауыл тұрмысының мәдениетіне де ерекше көңіл бөлінген. Екі жылдың ішінде асхана, монша, дүкен, клуб, наубайхана салынған. 20 үй және 3 жатахана қатарға қосылған [85]. Осындай жағымды мысалдарды Богдан Хмельницкий, Чехов атындағы, «Железнодорожный», «Затобол» және басқа совхоздар жөнінде де келтіруге болады.

Мұндай, кең ауқымды жұмыстармен қатар, ауыл шаруашылығын ұйымдастыруда, колхоз-совхоз жұмысшыларына тұрмыстық жағдайлар жасауда елеулі кемшіліктер де жіберілген. Мысалы, Г. Бойкачев деген тексеруші өзінің байқағандарын Мәскеуге былай деп хабарлаған: «Дала қостарында механизаторларға берілетін тамақ негізінен бір-ақ түрлі, қант, жарма, ет, май жиі жеткізілмей қалады. Нан әкелуде үзбеліктер бар. Дүкендерде тауар түрлері аз, аяқ киім мүлде сатылмайды. Киім-кешек жетіспейді, керосин, сіріңке, темекі, кейде тіпті тұз да болмай қалады. Мыңдаған адамдар жаңа пәтерлер алған, бірақ сол пәтерлердің іші қаңырап тұр. Жиһаз жоқ, мұнда стол, орындық, шкаф, ыдыс-аяқ сатылмайды [86].

Қазақстандағы тың және тыңайған жерлерді игеруге елдің басқа аймақтарынан күштеп, үгіттеп жіберілген халықтың мәдени деңгейі мен сауаты да жеткіліксіз болғандығы тарихи ақиқат. Сондықтан, оларды кешкі мектептерде оқытып, жетілдіру қажеттігі де туды. Осы орайда мына бір құжат біраз шындықтың бетін ашады деп санаймыз.

«8-10 сыныптарда оқығысы келетін 3250 адамның тізімі алынды, бірақ оларды оқыту мүмкін болмай отыр. Халық шаруашылығы жоспары бойынша биыл ауылдық жерлерде орта мектептер ашып, жұмысшы жастарды оқыту көзделмеген. Қазақстан КП Орталық комитеті мен республика министірлер кеңесіне бұл жөніндегі ұсынысымыз қолдау таппай отыр. Мәскеу де тілегімізді орындамады. Совхоздар мен МТС-да кешкі орта мектептердің болмауы жастардың, әсіресе қаладан келген жастардың ауылдағы жұмысты тастап, кетіп қалуына соғуы мүмкін» [84].

Жоғарыда аталған жағдайларды тың игеру ісінің асығыс басталып, қауырт жүргізілгендігінен дегеннен басқа дәлел айтуға келмейді. Шынында, мемлекеттің сол кездегі даму деңгейіне сай келмейтін мұндай, зоркөлемдегі жұмыстар халыққа ауыртпалық әкелгені дерас. Бірнеше жылдың ішінде ғана миллиондаған гектар жерді жыртып, жүздеген совхоздар құру, бері қойғанда, нағыз көз жұмбайлықеді. Көптеген совхоздарда тұрмыс қиындығына шыдамай көшіп кеткендер аз болған жоқ. Өкінішке қарай, олар туралы жазба мағлұмат табу мүмкін емес. Коммунистік идеология мұндай құжаттардың мейлінше құпия болуын, тіпті құртып жіберілуін назардан тыс қалдырған емес. Сол сияқты тың иге-

руге келгендердің барлығы шетінен адал патриоттар, саналы еңбеккерлер еді десек, шындыққа қиянат жасаймыз. Олардың арасында сотталып, арнайы орындардан мерзімінен бұрын босатылғандар, қалада сенделіп, бос жүрген арамтамақтар, өмірден өз орнын таппаған жастар да болғанын сол тың науқанының куәгерлері айтып отырады.

Тарихшы Рой Медведевтің: «Дегенмен, тыңға жуықта ғана қылмыскер болғандардың эшелондары да келіп жетті; өзінің қамалу мерзімінің көп бөлігін өтегендерге және тыңда жұмыс істеуге келісім бергендерге кешірім жарияланды. Еліміздің әртүрлі облыстарынан Қазақстанның солтүстік облыстарына Волга бойының айдаудағы немістері жер аударылды. Сірә, бұлар тыңның ең таңдаулы еңбеккерлері болар, олардан жаңа аудандарда біртіндеп басты механизатор кадрлары қалыптасты» [87] – деген пікірі, сол жылдардағы өмір шындығын көрсетеді.

Сол сияқты мысалы, Б. Момышұлы тың игеру жылдары Қазақстан Комсомол комитетінің бірінші хатшысы, С. Кенжебаевтың қызметі туралы: «...Сұрқия саясат оның ерлігі туралы айтқызбақ түгілі, атын да ататпай қойды. Ал ол халқымыздың ары үшін, намысы үшін басын қатерге тігіп, перзенттік борышын адал атқарған азамат!

Бүкілодақтық Комсомол жастар одағы көсемдері бас қосқан бюрода С. Кенжебаев: «Қазақстан тыңын игеруге өңкей түрмеден шыққан баскесерлер келіп, халқымызға көп зиянын тигізді. Бұдан былай бізге қылмыскерлерді емес, жұмыскерлерді жіберулеріңізді өтінеміз», – деп сөйлеген. Оның ол өтініші орынды, әділ. Соған қарамастан өзім білермен, өркөкірек Хрущев оны орнынан алып тастады. ...Ол көп нәрсе ұтты. Біріншіден, менмен басшылардың қазақтар туралы астамшыл ойын өзгертті. Екіншіден – халқымыздың ерлік рухының ояу екеніне көз жеткізді» – деп айтқан еді [88].

Л.И. Брежнев 1955 жылы 5 тамызда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Пленумында: «Көптеген хаттар өтініштерге қарағанда, жұрттың совхоздардан кетіп қалуы бізді қатты алаңдатып отыр. Оның үстіне жергілікті партия және кеңес органдары мұндай пиғылдарға әрқашанда және барлық жерде бірдей үнемі белсенді қарсы тұра алмады. Бұл мәселе Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюросында талқыланды, қазір оған зор мән беріліп отыр» деп те жазған еді. Ол кейбір совхоз директорларының да өздерін жұмыстан босату туралы өтініш беріп отырғандығын айтып, «Әрқайсысын жеке-жеке талқылау керек. Бәлкім кейбіреулерін жазалауға және қатаң жазалауға тура келер», – деп те мәлімдеген еді [74].

Осылайша, совет мемлекетінің бүкіл қуатын сарқа жұмсап, аз уақытта, елде астық молшылығын жасауға қол жетті. Өуелде жіберілген кемшіліктер, кеш болса да, бірте-бірте түзетілді. Аграрлық реформаның қателіктері уақыт қатпарының астында қалды. Мыңдаған

гектар жайылым мен шабындық мүлде жарамсыз болып, жер қорынан шығарылып тасталды.

Қостанай облысындағы егіншіліктің жағдайы және тың игеруге байланысты егіс алаптарының қалай кеңейгені мына мәліметтерден көрінеді. Облыстың совхоздары 1954-1955 жылдары 487 мың гектар тың және тыңайған жерлерді игеріп, егіс алабы 1953 жылмен салыстырғанда үш еседен аса ұлғайған немесе 1955 жылы 682 мың гектарға жеткен. Облыс совхоздарында осы жылдарда ірі қара саны 1,8 пайызға өсірген, оның ішінде сиыр 19 пайызға, шошқа 22,5 пайызға, құс саны 22,5 пайызға ұлғайған. 1953 жылмен салыстырғанда мемлекетке ет тапсыру көлемі едәуір артқан [75].

Қазақстанның солтүстік аймағындағы ауыл шаруашылығының 1954-1964 жылдардағы жағдайын бағамдау үшін негізінен басшы партия-шаруашылық органдарының құжаттары нақты деректер болып табылады. Өйткені, партия органдары бүкіл билікті бір қолға жинап, негізінен шаруашылықты басқару функциясын атқаратын еді. Мезгіл-мезгіл белгілі бір кезеңде атқарылған шаруашылық жұмыстардың қорытындылары арнайы жиналыстарда қаралып, нақты жағдайға баға берілетін. Кемшіліктерді түзетуге бағытталған шаралардың жоспары жасалып, келешекке бағыт-бағдар белгіленетін. Сондықтан, ғылыми жұмысты дайындау барысында түрлі деңгейдегі партия конференцияларының хаттамасына жүгінуге тура келді. Ондағы мақсат: біріншіден, мұндай маңызды саяси жиынға ұсынылатын деректер мемлекеттік есеп-санақ органдарының мәліметі негізінде іріктеледі, сондықтан нақты факт және дерек ретінде қабылдауға болады. Екіншіден, мұндай жиналыстарда күн тәртібіндегі мәселеге байланысты аймақтағы еңбек ұжымдарындағы моральдық-саяси жағдай, халықтың әлеуметтік-шаруашылық тұрмысы жөнінде тексерілген, шындыққа сай келетін типтік деректер келтіріледі. Мұндай деректер, көбінесе сол аймақтың қоғамдық-саяси жағдайын айқындайды деуге болады.

Солардың бірі ретінде Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют аудандық партия конференциясының хаттамасын талдап көрейік: Есепті баяндамада соңғы жылда колхоз басқармасы төрағаларының қызметіне ұсынылған 11 адамның тек бесеуі ғана орта білімі бар екені айтылған. Демек, басқарушы кадрлардың деңгейі осылай болып тұрғанда, ауыл шаруашылығы өндірісін ғылыми негізде, сауатты басқару туралы әңгіме болуы мүмкін бе? Тіпті, мынадай да факті болған: «Большевик» колхозын басқаратын Т.М. деген коммунистің маскүнем, бұзақы әрі азғындаған адам екенін аудан басшылары жақсы білген. Оның қандай басқарушы екендігі, колхоз шаруашылығын тұралатып жібергені осы жиында айтылған.

Сол сияқты, «Заря коммунизма» колхозы басқармасының төрағалығына ұсынылған Х. деген іске олақ, жалқау, тапсырмаға ен-жар қарайтын адам екен. Өзі сауатсыз, ұйымдастырушылық қабілеті

жоқ, мұндай адамдарға тек компартия мүшесі болғаны үшін ғана шаруашылық басқару ісі сеніп тапсырылған. Нәтижесінде ол да шаруашылық экономикасын құлдыратып, қарауындағы халықтың тұрмыс жағдайын күйзелтіп жіберген [89].

Сол кезеңде аграрлық саланың күйзеліске ұшырауының себептерін осы жағдайлардың өзі-ақ көрсетеді. Адамдарды басшылық жұмысқа іріктеп, жіберудегі мұндай өрескел кемшіліктер тоталитарлық жүйеге тән құбылыс екенін басқа да мысалдармен тиянақтауға болады.

1955-56 жылдары облыс аумағында жиналған астықты тасымалдау үшін бірнеше темір жол желісі тартылды. Атап айтқанда, Булаев тар табанды темір жолы мен Қорған (Сулы бекеті) темір жолы бірінен-бірі шалғай жатқан астық совхоздарын, Октябрь және Булаев аудандарының машина-трактор станцияларын Сібір магистралімен жалғастырды. Сонымен қатар, жылдың кез-келген мезгілінде халық шаруашылығы жүктерін тасу үшін Петропавл – Марья, Мамлют-Преснов және Қиялы-Корнеев тас жолдары салынды. Бұл нысандардың халық шаруашылығы жүктерін тасудағы маңызы әлі де жойылған жоқ.

Мемлекеттің бірінші басшысы Н. Хрущевтің «Шөптанапты егістікті жою керек!» деген ұранына сәйкес, көпжылдық шөп егуге мүлде тыйым салынып, оның орнына жүгері алқаптарын мейлінше кеңейтіп шаралары жүзеге асырылды. Өсімдік шаруашылығынан жеткілікті хабары жоқ, керісінше, қолында өлшеусіз билігі бар жеке адамның кеудемсоқ бастамасын кейбір жағымпаз мамандар қолдап, бір жылдың ішінде облыстағы жүгері алаптарының аумағы алты есеге дейін көбейіп, 54,4 мың гектарға жетті. Ал, тың жерге себілген жүгері тұқымы, мол жаңбырдан кейін өте көп өнім бергені рас. Бірақ, мұнша көп өнімді ұқсататын мүмкіндік те дәстүрлі тәжірибе болмағандықтан, жүгері шаруашылығы айтарлықтай кіріс берген жоқ.

1955 жылы ауа райы қолайлы болып, 1953 жылмен салыстырғанда мемлекетке астық 1149 мың пұт артық тапсырылды. Бұл арада қандайда бір егіншіліктің озық тәжірибесі немесе ғылым жетістігі нәтиже берді деп айтуға болмайды. Ұқыпсыз жыртылып, тыңға себілген дөңді-дақылдар алғашқы жылдары күтпеген дәрежеде мол өнім бергені рас. Сойтіп, жаңа совхоздарды былай қойғанда, 18 ескі шаруашылықтың тоғызы шаруашылық жылын 7183,4 мың сом кіріспен аяқтады. Осылайша, Қазақстанның, оның ішінде солтүстік аймақтың аграрлық саласында алға басу байқалғандай болды. Орталық үкімет елде астық молшылығына қол жеткізудің экстенсивті жолын бірден бір дұрыс санап, басқа, ғылымға негізделген инновациялық бағытты таңдайтын пейіл білдірмеді. Тың жерлерден аз шығынмен көп өнім алынуын социалистік жүйенің даусыз жетістігі, коммунистік идеологияның жеңісі деп дауырға насихаттау басталды. Агротехниканың ғылыми негізін салушылар, топырақ баптаудың жаңа әдістерін ізденуге талпынған оқымыстылар мен мамандар қуғынға ұшырады.

Жер көлемін сапасына қарай емес, санына қарай бағалауға әуестік одан әрі асқынып, қуатты техниканың күшімен жерді орынсыз жыртудың жаңа жоспарлары дүниеге келді.

Осынау кереғар аграрлық саясаттың кемшіліктері сол кездің өзінде-ақ байқала бастаған болатын. Мысалы, Қазақстан КП Орталық комитетіне облыстық партия комитетінің аграрлық саланың жағдайы жөнінде берген мына есебінен кейбір жағдайларды аңғарамыз: «Тыңды жыртуға байланысты совхоздар мен колхоздарда егістік көлемі күрт ұлғайып кетті. Сырттан келгендердің басым көпшілігінің егін шаруашылығынан хабары болмады. Бірталайы егіс жұмыстарына тұңғыш рет қатысып отырғандықтан, агротехникалық шараларды өз мөнінде жүргізе алмады. Жұмыс сапасы төмендеп кетті. Сандық көрсеткіштерді қуып, сапа жағы ескерілмеді. Осы және басқа да кемшіліктердің салдарынан дөңді-дақылдардың әр гектарынан колхоздар 3,9 центнерден, совхоздар 4,8 центнерден ғана астық алды. Колхоздардың барлық астық алабының 9,8 пайызы, яғни 116 мың гектар, совхоздардың 14,7 пайызы немесе 85146 гектар жерге егін шықпай қалды [90]. Ауыспалы егіс жүйесінің тәртібі бұзылды, бұл мәселе осы уақытқа дейін шешімін таппай отыр.

Аграрлық саладағы мұндай кемшіліктерді асқындырмай, жою мақсатында орталықтағы билік ауыл шаруашылығын білікті басшы кадрлармен нығайту қажет деп тапты. Қысқа уақыт аралығында шаруашылықтың қомсомол ұйымы хатшысынан бастап тың өлкесінің партия, кеңес, шаруашылық басшыларына дейін сырттан еکلді. Сөйтіп, 1955 жылы желтоқсан айына дейін облыстық ұйымдардан, сонымен қатар КОКП ОК мен Қазақстан КП жолдауымен аудандарға басшы қызметтерге 72 жауапты қызметкер жіберілді. Оның 22-сы аудандық партия комитетінің хатшылары болып тағайындалса, ал оның алтауы – бірінші хатшылыққа, екеуі – аудандық кеңес атқару комитеттерінің төрағалары болып сайланды. 16 адам МТС директорлары және 23 адам – совхоз директорлары болып тағайындалды. Әрине, келгендердің бәрі бірдей біліктілігі жоғары немесе кәсіби мамандығын жетік меңгергендер емес еді. Кездейсоқ келіп, басшы жұмысқа тағайындалған, сөйтіп, ауыл шаруашылығының берекесін кетіргендері де аз болмаған. Осы тұста тың ардагерінің естелігінен мына бір деректі келтірейік: «Біздің ауданға бірінші хатшы болып Челябинскіден ешқашан ауыл шаруашылығында істемеген В.И. Патютко деген сол 1954 жылдың жазғытұрымында келді. Аудандық атқару комитетінің төрағасы 1949 жылдан істеп келе жатқан Ә.Қ. Мусин болатын. Бұл кісі өзінің іскерлігі мен жұмысты жете біліп, орынды талап қоюымен, парасатты әділдігімен аудан жұртшылығына әбден қадірлі, белгілі болған еді. Бірақ, сырттан келгендер оған ерік берген жоқ. Бастапқы кезде жоғарғы жерден бұйрық алып келген директорлар жергілікті басқарушы органдарға жүре қарап, көбіне облысқа, тіпті, Мәскеуге, совхоздар министрлігіне тура тілдесіп жүрді. Совхоздар тресі облысының орталығында

және де КОКП орталық комитетінен тыңдағы аудандарға «Партияның орталық комитетінің парторгі» деген партия ұйымдастырушысы белгіленді. Ол Мәскеуден келетін.

Бұйрық алып келген директорлардың ішінде ауыл шаруашылығын да істемегендері, тіпті, мал дегенді көрмегендері де болды. «Интернационал» кеңшарының бірінші директоры Онуфриенко деген артынан «Октябрь» кеңшарының директоры болды. Білім жағынан Харьковтың ауыл шаруашылық институтының 2-ші курсы бітірген болып жүрген. Артынан құжаттарды тексеріп, тіркеу кезінде оның сол институт түгілі, орта білімі де жоқ болып шыққан.

Тың және тыңайған жерлерді игеруге Қазақстанға жіберілгендер, шын мәнінде өздерінің қайда бара жатқанын, өздері не істеуі керектігін, бұл жақта қандай халық тұрып жатқанын білген де жоқ. Тек қана қуатты насихат пен үгіт олардың құлағына «Ғасырлар бойы бос жатқан жерлерді игеріп, сонда қоныстанасыңдар» дегенді құя берген соң ғана, біреуі күнкөріс үшін, екіншісі көп пайда табу үшін, ал көбі қызық көру үшін ғана келген болатын. Осы мәселе жөнінде Қазақстан республикасының тыңғыш Президенті Н. Назарбаев былай деген болатын: «Дәл осындай жағдайда қазақ халқының салт-дәстүрлеріне, мәдениетіне, тарих ескерткіштеріне құрметпен қарауды күтуге болар ма еді?». Өте дұрыс айтылған сөз. Экономикаға, жер жырытып астық өндіруге ешқандай қатысы болмаса да, қалалардың, елді мекендердің, тіпті жер мен судың атаулары күшпен ауыстырылып, бағзы қазақ жері екендігін ұмыттыру мақсатында жаңадан, қайта аталу үрдіске айналды. Сол тың жылдары ғана Солтүстік аймақта 3500 жер-су, елді мекен атаулары өзгертілген екен [72].

«Марьев» совхозы ұйымдастырып, оның бірінші директоры болып келген Белов деген Мәскеуде өсіп, сонда тұрған, тыңда көп тұрақтаған жоқ, 1,5 жылдан кейін кетіп қалды. Оңаша кеңескенде ол мұнда келгенше бидайдан арпаны, арпадан сұлыны айыра алмайтынын ашық айтатын. Рас, «Ишим» совхозының бірінші директоры Гайдуков деген Қырым жағында да бау-бақша кеңшарының директоры болған. 1956 жылдың көп астығының арқасында Еңбек Ері атағын алып, ол да кетті. Осындай алыс-жұлыс күндер өтіп жатты» [79].

Ал, тың ардагері Ж. Сақыпкереев былай дейді: «1956 жылы туған жерге келіп, жаңадан құрылып жатқан «Бұлақ» совхозына бас агроном болып тағайындалдым. Шаруашылық орталығы Ақанбарақ ауылы. Онда шымнан салынған жиырма шақты жер үй бар, мектеп жоқ, балалар Сергеев селосына жаяу барып оқиды екен. Совхоз директоры оқуда, ол жыл аяғында оқу бітіріп келеді, оған дейін мен басқаратын болдым. Ауылда жалғыз қосағаш үй (екі бөлмелі дегені ғой), оны қосағаш үй деп қоқитып айтамыз, бір бөлмесі кеңсе, екінші бөлмесі дүкен.

1957 жылы қаңтарда жаңа директор оқуын бітіріп, трестен бұйрығын алып келді. Ұлты қалмақ, әскери қызметте болған, майор

шеніндегі Андрей Момышев деген, жасы қырықтың үстіндегі жігіт екен. Ауыл шаруашылығынан мүлде хабары жоқ, ыңғайсыздық көріп қиналып жүрді де, 3-4 айдан кейін өтініш беріп кетіп қалды. Оның орнына келген директор Ө.Ыбыраев бұрын Петропавл аудандық атқару комитетінің төрағасы болған тәжірибелі адам, іске бірден белсене кірісіп, жұмысты біраз ілгері бастырды. Ол жоғары жақпен сөйлесіп жүріп, дәлелдерін келтіріп, «Семиполка» совхозына қарайтын, Есілдің бойындағы үш қазақ ауылын Жаңажол, Кеңес, Жаңаталап ауылдарын «Бұлақ» мал семірту совхозына қостырып алды. 1958 жылдың күзінде жаңа совхозда радио, телефон тартылды, электр жарығы желілері жүргізілді, монша жұмыс істеді» [73].

1954 жылдың қаңтарынан бастап колхоз төрағаларына ауыл шаруашылығының және халық шаруашылығының өзге салаларының мамандарын, сонымен қатар, басшы қызметте мол тәжірибесі бар адамдар, яғни 99 адам ұсынылған. Ал 1954 жылы 1 қаңтарда облыста 2 колхоз төрағасына жоғары және аяқталмаған жоғары білімі бар адам тағайындалған. Қалған колхоз төрағаларының 42-сінің орта білімі болған. Осы себептен түрлі деңгейдегі кадрлар да қызмет еткен. Мысалы, Ж.Ф. Ысқақов: «Мәселен, егінді бөлектеп оруды алайық. Алғашқыда бұл әдісті тоқпақтап кіргіздік деуге болады. 1957 жылы егін онша шықпады. Мен онда Октябрь ауданындағы Ворошилов МТС-інде бас агроном едім», – дейді де, кейбір бастықтардың егін шаруашылығын білмей, өкімшілік жолмен белден басатынын айтады.

1955 жылдың 1 желтоқсанындағы мөлiмeттерде облыстағы 30 колхоз төрағаларының жоғары және аяқталмаған жоғары білімі болса, ал 67-сі орта білімді иеленген. 32 МТС директорының 19-ында (59,4 %) жоғары және аяқталмаған жоғары білім болған. 37 совхоз директорының 23-і (62,2 %) жоғары және аяқталмаған жоғары білімді иеленген [91]. Тiптi, оларды қайтадан оқыту iсi де қолға алынған. Қызылжарда колхоз кадрларын даярлайтын үш жылдық мектепте оқытушы болған Ж.Ф. Ысқақов өз естелiгiнде былай дейдi: «Шөкiрттер алыстағы ауылдан келген басқармалар. Есiмде қалғандарын айтайын. «Бұлақ», «Айтуар» ұжымшарларынан басқармалар Қ. Ағажанов, Қожа Сибанов, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Семей, Көкшетау, Шығыс Қазақстан облыстарынан бiраз кiсiлер оқыды. Көбiнiң бiлiмi төмен, 3-7 сынып көлемiнде ғана. Сол кiсiлерге қазақ тiлiнде ботаника мен егiншiлiк негiздерi пәндерiн оқыттым».

Тың игерудiң алғашқы жылдары облыста 53 совхоз болса, оның 19-ы жаңадан құрылады. Ал, екiншi көктемде жыртылған жер көлемi 2,3 есе ұлғайтылған. Бидай егуге арналған жер ерекше көбейтiлiп, орташа егiн шығымдылығы гектарынан 14,2 центнер болды. Тың игеруге дейiн облыстың ауыл шаруашылығына орта есеппен жылына 10 миллион сомдай жұмсалса, тың игерудiң алғашқы жылында 102,5 миллион сом қаржы жұмсалған.

ҚО астық өндірудің өте жоғары көрсеткішіне 1956 жылы жеткен. Ауа райы қолайлы болып, бұрын төрт жылда жиналатын астыққа бір жылда қол жетті. Отан қоймасына 85 мың пұт астық құйылды. Бұл оның алдындағы үш жылдың берілетін астыққа тең болған. Солтүстік Қазақстан облысы әр гектардан орта есеппен 12,7 центнер өнім алса, кейбір аймақтар бұдан екі еседен артық шығымдылыққа қол жеткізді. Мысалы, Конюхов ауданы бойынша – 17,5 центнер, Петропавл совхозында – 26 ц. астық алған. Осындай жетістік тың жердің және табиғаттың бергені деп саналмай, субъективті бағаланды. Жеке адамдардың, жеңімпаз идея мен Мәскеудің көрген басшылығының арқасы деп түсіндірілді. Әлбетте, тиісінше жаппай марапат жасалды. Облыс, барлық аудандар, 12 совхоз, 21 МТС, 111 колхоз ҚКП Орталық Комитеті мен Қазақ КСР Министрлер кеңесінің ескерткіш Қызыл туын алған. Ауыл шаруашылығы партия, кеңес, кәсіподақ және комсомол қызметкерлері санатынан 3700 адам ордендермен, медальдармен марапатталған. 12 адамға Социалистік Еңбек Ері деген атақ берілген. 37 мың адам «Тыңды игергені үшін» медальмен марапатталған.

Қостанай облысында тың және тыңайған жерлерді жырту нәтижесінде дөңді дақылдар егістігінің көлемі қалай ұлғайғаны және алынған өнім мөлшері мына кестелермен сипатталады:

Колхоздар мен совхоздардағы егін алқабының көлемі

3-кесте

| | Колхоздар | Совхоздар | Облыс бойынша |
|------------------------------------|-----------|-----------|---------------|
| Барлық егістік | | | |
| 1953 жыл, мың. га | 871,5 | 370,3 | 1241,8 |
| 1954 жыл | 1075,6 | 407,6 | 1483,2 |
| 1955 жыл | 1834,5 | 1545,0 | 3379,5 |
| Дөңді дақылдар | | | |
| 1953 жыл, мың. га | 706,7 | 247,4 | 954,1 |
| 1954 жыл | 899,1 | 297,2 | 1196,3 |
| 1955 жыл, мың. га | 1590,7 | 1433,6 | 3024,3 |
| өсім 1955 ж. 1953 ж. салыстырғанда | 2,2 есе | 5,8 есе | 3,2 есе |
| Жаздық бидай | | | |
| 1953 жыл, мың. га | 494,5 | 141,9 | 636,4 |
| 1954 жыл | 617,9 | 188,0 | 805,9 |
| 1955 жыл | 1163,1 | 1227,0 | 2390,1 |
| өсім 1955 ж. 1953 ж. салыстырғанда | 2,3 есе | 8,6 есе | 3,7 есе |

Төмендегі мәліметтерде астық тапсырудың салыстырмалы көрсеткіштері берілген: (мың центнермен) [92].

Бастырылған астық және оны мемлекетке тапсыру

4-кесте

| | 1953 жыл | | 1954 жыл | |
|---------------------|-----------------------|------------------|-----------------------|------------------|
| | Астықтың жалпы түсімі | Одан мемл. тапс. | Астықтың жалпы түсімі | Одан мемл. тапс. |
| Колхоздар | 7050 | 3048 | 7361 | 3436 |
| Совхоздар | 2542 | 1265 | 2099 | 1290 |
| Облыс бойынша жиыны | 9592 | 4313 | 9460 | 4726 |

Зерттеу барысында көз жеткізгеніміздей, тыңға игерілген негізгі аймақтардың бірі болып табылатын Қостанай облысында алғашқы 2-3 жылдың өзінде-ақ аграрлық салада өте үлкен өзгерістер болған. Мұның салдары халықтың демографиялық жағдайын түбірімен өзгертіп жіберді. КСРО-ның басқа аймақтарынан арнайы жолдамамен қоныс аударушылар негізінен тың игерушілер десек, оларға қоса өз бетімен көшіп келгендер де есепке алынған [84]. Алғашқы екі жылда мұнда 67267 адам көшіп келген, олардың көпшілігі жекебасты жастар болуымен қатар, арнайы қоныс аудару билетімен келген отбасылар да аз емес.

Нақты деректер мынадай: 1954 жылы басқа республикалар мен облыстардан қоныс аудару билетімен 1581 отбасы және билетсіз 60 отбасы, барлығы 6985 адам келіп қоныстанған. 1955 жылы Қостанай облысына 3 мың отбасы келетіні жоспарланса, одан 289 отбасы яғни 1180 адам келген. Мынау сыртында билетсіз келген 2652 адам тағы бар. Басқа жолмен келгендерді, облыс орталығынан көшіп барғандарды қоса есептегенде 1954-55 жылдары ауыл шаруашылығына 11699 адам барып, олар колхоздарға, совхоздарға. МТС-пен жаңа құрылыстарға бөлініп, орналас-тырылған [93].

Қостанай облысына тыңды игеруге келгендер, мамандығы және кәсібі бойынша жіктегенде:

5-кесте

| | 1954 ж. келгендер | 1955 ж. келгендер | Барлығы |
|--------------------------------|----------------------|----------------------|---------|
| Трактор бригадасының бригадирі | 410 | 340 | 750 |
| Тракторшылар | 4054 | 3653 | 7707 |
| Комбайншылар | 301 | 1661 | 1962 |
| Басқа мамандар | 1891 | 1253 | 3144 |
| Барлығы: | 6656 | 6906 | 13563 |

МТС-ден түрлі себептермен кетіп қалушылардың саны

6-кесте

| | 1954 ж. | 1955 ж. | Барлығы |
|-------------------------------|---------|---------|---------|
| Әскерге шақырылғандар | 827 | 912 | 1739 |
| Дәлелді себептермен кеткендер | 389 | 558 | 947 |
| Өз бетімен кетіп қалғандар | 353 | 398 | 751 |
| Барлығы: | 1569 | 1868 | 3437 |

Тың игерудің алғашқы екі жылында, бүкіл республикадағы сияқты Қостанай облысы ауыл шаруашылығы саласын жетекші кадрлармен біршама нығайтылды. МТС, колхоздар мен совхоздарды басқаруға арнайы мамандығы бар немесе сондай жұмыс атқарған бірқатар қызметкер жіберілді. Айталық, 1955 жылдың соңына қарай МТС директорларының 75 пайызы, совхоз директорларының 97 пайызы, совхоздардың бас инженерлерінің 98 пайызы, МТС бас инженерлерінің 75 пайызы, совхоздардың бас агрономдары түгелдей, МТС бас агрономдарының 97 пайызы жоғары білімді мамандар екенін көреміз. Осы уақыт ішінде колхоздарға 225 ауыл шаруашылығының маманы келген екен.

Колхоз басқармасы төрағаларының құрамы

7-кесте

| | Басқарма төрағалары 01. 11.1955 ж. | КСРО Үкіметінің 25.03.1955 ж. қаулысымен жіберіліп, сайланғандары |
|------------------------------------|--|---|
| Барлығы | 292 | 80 |
| Сонын ішінде жоғарғы білімді | 16 | 16 |
| Аяқталмаған жоғары білімді | 17 | 11 |
| Орта білімді | 89 | 44 |
| Арнайы білімі жоқ, тәжірибе иелері | 170 | 9 |

Осы жылдар ішінде облыстың аграрлық саласы техникалық жағынан едәуір нығайды. Зауыттар мен фабрикаларда жасалған машиналар мен құрал-саймандар елдің әр қиырынан келіп жатты. Сақталған мәліметке қарағанда, 1954-1955 жылдардың өзінде ғана облыстың ауыл шаруашылығына 21760 трактор, 5970 комбайн 4 мыңдай автомашина жеткізілген екен [94 пп.83-84].

Жоғарыда айтқанымыздай, тың игерудің алғашқы кезеңінде көп келе бастаған жұмысшы күші кейін де толастаған жоқ. Мысалы, 1954-1956 жылдар ішінде Қостанай өңіріне 150 мыңнан астам адам келсе, олар 40 ұлттың өкілдері болатын. Теміржол желілері ұзартылды, елді мекендерді қосатын тас жолдар салына бастады. Облыста Қамысты және Октябрь деп аталған екі жаңа аудан құрылды. Шаруашылықтар қосымша 31 мың трактор, 15 мың комбайн, 18 мыңнан астам көлік алды [95].

Облыста себілетін жер көлемі 5 миллион гектардан асты. Қостанай облысының жер жағдайына қарай, шөл және жартылай шөлейт аймақ болып табылатын Торғай және Амангелді ауданынан басқа, жаппай егіншілікпен айналысатын 16 аудан болды. Олардың ішінде 80 мың гектар егістігі бар Введен ауданынан бастап 110-120-128 мың гектарға астық себетін Пешков, Обаған, Жетіқара аудандары, 150 мың гектардан 200-280 мың гектарға дейін егістігі бар Ұзынкөл, Қарабалық, Урицкий аудандары сияқты ірі-ірі аймақтар қалыптасты. 1955 жылдың аяғында облыстың 279 колхозы, 43 МТС-ы мен 129 совхозы негізінен астық өсіруге бейімделіп, түбегейлі қалыптасты. Бұл көрсеткіштер Қазақстанның солтүстік аймағының бүкіл одақ бойынша қандай маңыз алатынын көрсетуге тиіс.

Облыс бойынша дәнді дақылдар егістігінің көлемі

8-кесте

| Аудандар | Барлық егіс, мың га | | Аудандардың құрамында | | |
|-------------------|---------------------|---------|-----------------------|-----|--------|
| | 1953 ж. | 1955 ж. | колхоз | МТС | совхоз |
| 1. Амангелді | 8,3 | 16,2 | 19 | 2 | 2 |
| 2. Введенский | 35,0 | 79,5 | 18 | 2 | 3 |
| 3. Жетіқара | 55,7 | 128,5 | 5 | 1 | 12 |
| 4. Затобольский | 68,6 | 153,2 | 13 | 2 | 7 |
| 5. Қарабалық | 104,1 | 281,9 | 16 | 3 | 8 |
| 6. Қарасу | 68,1 | 244,4 | 10 | 1 | 16 |
| 7. Қостанай | 80,5 | 150,0 | 19 | 3 | 4 |
| 8. Меңдіғара | 64,4 | 153,7 | 22 | 3 | 6 |
| 9. Орджоникидзе | 121,8 | 351,3 | 22 | 3 | 20 |
| 10. Пешков | 72,6 | 10,4 | 19 | 3 | – |
| 11. Пресногорьков | 52,2 | 151,9 | 14 | 2 | 8 |
| 12. Семиозер | 93,7 | 211,9 | 20 | 4 | 11 |
| 13. Таранский | 90,0 | 226,5 | 30 | 4 | 6 |
| 14. Торғай | 4,1 | 6,0 | 10 | 2 | – |
| 15. Обаған | 55,7 | 123,3 | 13 | 3 | 3 |
| 16. Ұзынкөл | 53,6 | 229,0 | 15 | 3 | 6 |
| 17. Урицкий | 65,1 | 284,1 | 25 | 4 | 11 |
| 18. Федоров | 163,3 | 265,2 | 18 | 2 | 8 |
| Барлығы: | 1256,8 | 3167 | 308 | 47 | 131 |

Облыста астық өндіру көлемінің жедел артуына байланысты мал шаруашылығын дамытуға да қолайлы жағдай туған деуге болады [85].

Қостанай облысында ауыл шаруашылығы жан жақты дамыды, бірақ егін шаруашылығы негізі сала болып қала берді. 1954-1958 жылдар аралығында жаңадан 120 совхоз құрылды, игерілген тың көлемі 4517 мың гектарға жетті. Облыс мемлекетке 457 миллион пұт астық берген [98,179п.].

1956 жылдан бастап Павлодар тың және тыңайған жерлерді игеру орталықтарының бірі болған. Тыңды көтеру нәтижесінде облыстың егістік аумақтары он есе көбейіп, көмірді өндіру және тың игеру Павлодар облысындағы өндірістік күштердің дамуына мықты серпін берген.

Қолайлы экономикалық-географиялық орналасуы, бай ресурстары, көлік жолдары мен Ертіс-Қарағанды арнасының бар болуы 1957 жылы құрамына Павлодар, Екібастұз, Ақсу (Ермак) қалалары енген Павлодар-Екібастұз аумақтық-өнеркәсіптік кешеннің құрылуына әсер етті [47].

Қазақстанның солтүстік аймағы дегенде кеңестік дәуірде негізінен Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Ақмола, Павлодар облыстарының жерін айтамыз. Бұл, әрине, шартты түрде. Егер тура әкімшілік бөлістері шекараны алатын болсақ, бұл облыстардың кейбір аудандары «солтүстік» деген анықтамаға сай келмейтіні де мәлім. Кейінірек, елдегі аграрлық реформа одан әрі тереңдеп, Тың өлкесі деген атпен Қазақстан Республикасының құрамында жаңа әкімшілік бөлініс құрылғанда, осы бес облыстың жер аумағы қамтылған болатын. Сондықтан, осы зерттеу жұмысының объектісі ретінде солтүстіктегі бес облыстың бірі болып табылатын бұрынғы Ақмола облысының шегіндегі Көкшетау облысын қоса алып, қазіргі әкімшілік бөлініс бойынша тұтас Ақмола облысы ретінде қарастырсақ, қателеспейміз.

Ақмола облысына тың игерушілердің алғашқы тобы Алматыдан 1954 жылдың 2 наурызында, ал 5 наурызда Мәскеуден келеді. Тарихи деректерге сүйенетін болсақ, 1953-1958 жылдар аралығында Ақмола облысына барлығы 270 мың адам келген. Олардың едәуір бөлігі осы аймақта тұрақтап қалып қойды. Бұл жылдары тың жерлері өте көп жыртылған Ақмола облысы, тисінше үлкен көлемде астық өндіретін болғандықтан елдің ең маңызды аймағына айналды.

Тың жерлерді игеру басталғанға дейін Ақмола облысы Атбасар ауданын да бір миллион гектардан аса ауыл шаруашылық жері бар еді. Оның жартысынан астамы егіншілікке жарамды болатын, бірақ егін алабы 106 мың гектар ғана еді. Тың игеру науқаны басталысымен ауданда «Бауман», «Днепропетров», «Маринов», «Самара», «Сочи», «Шу» және басқа ірі-ірі тың совхоздары ұйымдастырылды. 1954 жылы ғана ауданға 3 мың тың игеруші келген болса, одан кейін Кеңес Одағының басқа республикаларынан ауданға, тыңда жұмыс істеуге келгендердің саны 6560-тан асты [95].

Мұнда ауылшаруашылық машиналарын жасайтын өндірістік орталық пайда болды.

1953-56 жылдары облыс бойынша 3,5 миллион гектар тың жер игерілді. Бұл облыста да тың және тыңайған жерлерді жыртып, жаңа совхоздар ұйымдастыру үдерістері жоғарыда айтылған Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарындағыдай, бір сипатта, бір бағдарламамен жүргізілгендіктен оларды қайталау қажет болмас. Тек, ескерте кететін бір нәрсе, Қазақстан тыңын игеруге байланысты қаражат

пен материалдық қорлар, сол сияқты адам күші жыртылатын немесе жыртылған жердің шамасымен есептелді. Демек, әрқайсысы 3,5-4 миллион гектардан жер жыртқан облыстардың экономикалық жағдайы, жабдықталуы және жаңадан салынған құрылыс саны деңгейлес екенін мәліметтерден көруге болады. Тіпті, осы облыстардың табиғи жағдайлары мен ауа райының құбылыстары, жыл маусымдарының ерекшеліктері де ұқсас, айта қалғандай айырмашылықтары болмаған. Мұның өзі біздің зерттеуімізді оңайлатып, бір аймақтағы типтік жағдайларды қайталамауға бастайды. Әлбетте, жеке көрсеткіштерден айырмашылықтар болуы мүмкін, оның өзі шамалы ғана. Бұрын жарияланған ғылыми еңбектерде әр облыс бойынша ауыл шаруашылығының жайы біртекті және біркелкі болып келетіні көрсетілген. Осы айтылғандарды басшылыққа ала отырып, Ақмола облысында 1954-1956 жылдардағы ауыл шаруашылық жағдайына тоқталмауға болады және тақырыпты бүкіл аймаққа қатысты қарастырған жөн деп санаймыз.

Зерттеушілердің пікірінше Қазақстанда игерілетін тың және тыңайған жерлердің көлемі әрі кеткенде 10-12 миллион гектардан аспаған жағдайда оны интенсивті даму жолына түсіру әлдеқайда оңайлайтын, әрі 13 миллион гектардан астам құнарлы жерлер шабындықтар мен жайылымдар үшін сақталатын еді. Бірақ партия мен үкімет Қазақстаннан жылдан-жылға көп астық өндіруді талап еткендіктен, жерді сақтап қалу мүмкін емес болатын. Мысалы КОКП XX съезі республика 1960 жылға дейін астық өндіруді бес еседей арттырып, 23 миллион тоннадан астам өндіруді міндеттеген.

1955 жылы ақпанда КСРО Жоғары Кеңесінің сессиясында Л.И. Брежнев Қазақстанға берілген тың игеру нормасын «тіпті асыра орындап шығуға болады деп ойлаймыз», – деп сөйлеген де еді. Ол сол жылғы қуаңшылыққа қарамастан, әрбір жаңа міндетті асыра орындауға күшін салды. Л.И. Брежнев 1955 жылы Мәскеуде болған жетекші партия және кеңес қызметкерлерінің Бүкілодақтық тағы бір кеңесінде «Қазақстан мемлекетке 1956 жылы 600 миллион пұт астық береді», – деп те уәде берген.

Тағдырдың тәлкегі сияқты мұндай жалған уәделер мен жалаң ұрандардың салдарынан ел экономикасына орасан зиян келіп, уәдешілер күлкіге айналған жағдайлар да болған. Мысалы, 1955 жылы Қазақстанда болған күшті жел эрозиясы мен құрғақшылықтан хабардар залда жиылған қауым, Брежневтің уәдесінен мол астық өнім күтпеген де еді. Тіпті, бұл пікірге қысқа мерзімде коммунизм орнайды, деген Н.С. Хрущевтің өзі де сенімсіздік білдірді. Осы эпизод жөнінде Л.И. Брежнев естелігінде: «Н.С. Хрущев қатысып отырған үлкен кеңестердің бірінде мен: «тың болашақта өзін танытады», – деп мәлімдегенімде, ол жұлып алғандай:

– Сіздің уәдеңізден самса пісіре алмаймыз, – деп қатты қайтарып тастады», – деп жазады [97].

Л.И. Брежнев сол уәдесін орындауға ұмтылып, Қазақстанның кең байтақ даласын жыртқызып тастаса да, кейін райынан қайтып: «Алдағы уақытта біз белгіленген межеге жерді бей-берекет пайдалану жолымен емес, тың танаптарын қосымша айналымға енгізу жолымен жете аламыз», – деп тұжырым жасаған.

1956 жылы Қазақстан диқандары мемлекетке 950 миллион пұт астық сатты, яғни, бейнелеп айтқанда «Миллиард межесін орындады». Тың игерудің мұндай алғашқы табыстары Н.С. Хрущевтің де Л.И. Брежневтің де басын айналдырды. Республикаға және тың облыстарына Ленин орденін аямай-ақ таратып берген олар, ауыл шаруашылығын мамандандыруда «жаңалық» ашпақ болады. Бұл 1959 жылғы партияның желтоқсан пленумында: «Тың жерлерді игерудің басты экономикалық және саяси нәтижесі – еліміздегі астық шаруашылығы орталығының шығысқа ауысуы және астықтың жалпы түсімінің шұғыл артуы» деп тұжырымдады. Осыған орай бұрын негізгі астық беріп келген РКФСР-дың қара топырақты емес облыстары, Украина, Белоруссия, Солтүстік Кавказ және т.б. өлкелер өздеріндегі астық алқаптарының көлемін шұғыл қысқартып, басқа ауыл шаруашылық дақылдарын өсіруге және мал шаруашылығына ден қоя бастайды. Әсіресе, шошқа өсіру мықтап қолға алынды. Ал, нағыз диқаншылық дағдыларын жоғалта бастаған қара топырақты емес облыстардың селоларының тұрғындары жұмыссыз қалып, кете бастаған. Соның нәтижесінде тоқырау жылдарында (1971-1985 жылдары) қаратопырақты емес облыстардың көпшілігінде астықтың жалпы түсімі айтарлықтай төмендеп кеткен. Сондықтан да Қазақстан тыңы астық өндіруге зор үлес қосса да, бүкіл Одақ көлемінде астық дайындау жоспары орындалмаған.

Қазақстандағы және оның ішінде тың игерген облыстар бойынша дәнді дақылдар түсімінің кезеңдер бойынша сипаттамасы кеңестік аграрлық саясаттың қаншалықты тиімді жүргізілгенін көрсетеді. Экстенсивті егін шаруашылығының нәтижесі 1956-1960 жылдары орта есеппен әрбір гектардан 8 центнерден өнім алынған болса, бұл көрсеткіш 15 жылдан кейін де, 35 жылдан кейін де айтарлықтай өзгере қоймағанын байқаймыз.

Астық түсімінің көрсеткіштері

9-кесте

| Кезеңдер | Тың игерілген облыстар бойынша га/ц. | Қазақ КСР-і бойынша га/ц. |
|-------------------|--------------------------------------|---------------------------|
| 1951-1955 жылдары | 6,2 | 5,9 |
| 1956-1960 жылдары | 8,0 | 8,3 |
| 1961-1965 жылдары | 5,4 | 6,1 |

| | | |
|-------------------|------|------|
| 1966-1970 жылдары | 8,5 | 8,8 |
| 1971-1975 жылдары | 8,8 | 9,0 |
| 1976-1980 жылдары | 10,8 | 10,8 |
| 1981-1985 жылдары | 8,0 | 8,4 |
| 1986-1990 жылдары | 9,9 | 10,8 |
| 1991-1995 жылдары | 8,4 | 8,3 |

1954-1964 жылдары астық сатып алу жоспары Одақ көлемінде үш рет қана (1956, 1958, 1964 жылдары) орындалды. Соған қарамастан, агротехниканың әлемдік жетістіктерін қолданып, егін шығымдылығы мен алынған астықтың сапасын халықаралық стандарттарға жеткізу жөнінде мардымды жұмыстар атқарылған жоқ. Кеңестік жүйенің артықшылығы, коммунистік партияның кемеңгер басшылығы сияқты даңғаза ұран мен жалған мәліметке әуестенген қоғамда шын мәніндегі аграрлық реформа жасалмады. Соның салдарынан тың жерлерді игеру 60-шы, тіпті 80-ші жылдары да толастамады. Табиғаттың сәйкестігі өрескел бұзылып, Қазақстанның егіншілікке жарамды аймағына орасан зор зиян келтіру үрдісін тежейтін күш болмады.

Орайы келгенде астық молшылығы проблемасын тек қана Қазақстан Республикасының аумағында шешуге негізгі күш жұмсалуды неліктен, Ресейдің, Украинаның жер көлемі де жеткілікті ғой, деген сұрақ тууы мүмкін. Бұған берілетін жауап, Қазақстанның ұлаң-байтақ жерлері иесіз сияқты көрінді, республикада халық саны аз, шаруашылығы шашыранқы, жер мөлшеріне шаққанда өнім түрлері мен саны жеткіліксіз деп саналды. Екіншіден, Қазақстан жерінде өзіндік құны арзан, аз шығынмен алынатын және елімізде ең сапалы астық өседі. Демек, шаруашылықтың басқа салаларынан гөрі Қазақстанда астық өндіру және мал өсіру тиімді болған. Мәселен, Ресейдің қаратопырақты емес аймағында 1958-1959 жылдары 1 центнер астықтың өзіндік құны – 332 сом (сол кездегі баға бойынша), ал Қазақстанда 30 сом ғана болған. Мемлекет ол кезде бидайдың әрбір центнеріне 47-62 сом төлеп сатып алған. Яғни, Қазақстан тыңы өзін-өзі қаржыландырып қана қоймай, мемлекетке орасан зор пайда түсірген. Оның үстіне сол жылдары Қазақстан жерінің дүниежүзілік стандартқа сәйкес және сұранысы жақсы бидайдың қатты және күшті сорттарын көп өсіруге мүмкіндік жеткілікті екендігі анықталды.

1965 жылдан бастап Қазақстан мемлекетке өзінің бидайының әр тоннасын 65 сомнан, ал қара бидайдың әр тоннасын 60 сомнан сатқан. Дәл осы дақылдар Өзбекстанда, Грузияда, Әзірбайжанда, Тәжікстанда, Арменияда, Түркіменстанда едәуір қымбат – 85 және 90 сом болса, РСФСР-дың қаратопырақты емес аудандарында, Украина, Белоруссия, Прибалтика республикаларында – 130 сомға дейін жеткен. Сөйтіп, бұл

республикалар мемлекетке өздері өсірген астығын Қазақстанға қарағанда екі есе қымбатқа сатып, қыруар пайда түсірген. Ал, жоғарыда айтқанымыздай сапасы жоғары астыққа өлемдік сұраныс жоғары болса да, мемлекет Қазақстанда өсірілген бидайды төмен бағамен алып отырған.

Тың игеру саясаты республиканың мүддесін көздеген жоқ, Қазақстандағы ауыл тұрғындарының жағдайы онымен жақсарып кеткен жоқ, тисінше Одақтың, ірі-ірі қалалар мен өндіріс ошақтарының мүддесін басты орынға қойылды.

Тың жерлерді жаппай жырту жердің азуына және жиі шаңды борандарға әкеліп соқтырған. Тыңдағы егіншіліктің тәжірибесін қорыта отырып, ғылыми негіздер жасау мақсатында 1956 жылы Ақмола маңындағы Шортанды ауылында астық шаруашылығының бүкілодақтық ғылыми-зерттеу институты ұйымдастырылды. Сөйтіп, топырақты эрозиядан сақтап қалу, қуаңшылықты жеңіп, дөнді дақылдардың өнімділігін артыру бағытында ғылыми негіздер жасауға бағыт алынды. Ал, Қазақ мемлекеттік университетінің «Өсімдіктер физиологиясы және биохимиясы» кафедрасы тарапынан 1954-1955 жылдары тың жерлерді игерудің барысымен танысу мақсатында Павлодар және Көкшетау аудандарына ғылыми экспедициялар құрылып, дөнді дақылдардың, олардың ішінде тары егістігінің өнімділігін арттыру үшін егінжайларында тәжірибе жүргізді. Бұл аталғандар, әрине, бірен-саран ғана фактілер еді. Жалпы алғанда, республика бойынша егін шаруашылығының экстенсивті даму бағыты одан әрі жалғаса берді.

ТЫҢ ЖӘНЕ ТЫҢАЙҒАН ЖЕРЛЕРДІ ИГЕРУДІҢ ТАРИХИ МӘНІ

Тың игеру кезеңінде Қазақстанның көптеген аудандарында экономика, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет жаңаша өркендеп, білікті кадр және ғылыми әлеует жасалды.

1954-1959 жылдары Қазақстан тыңына 20 миллиард рубль қаражат жұмсалған. Ал осы жылдары өкіметке берілген астық есебінен бюджетке 31 миллиард рубль қаржы түскен. Қазақстан Кеңес Одағына 1954-1958 жылдары 2 миллиард 645 млн пұт астық берген. 1963 жылдары еліміздегі негізгі тың игеруші аудандар астықтың орташа жылдық жалпы түсімін 1949 жылмен салыстырғанда 227 пайызға, оның ішінде РКФСР тыңында – 167 пайызға арттырса, ал Қазақстанның тың игерілген аудандарында бұл көрсеткіш 500 пайызға көбейген. Еліміз бидайдың аса бағалы және күшті сорттарының 60 пайызын беретін аймақ болған.

1960 жылғы 26 желтоқсанда құрылған Тың өлкесінде 5 облыс-Қарағанды, Семей, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе және Батыс Қазақстан, 67 аудан, 54 совхоз тресі, 642 совхоз, 103 колхоз бар еді. Ауыл шаруашылығының аудандық, облыстық, өлкелік басшылық құрылымында 5064 маман істеді.

1957 жылы экономика салалық басқарудан аймақтық басқаруға өтіп көптеген министрліктер жойылып, кәсіпорындар аймақтық халық шаруашылығы кеңестеріне – совнархоздарға көшіріледі. Сөйтіп, ведомствалық монополияға соққы беріліп, өнеркәсіп пен құрылыста мемлекеттің билігін шектеу процесі басталып, аймақтардың экономикалық байланысы нығаяды деп күтілді. Алайда, реформа бір жақты сипатта иеленді. Солтүстік Қазақстан және Көкшетау облыстарының кәсіпорындары бір совнархозға бірікті. Қазір анығын тексеріп, көз жеткізу мүмкін емес, сол кездегі мәлімет бойынша алғашқы жылдары сандық жағынан біраз өсім байқалды: үш жылдың ішінде электр энергиясын өндіру бір жарым есе өсті. Теміржолшылар жоспардан тыс 1,5 миллион тонна, автокөлік 17,6 миллион тонна жүк тасымалдады. Тұрғын үй құрылысы дамып, Петропавлда қаланың әр тұрғынына шаққанда орта есеппен 3,2 шаршы метр тұрғын жәй сәйкес келген.

Керісінше, ауыл-селоларда тұрғын үй мәселесі қиындықпен шешіліп, совхоз еңбеккерлерінің әлеуметтік жағдайы нашар болды. МТС пен совхоздардың тұрғын үй құрылысына бөлінген қаржының үштен бір бөлігі, колхоздарда үштен екі бөлігі игерілмей қалды. Тұрғын үй және өндіріс орындарын салу қарқыны, негізінен, құрылыс материалдарының жетіспеуіне байланысты тежелген. Мысалы, 1958 жылы Солтүстік Қазақстан облысы бойынша салуға жоспарланған құрылыс үшін 100 миллион дана кірпіш қажет болса, одан дайындалғаны 31 миллион ғана.

Сол сияқты, сыңаржақ жүргізілген аграрлық реформаның барысында негізінен мал шаруашылығымен айналысып келген қазақ ауылдары шұрайлы жайылымдардан айырылды. Соның салдарынан мал саны күрт кеміп кетті. Нәтижесінде 1950-1960 жылдары көптеген ауыл-селолар болашағы жоқ деп жарияланды. Бұрынғы ұсақ шаруашылықтарды ірілендіру саясаты жергілікті ерекшеліктерді ескермей, үйреншікті тұрмыс-салт дәстүрлерін бір мезгілде жоя отырып жүргізілді. Ауылдық, селолық жерлерде көпқабатты үйлерді салу арқылы үй іргесінде бау-бақша салу, мал өсіретін қосалқы шаруашылықпен айналысу мүмкін болмай қалды. Ауылда өмір сүрудің қиындай түсуіне байланысты мыңдаған шаруалар қалаға ауа көшті.

1954 жылдан 1960 жылдың сәуіріне дейін КСРО-да 14,6 мың әлсіз колхоздар совхоздарға айналдырылды. Олардың мемлекетке қарызы 7,4 млн. сомға жеткен. Колхоздарды совхозға айналдыру үдерісінде мемлекет 1954 жылдан 1960 жылға дейін 25,4 миллион сомға шығындалған. Кейін, 1961-1964 жылдары бұл үрдіс бәсеңдейді. Алайда, 1965 жылы колхоздар саны тағы да жедел түрде қысқарады. Орал, Сібір, Қиыр Шығыс аймақтарында барлық одақтас республикаларда да, оның ішінде Қазақстанда осындай үрдіс орын алды. Осылайша 1959-1960 жылдары Кеңес Одағында 13263 колхоз совхозға айналдырылған.

Шын мәнінде ұсақ колхоздарды ірілендіру ауыл өмірін түбегейлі өзгерту арқылы халықты, колхоздардан бас тартпай, еңбек етуге және шаруа еңбегін бір орталыққа бағындыруды көздеген еді, бірақ бұл шаралар кері нәтижелер берді. Зерттеуші В.П. Поповтың есебі бойынша 1960-1964 жылдар арасында селодан қашқандардың саны 7 миллиондай адам болған. Осы кезде колхоздарды совхоздарға айналдыру процесі де жүріп жатты. 1954 жылы күзде басталып, 60-жылдардың бірінші жартысында колхоздарды совхозға ауыстыру мақсаты негізінен орындалды.

Алдымен экономикасы өте нашар дамыған, еңбек көрсеткіштері өте төмен, мемлекетке қарызы көп, шаруаларға еңбек ақысын төлей алмаған колхоздар совхозға айналдырылды. Қала маңындағы колхоздарды экономикасы дамыған, мамандандырылған совхозға айналдыру арқылы, қала халқын азық-түлікпен қамтамасыз ету көзделді. Бірақ колхоздан совхозға ауыстыру ауылшаруашылық өнімдердің тез өсуіне әкелген жоқ. Реформа нәтижесін анықтау мақсатында 1959 жылдың аяғында еліміздің әртүрлі аудандарының жүз шақты колхозы мен совхозы іріктеліп алынып, тексерілді, олардың белгілі кезеңдегі еңбек өнімділігі мен қаржы көрсеткіштері салыстырылып, қорытынды шығарылды. Осы зерттеудің нәтижесінде жаңадан құрылған совхоздардың 70-75 пайызы шаруашылық жылын шығынмен аяқталғаны анықталды. 1959-1970 жж. орталық құнарсыз облыстарда колхоз саны 4844-тен 1782-ге дейін қысқарған, ал совхоздардың саны бұл кезде 380-нен 1403-ке дейін өскен 2-3 немесе 4

колхоздан бір совхоз құралған.

Одақ бойынша халық шаруашылығын, оның ішінде ауыл шаруашылығы саласын басқару жүйесі аймақтық принциппен қайта құрылды. Ал, одан кейін, аз уақыт өткен соң керісінше өндірістік, партиялық басқаруды ұйымдастыру салалық принципі дүниеге келді. Ауыл шаруашылық органдары мен ауыл шаруашылық министрлігі құрылымдарын басқару бірнеше рет қайта өзгерді. 50-жылдары басталып, 60-жылдары одан әрі жалғасқан бұл процесс әкімшілік жолымен жедел жүргізіліп, ауыл шаруашылығы өндірісін мүлде күйретіп кетті. Адамдар ауыл шаруашылығынан күдер үзіп, ауылда өмір сүру мүмкін еместігіне көз жете бастады.

Тың және тыңайған жерлерді игерудің нәтижесінде тың игерілген жерлерде ірі астықты, мал шаруашылықты және басқа да совхоздар ұйымдастырылып, кең көлемде күрделі құрылыстар салынды. Совхоз құрылысы 1954-1961 жылдары кеңінен дамып, көптеген тың игеру аудандарында ауыл шаруашылығы өндірісін ұйымдастырудың негізгі түрі болып табылады. 1954-1961 жылдары Қазақстанда сегіз жүзден астам жаңа совхоз құрылды. 1958 жылдың соңына қарай совхоздардың үлесіне барлық дайындалған астықтың үштен екі бөлігі, еттің 45 пайызы, жүннің 40 пайыздан астамы және сүттің 40 пайызы тиетін деңгейге жетті. Бұл еліміздің шығысындағы жаңа жерлерді игеруде совхоздардың жетекші рөл атқарғанын көрсетеді. Совхоздар мемлекеттік және айрықша қамтамасыз етілген кәсіпорындар ретінде ауыл шаруашылығын дамытуда үлкен үлкен міндеттерді шешті.

Аграрлық реформаның тек қана астық өндіруге бағытталмағаны мәлім. Совхоздарға ауыл шаруашылығы өнімдерін, оның ішінде ет тапсыру міндеті де жүктелді. Мәселен, «Бұлақ» совхозы мал семіруге арнайы бейімделіп, басқа шаруашылықтардан қабылдаған қоңы төмен малды семіртіп барып қана ет комбинатына жөнелткен. Дәл осылай жеке меншіктен сатып алынған малды да семіртіп, қосымша салмақ қосып етке өткізген. Соның нәтижесінде бірғана осы совхоз мемлекетке жылына 12-15 мың центнер еттік мал тапсырған.

Ауыл шаруашылығының ардагері Ж. Сақыпкереев былай деп еске алады: «Етке мал тапсыру жылдан жылға көбейе берді, әсіресе жеке меншіктен көп мал келді. Оған себепші Үкіметтің жаңа шыққан қаулысы еді. Ол бойынша бір отбасында бір сиыр, немесе бір бие, бір мегежін, бес саулық қой ғана болуы тиіс. Ауылдың малын күндіз қораға қаматып, тізімдеп, ауыл Совет төрағасы мен учаскелік милиционерді қасымызға алып, әлгі тиесілі нормадан артық малды машинаға артып, ақшасын беріп алып кетіп жүрдік. Бұл істің тіпті қиғаш нәрсе екенін білдік. Ішіміз ауыратын. Бірақ жоғарыдан нұсқау солай, амалсыз орындаймыз».

Бұл жазбалар Н. Хрущев басқарған Үкіметтің көпе-көрнеу теріс бағыттағы аграрлық саясатының тағы бір көрінісі болатын. Ауыл

шаруашылығы еңбеккерлерін алаңдатады, қоғамдық еңбекке ын-тасын тежейді, деген желеумен ауылда тұратын халықтың жеке меншік малын мейлінше азайтып, артығын тартып алған кез де болған. Осының бөрі, сайып келгенде Кеңес Одағының, оның ішінде Қазақстанның ауыл шаруашылығын тоқырауға ұшыратты. Экономикалық және әлеуметтік зардаптары аса зор мұндай теріс реформалардың салдарынан республиканың ауыл шаруашылығы бәсекеге қабілетті болмай қалды.

Н. Хрущев 1961 жылдың қаңтарында КОПК Орталық Комитетінің Пленумында «Халықтың әл-ауқатын арттыру және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді одан әрі көбейту міндеттері» туралы баяндамасында Кеңес Одағында 41 млн га. тың жер игерілгенін, сол жерден Одақта даярланатын астықтың 40 пайызы алынғанын айтып өткен. Тың өлкесінде 20 млн га. егіндік жердің 13 млн га бидай егілген. Егістік алқабында 90 мың трактор, 77 мың комбайн жұмыс істеді. Тың даласында жаңа совхоздар көтерілді, жүздеген км жаңа жолдар салынды, жаңа қалалар өсіп шықты.

Тың осылай еліміздің экономикасына ықпал етсе де, халықтың әл-ауқатын түбегейлі өзгерітпеді.

Дайындықсыз, даурықпамен басталған тыңды игерудің нәтижесінде 1956 жылғы Қазақстанның миллиард пұт астығы қардың астында қалып, шіріп кетті.

Ал енді, ауыл шаруашылығы өндірісіндегі мұндай өзгерістер халықтың тұрмысына, әл-ауқат жағдайына қалай әсер етті дегенге келетін болсақ, шаруалардың көпшілігі кесімді айлық еңбек ақы алатын болғандықтан және зейнетақымен қамтамасыз етілетіндіктен колхоздардың совхоздарға айналу ісіне ризашылық танытқан. Шаруалар совхозға кіргеннен кейін ғана зейнеткерлік жасқа толса, мемлекеттік зейнетақы алған. Колхоз зейнеткерлерінің зейнет ақысы айына 20-сомнан еді. Белгілі бір себеппен, айталық, жасына, денсаулығына, уақытша қоныс ауыстыруына байлағнысты совхоз өндірісіне жұмысқа кіре алмағандар соның алдындағы бүкіл еңбек өтілі жойылып, зейнетақысыз қалған.

1961 жылғы мәліметтер бойынша совхозға ауысқаннан кейін жұмысшылардың еңбек ақысы орта есеппен – 1,8 есеге артқан. Ал артпа қалған колхоздан совхозға ауыстыру арқылы артпа қалған колхоздың экономикасы көтеріледі деп есептелген. Бірақ осындай ірілендіру және қайта құрулар ауыл жағдайын тұралатты да, бұл олқылықты 10-15 жыл бойы түзелмеді. Мыңдаған ауыл тұрғындары еңбек ұжымдарынан айрылды. Осыдан кейін совхоздың үлкен орталықтарын салу қажеттілігі көптеген село мен ауылдардың болашағының күнгірт екендігі іргелі мәселе ретінде көтеріледі.

Ауыл шаруашылығында еңбектенгендердің еңбекақыларын төлеуде күрделенді. 1960 жылдың бірінші жартысында қоғамдық шару-

ашылыққа еңбек ету колхоз жанұяларының басты кіріс көзі болып есептелген. КОКП ОК әрбір пленумында әрбір съезінде шаруаның еңбекақысын көтеру туралы қағида айтылып келді. Шаруаның материалдық жағдайын көтеру мақсатында «жылымық» жылдары колхозда еңбекақы төлеудің жаңа жүйесі енгізілді, ал 1957 жылдары колхоздар біртіндеп еңбекақыны ақшалай төлеуге ауыса бастаған.

1966 жылдың 1 шілдесінен бастап колхоздарда еңбекақының жаңа жүйесі толық түрде енгізілді. 1966 жылы 16 мамырда КОКП ОК-ті мен КСРО Министрлер Кеңесі колхозшылардың материалдық жағдайын жақсарту туралы қаулы қабылдады. 1969 жылы 27 қарашада өткен Бүкілодақтық колхозшылардың III съезінде айтылғандай, колхоздарда еңбекке ақы төлеудің жаңа қоры құрылады. Колхозшылардың келісілген жаңа Жарғысына сай еңбекақы төлеуге ерекше мән берілетін болды. Біріншіден, жалақы есебінен кепілді, ай сайынғы төлем берілетін болды. Колхоз өндірісі ауа райының жағдайына, табиғи құбылыстардың өзгеріп тұруына байланысты белгіленетін ауыл шаруашылық өнімін өткізу мерзіміне тәуелсіз еді. Осы тәуелсіздіктен арылу мақсатында колхозшылардың материалдық мүддесін көздей отырып және ауыл шаруашылық өнімді арттыру үшін негізгі еңбекақыға қосымша еңбекақы, тағы басқа материалдық ынталандыру беріле бастаған.

Екіншіден, колхозшылардың еңбекақысы негізіне совхоз жұмысшыларының тарифтік жүктемесі жасала бастады.

Үшіншіден, колхозшылардың еңбекақысы жұмысшылар сияқты міндетті түрде айына бір рет ақшалай төленуі қажет екендігіне көз жетті. Сонымен қатар, шаруаның күнделікті қажетін қанағаттандыру үшін, ауыл шаруашылық өнімдері түрлерінің арнайы қорын құру көзделді. Колхозшылардың еркіне қарай, еңбекақыны астық, жем-шөп және басқа да тағамдармен төлеуге мүмкіндік болды. Не болмаса, бұл өнімдерді шаруаға сатуға болатыны туралы жалпы колхоз жиналысында шешілді.

Төртіншіден, еңбекақы мөлшері істелген еңбектің саны мен сапасына қарай өзгеріп отырады, көп және сапалы еңбек нәтижесіне көтеріңкі еңбекақы төленеді деген қағидамен реттелді.

Колхоз нақты шаруашылықтың жағдайын ескере отырып, колхозшылардың қатысуымен өнім мөлшерін қарастыруға, жарғы үлгісін өзі дайындап бекітуге мүмкіндік алды. Еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін бекіту, шаруалардың материалдық жағдайының өсуіне септігін тигізді.

Тарих көрсеткендей, бұл реформада да кемшіліктер көп болды. Тың және тыңайған жерлерді игерудің ғылыми тұғырнамасы болмағандықтан, талдау, сараптау қорытындылары тиісті нәтижелерге жеткізбеді. Хрущевтің ауыл шаруашылығы өнімдерін түрлері бойынша өндіру мөлшерін жеке адамға шаққанда АҚШ деңгейіне жеткізу, тіпті одан да озып кету жөніндегі ұраны халыққа кері әсерін тигізді. Колхоздарда күс фермаларын құрамыз деген желеумен, шаруалардың

қолындағы тауығын тартып алып, халықтың тұрмыс-салтына қайшы шошқа өсіруді қолға алу сияқты «шаралар» ақыры мазаққа айналды. Бара-бара жаппай жүгері өсірудің тиімділігі дәлелденбей, бұл бағыт еріксіз тоқтатылды.

Қазақстанның қырдағы аудандарында бұршақ өсіру жөнінде басталған шаруа мемлекет қаржысын шашумен ғана аяқталды. Ауыл шаруашылығында айтарлықтай ілгері басудың болмауын Н.Хрущев бастаған биліктегілер колхоздар мен совхоздарда еңбек өнімділігінің артпай отырған себебін анықтаудың орнына, шаруалардың жеке меншік малдарын тартып алса, олар қоғамға өнімді жұмыс істейді деп түсінді. Сол жылдардағы аграрлық реформаның тигізген зардабының бірі осы еді.

Орталық Комитеттің 1959 жылы маусым айында өткен пленумында Н.С. Хрущев совхоз жұмысшыларының жеке меншік мал санын қысқарту туралы шешім қабылдады. Ал, қала халқы мен жұмысшы поселкелерінде тұратын тұрғындарға мал ұстауға мүлде тыйым салынды. Бұл нұсқаулар қалалықтар мен ауыл тұрғындарын мүшкіл жағдайға әкеліп соқтырды.

«Біздің құрметті Н.С. Хрущев» – деген лақап есім кеңінен тарады. Тіпті, осылай аталған деректі фильм де болған. Ауыл шаруашылығын басқаруды өз қолына алған Хрущев ешбір ғылыми негізсіз түрлі эксперимент жүргізуге мүмкіндік алды. Хрущев кезеңіндегі қоғамдық және ауыл шаруашылық өндірісін кеңейту және дамыту арқылы шаруалардың материалдық жағдайы біраз жақсарған сияқты көрінгенімен, аграрлық салада ірі-ірі дағдарыс байқала бастады. Бұл – социалистік экономиканың кемшіліктері екендігі мойындалмады. Коммунистік идеология бойынша қоғам дамуының маркстік-лениндік тұғырнамасы күрделі экономикалық мәселелерді шешуге пәрменді деп саналды да, халық шаруашылығындағы кемшіліктерге кінәлі жеке адам ретінде Н. Хрущев орнынан алынды.

Партияның Орталық комитеті 1964 жылғы қазан және 1965 жылғы наурыз пленумдарында оның алдындағы он жылдықта жіберілген өрескіл қателерді жойып, басқару әдісін өзгерту арқылы экономиканың күрделі мәселелерін шешудің жолдары қарастырылды.

Ауыл шаруашылығында жұмыс істейтіндердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсартудың бір шарасы ретінде 1953 жылы қыркүйекте партияның ОК-ті пленумында қаралған «Шаруалардың қосалқы шаруашылығы туралы» мәселе 1964 жылы 27 қазанда қайта қаралды. Колхозшылардың Бүкіл одақтық III съезінде колхоздың жаңадан жасалған «Үлгі жарғысы» қайта қаралып, бекітілді. Осы жарғының арнайы бөлімінде колхозшылардың қосалқы шаруашылығы туралы нақты айтылып, жеке меншікте мал ұстауға қойылған шектеу алынып тасталды. Керісінше ауылдағы еңбеккерлердің тұрмыстық жағдайын көтерудің маңызды шарттарының бірі ретінде меншікте мал

ұстауға, үй іргесінде бау-бақша баптауға көмек көрсету мәселесі заңды тұрғыда бекітілді. Мысалы, алдымен, еңбекке жарамды адамдары жоқ отбасыларға көмектесу, оларды зооветеринарлық жабдықтармен, жем-шөппен қамтамасыз ету міндет ретінде қойылды, кейін бұл бағыт одан әрі жалғасып, КОКП-ның XXIV съезінде бекітілген бағдарламасында колхозшы шпруалар мен совхоз жұмысшыларының қосалқы шаруашылығында құсты, мал басын көбейту қарастырылды.

Бұл әрине, колхозшылардың отбасы табысын көбейтті. 1950-60-жылдары колхозшылар отбасының кірістері екі бөліктен, біріншісі ақшалай және екіншісі заттай табыстардан құралатын. Осы екеуінің арасындағы арасалмақ шамалас болатын: түскен өнім 4/5, ақшалай 1/5 өз өнімдерінен отбасылық қорға түсіп отырды. 60-жылдары аса көп шығын қажет етпейтін үй іргесіндегі шаруашылық жүйесін қайта құру үрдісі жалғасты.

Бұл, халықтың әл-ауқатын көтеруге бағытталған, ауылдағы әлеуметтік жаңа саясаттың бір түрі еді. Халық оны бірден қолдады. Он жылдықтар ішінде қиындап кеткен азық-түлік мәселесін шешу үшін 1970 жылдың аяғында қосалқы шаруашылықтарды күшейту ісін ынталандыру қажет деп табылды. Кеңес Одағы сияқты жер аумағы кең, халқы көп мемлекетті азық-түлікпен қамтамасыз етудің арнайы бағдарламасын жасап, кешенді түрде шаралар алу қажеттігі күн тәртібіне қойылды. Коммунистік партияның одан кейінгі съездерінде, конференцияларында халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету туралы нақты жоспарлар жасалды. Елдің халқын азық-түлікпен қамтамасыз етудің тұғырнамасына сәйкес бірнеше заңдар шығарылды. Колхозшылардың, жұмысшылар мен қызметкерлердің қосалқы шаруашылығы, бақша өнімдерін өркендету туралы КОКП ОК мен Министрлер кеңесінің қаулысы шығарылып, ауыл-селодағы халықтың тұрмыстық жағдайы едеуір жақсарды.

1981 жылы 8 қаңтарында КОКП ОК мен КСРО министрлер Кеңесінің «Азаматтардың қосалқы шаруашылықтарында, ауыл шаруашылық өндірісінің өнімдерін ұлғайту туралы қосымша шаралар» қаулысында бұл бағыт одан әрі дамытылып, нақты шаралар жүзеге аса бастады. Колхозшылар өздерінің өсірген малдың, құстың, үй іргесіндегі бау-бақшасының өнімдерін ерікті түрде мемлекетке сату туралы келісімге отыру заңдастырылды. Осылайша, колхоздар мен мемлекеттік шаруашылықтарда өндірілетін азық-түлік қорына үлкен үлес болып қосылатын жеке шаруашылықтың өнімдерін ұлғайту шаралары 1982 жылғы халық шаруашылық жоспарының құрамдас бөлігі болып табылатын.

Азық-түлікті өндіру көлемі мен серпіні қосалқы шаруашылықта әртүрлі факторлармен: өндірістің қоғамдық секторында механикаландыру деңгейі мен көлеміне; ауыл дүкендеріндегі азық-түлік бағасының деңгейіне; бөлшек сауда жағдайына және

колхоз отбасыларының тұтынуына байланысты анықталған. Зерттеулерге қарағанда, 1980 жылы қосалқы шаруашылықтан түсетін жалпы астық және нан тағамдарының көлемі, орта есеппен 3 пайызға, бау-бақша өнімдері, жемістер 76 пайызға, картоп – 97 пайызға, ет және ет өнімдері – 75 пайызға, сүт және сүт өнімдері – 83 пайызға, жұмыртқа – 57 пайызға жеткен. Сөйтіп, қосалқы шаруашылықтан түскен ауыл шаруашылық өнімдері колхозшылардың отбасын азық-түлікпен толық қамтамасыз етіп отырды. Бұл республика бойынша шаруалардың жеке шаруашылығын дамытудың қаншалықты тиімді екендігін көрсетеді. Қазақстанның солтүстік облысындағы жағдай, орта республикалық деңгейден кем болмағандығын көреміз. Колхозшылар мен совхоз жұмысшылары қосалқы шаруашылықтарының өнімдерімен өздерін толық қамтамасыз етті. Картоппен айналысқан колхозшылар өзінің жеке отбасын қамтамасыз етіп, артылғанын сатқан [99, 14 п]. Селода мемлекеттік және кооперативтік сауда жүйесі кеңейтіле бастады.

Азық-түлікті пайдалану:

11-кесте

| | 1960 ж. | | 1970 ж. | | 1980 ж. | | 1990 ж. | |
|--|---------|-----------|---------|-----------|---------|-----------|---------|-----------|
| | КСРО | Қазақстан | КСРО | Қазақстан | КСРО | Қазақстан | КСРО | Қазақстан |
| бір адамға шаққанда: | | | | | | | | |
| Ет және ет өнімдері кг. | 40 | 38 | 48 | 50 | 58 | 56 | 67 | 71 |
| Сүт және сүт өнімдері кг. | 240 | 206 | 307 | 265 | 314 | 275 | 358 | 307 |
| Жұмыртқа | 118 | 75 | 159 | 122 | 239 | 206 | 258 | 222 |
| Өсімдік майы кг. | 5,3 | 4,3 | 6,8 | 5,4 | 8,8 | 7,8 | 10,2 | 10,9 |
| Картоп, кг. | 143 | 83 | 130 | 94 | 109 | 86 | 100 | 85 |
| Көкөніс және бақша өнімдері, кг. | 70 | 40 | 82 | 66 | 97 | 84 | 92 | 75 |
| Астық өнімдері (нан ж/е макарон өнімдері), кг. | 164 | 140 | 149 | 150 | 138 | 147 | 133 | 146 |

[47.с.12].

Колхозшылар өздері өсірген мал өнімдерімен өздерін толық қамтамасыз етті. Колхоз ет, сүт, жұмыртқа өнімдерімен көмектесе алмады.

Н.С. Хрущев алғашында қыркүйек пленумында жариялап, өзі бас тартқан әкімшіл-өміршіл әдістер негізінде партияның диктаторлық билігін қайта күшейтуге әрекет етті. Бұл КОКП Орталық Комитетінің 1962 жылғы наурыз пленумында (қазіргі коммунистік құрылыс кезеңінде партияның ауыл шаруашылығында басшылық жасау міндеттерін талқылауда) көрініс тапты. Ал КОКП жаңа бағдарламасымен «коммунизмді құрудың кеңейтілген кезеңінің» бастағандығы коммунистік партияның басшылық және бағыт беруші рөлін жария етілді. Сол бағдарламада «пролетариат диктатурасы барлық халықтың мүддесін білдіретін жалпы халықтық мемлекетке айналды» деп жарияланды. Хрущев партия ұйымдарына белсенді түрде колхоз және совхоз ісіне араласуды талап етті. Сөйтіп, 1955-56 жж. қабылданған ауыл шаруашылығын жоспарлаудағы өзгерістер, өндірісті басқаруда колхоз бен совхоздардың құқықтарын кеңейту туралы қаулылар ашықтан ашық жоққа шығарылды.

Ауыл шаруашылығын өндіріс аймақтары басқарды. Өлкелік, облыстық партия ұйымдары салалық принциппен, өнеркәсіп және ауыл шаруашылық болып екіге бөлінді. Осыған байланысты партия тәлімгерлерінің саны екі есеге артты.

Академик Вильямстің жер өңдеу жүйесі шөп өсіруге тиімсіз болды. Бүкіл жерді жырту бір жылдық шөптерді егуден бас тартуға әкеліп соқты, және көпжылдық, біржылдық шөптерді және басқа мәдени өсімдіктерді өсірумен айналысуға мүмкіндік бермеді. Бұл Қазақстан үшін және басқа тың игерілген аудандарға қолайсыз болды. Жерді соқамен жырту мал шаруашылығының өркендеуіне зиянын тигізді. Пленумнан 3-4 ай кейін мал шаруашылығының өнімдерін сатып алу құны 35 пайызға артты. Бірақ, 1963 жыл ауыл шаруашылығы үшін қолайсыз, 1946-1947 жылдардан кейін қайталанған ең құрғақ жыл болды. Өнімділік пен жалпы өнімнің түсімі 30 пайызға дейін төмендеді. Мемлекеттің жоспары жүзеге аспады. Аштықты болдырмау үшін Хрущев шетелден бидайды басым түрде сатып алуға мәжбүр болды. Осыған байланысты 1963 жылдың желтоқсанында КОКП ОК пленумы баяндамасында былай деп мәлімдеді: «Бұрын астықтың түсімі аз болғанда астықты сыртқа сататынбыз, енді оны сатып алатын болдық» – деп ойлайтын адамдар табылып отыр. Мұндай адамдарға не айтуға болады? Халықты нанмен қамтамасыз етуде Сталин-Молотов әдісімен әрекет етсек, биылғы жылы астықты шетелге сатуға болар еді» [100, с.6].

Астықты шетелге сатып жатқанда, елдің өз ішіндегі кейбір аудандардың халқы аштыққа ұшырады. 60-шы жылдардың басынан бидайдың мемлекеттік қоры үздіксіз азая берді. Ал, 1963 жылдан кейін керісінше, бидайды шетелден әкелу әдеттегі заңдылыққа айналды. Бұл жылы ішкі тұтынуға қажетті астық өнімдерінің 10 пайызға жуығы,

яғни 9,4 млн. тонна сатылып алынды. Мұндай «квота» кейінгі жылдары да сақталды. Өйткені, Хрущев билік басынан кеткеннен кейін де «астық бойынша импорттық операциялар» өзгеріссіз жалғасты. Шет мемлекеттерден астық және астық өнімдерін сатып алу операцияларына 1963 жылы елдің алтын қорының үштен бірі, яғни 372,2 тонна алтын жұмсалған [63, с.76].

Соғыстан кейінгі бірінші бес жылдықта КСРО-ның Солтүстік-Батыс облыстарында шаруалардың қалаға ағылуы байқалды. Сондай-ақ соғыстан кейін қалпына келмеген колхоздарда да осындай жағдай орын алды. Бұл үрдіс 1950 жылдың аяғы мен 60-ы жылдардың басында күшейе түсті. Бұған партияның XX съезінен кейінгі қаладағы паспорттық жүйе режимінің бәсеңсуі де себепкер болды. Көптеген колхоздар колхозшыларға еңбек күндерінің ақысын төлемеді. Дәл осындай жағдайлар Қазақстанда да орын алды. Жастардың қалаға кетуіне байланысты ауыл еңбеккерлерінің арасында еңбекке қабілетті азаматтар азая бастады. Мысалы, Солтүстік облыстардағы колхоздарда жасы зейнеткерлікке жеткендер 1961 жылы 15-19 пайыз, 1963 жылы 20-24, пайызға жеткен.

МТС-ді қайта құрудың жағымсыз жақтары, қосалқы шаруашылық иелерінің мүддесін шектеу, жергілікті билік иелерінің колхоздарды совхоздарға қайта құру кезіндегі тұрпайы қателіктері, Хрущевтің басшылығымен іске асырылған ауылдарды көшіру саясаты қалаға көшуге себеп болды.

1958 жылдың ақпанынан бастап ауыл тұрғындарын біртіндеп паспорттау басталды. Соның ішінде 1932 жыл 27 желтоқсанда КСРО ОАК мен ХКК қабылданған паспорт алу құқығы жойылған шаралары да қолданылды. Басқа облыс, өлке және республикадағы маусымдық жұмысқа кетуші колхозшыларға милиция органдары қысқа мерзімге паспорт бере бастады. Уақытша паспортты ауылдан қалаға тұрақты жұмысқа, оқуға тағы басқа кеткендер де алды. Колхозшыларға өз еркімен тұратын мекенді және кәсіби мамандықты анықтауға ерік берілді.

1960-1964 жылдар аралығында ауылдан қалаға 7 миллионға жуық адам көшкен. 1961 жылдан бастап алғашқы рет елде қала тұрғындарының ара қатынасы өзгере бастады. Жыл соңында 51 және 49 пайыз, бір жылдан кейін 52 және 48 пайыз, ал 1964 жылы 53 және 47 пайызға жетті. 1960-1964 жылдарда ауылдан көшіп кеткен 7 миллион адамның 6 миллионы 17 мен 29 жас аралығындағы жастар болды. Ауыл шаруашылығында еңбек ететіндердің орта жасы 50 жастан асты. Сөйтіп, ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі төмендей бастады. Қала тұрғындарының саны артып, оларды азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесі қиындай түсті.

Солтүстік облыстардағы колхоздарда зейнеткер жасына жеткендер 1963 жылы 20-24,7 пайызға жетті. 1959 жылы РСФСР-да еңбекке қа-

білетті жастар көп колхоздардың жастар 1945 жылмен салыстырғанда 73 пайызға азайды. Бұл проблеманы агроқалалар салу арқылы шешу жөніндегі Хрущевтің «бағдарламасы» ең алдымен жастарға, өскелең ұрпаққа бағытталды. Әрине, жағымды жақтары болғанымен, мемлекеттің мүмкіндігі шектеулі болғандықтан бұл бағдарлама орындалмай қалды. Реформатордың ойлары мен жоспарларына мемлекеттің мүмкіндіктері сәйкес келмесе сәтсіз боларының бір мысалы осындай.

Әлеуметтік және экономикалық факторлардың ықпалынан қоныстану және қоныс аудару сипаты мүлде өзгеріп кетті. Негізінен, аймақтар бойынша алғанда, әл-ауқаты күшті тұрғындар саны аз және орташа қоныстар саны басым болды. Айталық, 100 адамға дейін тұрғыны бар қоныстар 23 пайыз, 101-ден 500 адамға дейін тұрғыны бар қоныстар 45 пайыз болды. Ал, 2 мың адамнан артық тұратын ірі қоныстардың саны өте аз болды. Олар ауылдық тұрғылықты пункттердің жалпы санының 7 пайызы ғана еді. Қоныстанудың мұндай құрылымы қолайлы әлеуметтік-тұрмыстық және мәдени инфрақұрылым құруды қиындатты және тұрғындардың қалаға кетуіне себеп болды, шаруалардың ұсақ ауылдардан ірі поселкелерге көшуіне әкелді.

Қарастырылып отырған кезеңде колхоз тұрғындарының жыныстық-жастық құрылымында және еңбекке жарамды және жарамсыз тұрғындардың арақатынасында маңызды өзгерістер болды. Бұл жағдай, әрине, соғыстың да демографиялық салдарымен, жас отбасылардың көшуімен, жасөспірімдердің ФЗО мектептеріне, училищелерге, техникумдарға және жоғарғы оқу орындарына оқуға кетуімен байланысты еді. Елуінші жылдардың аяғына қарай еңбекке жарамды колхозшылардың арасындағы ерлер мен әйелдер санының арақатынасы ерекше өзгерістерге ұшырады. Ерлерге қарағанда әйелдердің саны көп болғанымен, ерлердің үлесі бірте-бірте артты да, әйелдердің үлесі азайды. Демографиялық өзгерістердің мұндай үрдісі ұжымшарлардың еңбек ресурстарының жағдайына теріс әсер етті. 1958 жылы ұжымшарлық өндірістегі жұмысшылардың құрылымы төмендегідей: ерлер – 25,5 пайыз, әйелдер – 43,5 пайыз, еңбекке жарамсыздар және қарттар – 20,5 пайыз, жасөспірімдер 5 пайыз, ұжымшар аумағында тұратын, бірақ одан тыс жұмыс істейтіндер – 5,5 пайыз болды.

Хрущевтің реформаларымен байланысты қалалықтар да, ауылдықтар да азық-түлік тапшылығын сезінді. Соғысқа дейінгі қиын жағдай, мысалы, отбасы мүшелерінің тамақтану деңгейі 1950 жылдардың ортасына дейін жақсармады. Ауыл тұрғындары 1940 жылмен салыстырғанда, 1958 жылы қантты 6 есе, кондитерлік өнімдер мен балық өнімдерін 3 есе, етті 2 есе көп тұтынғанын көреміз[84, 156 с.].

Халықтың тұтыну қажетін өтеуіне былай тұрсын, халық шаруашылығы салаларын мемлекет тарапынан қаржыландыру ісінде қайшылықтар пайда болды. 1950 жылдардың екінші жартысында 1960 жыл-

дардың басында аграрлық сектордан әскери-өндірістік кешенге қаражатты басым жұмсау одан әрі сақталып, КСРО қарулану жарысына белсене қатысты. 1960 жылдардың басында Хрущевтің көптеген бейбітшіл мәлімдемелеріне қарамастан, мол қаржы әскери салаға жұмсалып, ауыл шаруашылығын қаржыландыру бұрынғысынша соңғы орында қалды. Реформаның авторы осы кезеңді сипаттай келіп, өмірінің соңында жазып қалдырған естеліктерінде «елде ракета құрудың өзіндік «кері жақтары» болғандығын» мойындады. Өйткені жанталаса қарулану, әсіресе қорғаныстың ракета сияқты саласын асығыс әрі үстірт дамытудың салдарынан «бюджеттің қыруар қаржысы ысырап болған».

Осының салдарынан мемлекет 1963 жылдан бастап ішкі қажет үшін шетелден астық сатып ала бастады. Бұл ауыл шаруашылығындағы терең дағдарыстың көрінісі еді. 1959 жылы еңбекшілер кейбір азық-түлік түрлері бағасының күрт өсуіне наразылық білдірді.

1963 жылғы егіннің шықпауы, соған дейін жүргізілген аграрлық реформаның азды көпті оң әсерлерін жоққа шығарды.

1961-1963 жылдары ауыл шаруашылық өндірісінің дамуы жетіжылдықта жоспарланған 70 пайыздың орнына 14 пайызға ғана орындалды.

Жалпы қорыта айтқанда, 1954-1964 жылдардағы КСРО-дағы социалистік қайта құрулар ауыл экономикасын құлдыратқаны белгілі. Ауылды, тисінше, ауыл шаруашылық өндірісін қайта құруға бағытталған көптеген саяси және экономикалық шаралар күткен нәтижелер әкелмеді. Жаңа бағдарлама мен шынайы өмір арасында терең қайшылық болды.

ТЫҢ ИГЕРУДІҢ ЗАРДАПТАРЫ

1954-1964 жылдардағы «тың эпопеясының» қасиретті зардаптары туралы Қазақстан тарих ғылымында жеткілікті зерттеліп, дәлелденген болатын. Көптеген зерттеушілер тың игеру жылдарын зерделегенде, адам өмірінің орташа ұзақтығы, балалар өлімі, кадрлардың тұрақтамауы, қылмыстық істердің көбеюі, жасырын жұмыссыздық, жергілікті тұрғындардың көңіл-күйі, маскүнемдіктің таралуы, экологияның бұзылуы секілді мәселелерді назардан тыс қалдырғаны да рас.

Алдымен, экономикалық зардаптарына тоқталсақ: КОКП Орталық Комитетінің 1954 жылғы ақпан-наурыз Пленумында қабылдаған шешімінде Қазақстанның, Сібірдің колхоз бен совхоздарында әр гектардан кемінде 14-15 центнерден астық алуға және екі жылдан кейін қосымша миллиард екі жүз миллион пұт астық өндіруге толық мүмкіндіктер бар деп саналған. Тың игерілгеннен кейін Қазақстан Отан қоймасына 6 рет 1 миллиард немесе одан да артық астық өткізген.

50-ші жылдары Тың өлкелерінде 40 млн га астам тың жерлер игерілді. Осылайша, жерді ойланбай жыртып тастау халықты орны толмас шығынға ұшыратты. Тіпті, оның зардаптары әлі күнге дейін жалғасуда. Ғалымдардың пікірінше топырақтың сапалы қыртысының 15-20 пайызы, ал кейбір жерлерде 23 пайызға дейін құнарсызданған. 1990 жылдардағы зерттеулерде бұрынғы тың игерілген аймақтардағы жердің құнарсыздануы 35 пайызға дейін жеткен.

Жердің эрозияға ұшырауы салдарынан егін өнімділігі күрт төмендеген. 1954-1958 жылдары әр гектардан 11,4 центнерден астық жиналса, 1959-1963 жылдары 6,1 центнерден астық алынған. Арамшөптерді химикаттармен отау және егістікке минерал тыңайтқыштар себу жұмыстары салдарынан да жер бұзылған. Мысалы, 1960 жылы Солтүстік Қазақстанның шаруашылықтарында 5,8 мың тонна минералдық тыңайтқыштар пайдаланылса, 1969 жылы олардың көлемі 247,7 мың тонна немесе 44 есе көп минералдық тыңайтқыш жұмсалған. Тарихшы Т. Жұмасұлтанов өз естелігінде: «Сонымен қатар кемістігі де көп болды. Әрине бұл үлкен істің жіберілген, айтпай кетуге болмайтын экономикалық, саяси зияндығы. Біріншіден, 25,5 миллион гектардың 11 миллионға жуық гектары тұзды, бірақ шөбі құнарлы мал шаруашылығына өте қолайлы болатын. Мұндай жерлер бір жыл өнім берсе, екінші жыл өнім бермейтін. Сол жерлер тыңның санын көбейтеміз деп жыртылып кетті. Орнына қайтарғанмен, ол басқа қара топырақты жерлердей өнім беруге шамасы жетпейді. Екіншіден, әрбір ауылдың іргесіне дейін жыртып тастап, халықтың мал шаруашылығы мен жеке шаруашылықпен айналысуына мүмкіншілігі азайып кетті.

Экологиялық зияндығы сол алғашқы жылдары жердің құнарлы топырақтары ұшып кетіп, жердің құнарлығы азайғаны рас. Көп

жерлерді химиялық тыңайтқыштарды дұрыс қолданбай немесе мөлшерден тыс көбірек қолданып, біраз жерлердің де бүлінгені шындық. Сонымен қатар шанды тұмандар да пайда болды» [47], – деп жазады.

Ал, тың игеру жылдары басшы қызмет атқарған Ф.Моргун өзінің «Тың туралы ойлар» кітабында: «1955 жылдан бастап Қазақстан солтүстік аймақтарында жер жаппай жыртылғаннан кейін, шаң бораны көтеріліп, егістік алқаптардың құри бастағаны, тіпті Павлодар облысында мыңдаған гектар жер жел эрозиясына ұшырап есептен шығып қалғаны рас», – деп дәлелдейді.

Көріп отырғанымыздай, Солтүстік Қазақстан облысында аумақтың ландшафтық құрылымы өзгерді, көлдер эокожүйесі жағдайы нашарлады, ауыл және орман шаруашылығында улы химикаттарды пайдалану жануарлар дүниесінің саны мен түріне кері әсер тигізді. Мысалы, суда жүзетін құстардың саны тың жерлерді игеру жылдары ішінде 15-20 пайызға азайған. Көп жерлерде көлдер суалып, жылғалар тартылды.

Мәселен, Қостанай облысы аумағында тың игеруге дейін бес мың көлдің болғаны туралы айтылғанымен, бүгінде олардың бес жүзі ғана сақталып қалған. Бұрынғы 56 шағын өзеннің 20-сы жойылып кетті, әсіресе, суы мол – арнасы 121 мың шаршы шақырым алқапты қамтитын Тобыл өзенінің тың игергеннен кейін 52,2 мың шаршы шақырым жерді ғана айналып ағатынын көріп отырмыз.

Кезінде белгілі агрохимик, академик Д. Прянишниковті таң қалдырған Қоңыраттың (қазіргі Қарағанды облысының Ақтоғай ауданының бұрынғы атауы) ақбидайы мен қожа-бидайы бүгінгі күнге жетпей, тың игеру жылдарының «құрбаны» болып кеткен. Дәнінің салмағы әлемдік рекордтық көрсеткіш жасаған жаздық бидай мен қара бидай масақтары 1930-34 жылдары Мәскеудегі ауылшаруашылық жетістіктерінің бүкілодақтық көрмесіне қойылғандығы да белгілі.

Дәнді дақылдар егіншілігінде жылдар бойы сыннан өтіп, қалыптасқан диқаншылық дәстүр бұзылды. Айталық, Солтүстік Қазақстанның жағдайында таза парды қолданудың тиімді екендігі дәлелденген. Астық шаруашылығы жөніндегі Қазақ ғылыми зерттеу институтының ұсынысы бойынша тың жерлердегі егістіктің 20-25 пайызы парға қалдырылуы тиіс. Өкінішке орай, Н. Хрущев парды мойындамақ түгілі, көп жылдық шөп егуге, егінді тікелей орып жинауға да тыйым салған. Н. Хрущев жерді сақтамақ түгілі, 1957 жылы 22 мамырда «Таяу жылдарда еліміздің әр тұрғынына шаққанда ет, сүт, май өндіру жөнінде АҚШ-ты қуып жетеміз» – деп ұрандатып, солтүстік өңірге дейін жүгері өсіруге бұйрық бергені де тарихтан мәлім.

Тың игеру жылдарында шаруашылықты ұйымдастыру ісінде де көптеген кемшіліктер орын алған. Ауыл шаруашылығы министрлігінің үстіне совхоздар министрлігі, жергілікті жерлерде совхоздар тресі, өлкелік басқару буындары құрылды. Облыстық партия және кеңес органдары салалық негізге байланысты өнеркәсіптік және селолық болып

бөлінеді. Селолық аудандар ірілендіріліп, территориялық басқармалар ұйымдастырылған. Бас-аяғы 5-6 жыл ішінде колхоздар екі мәрте біріктіріліп, ірілендіріліп, соңында совхоздарға айналдырылған. Машина-трактор станциялары таратылған. Осындай алмағайып ауыстырулар шаруашылықтың тиімді жүргізілуіне кедергі болды. «Қымбатты Никита Сергеевичтің» толассыз реформалары халықты қажытты. Әкімшілік-әміршілдік әдіс тамырын тереңге жайды. Егін шығымдылығы бәсеңдеген кезде жоғарыдан келген бұйрықтар негізінде бос жатқан «тың» жерлер «игерілген».

Еш ғылыми негізсіз жерлерді «игерудің» Солтүстік Қазақстан облыстарындағы үлесі 65-70 пайызға дейін жетті. Кей жерлерде бұл көрсеткіштен де жоғары болды. Республика бойынша 25,4 млн. гектар жердің жыртылуы жайылымдық жерлердің азаюына, демек, мал басының күрт кемуіне әкелген. Тіпті, ауылдың іргесінде де мал жаятын жер қалмаған жағдайлар да кездескен. Кей жерлерде мал жыл бойына бір жерде бағылып, жердің пайдаланудың тиімді әдісі ескерілмеді де құнары кетіп, тақырға айналған, бұрынғы жайылымдықтар бүгінгі күнге дейін 15 миллион гектарға жеткен.

«Тың жауынгерлері» 25,4 миллион гектар жердің табиғи жамылғы қабатындағы беткі қатпарды сыдырып, алып тастаған. Ғалым диқанدار оның орнын орылған егістіктегі аңызды сақтау арқылы жөндемек болғанымен, игерілген тыңның құнарын арттыра алмады. Өйткені, аңызда қалдырылған бидай сабақтары жерді топырақ эрозиясынан қорғап, ылғалды сақтауға көмектескеннен басқа пайдасын тигізе алмайтын еді.

Шаруашылықта қатардағы агроном, бас агроном, облыстық комсомол комитетінің екінші, бір жылдан кейін бірінші хатшысы, Тимирязев, Бескөл аудандық атқару комитеттерінің төрағасы, Сергеев аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, Солтүстік Қазақстан облатком төрағасының бірінші орынбасары, Павлодар облыстық атқару комитетінің төрағасы қызметтерін атқарған, көптеген марапаттың иесі Жақсылық Ғабдоллаұлы Ысқақов өз естелігінде: «Ол кезде біз қателік бар-ау деп күдік келтіргеніміз жоқ. 1954 жылдың наурызында Алматы ауыл шаруашылығы институтын бітіріп, агроном мамандығын алған албырт шақ емес пе?! Осы облыстағы Полудин МТС-іне қарасты «Путь Ильича» ұжымшарында агроном болып орналастым. Жоғарғы жақтың жіберген қателіктерін біле де бермейміз. Кейін ғана түсініп, қазір айтып жатырмыз ғой. Мәселен, КОПК Орталық комитетінің наурыз пленумында Совет Одағы бойынша 13 миллион гектар тың және тыңайған жерлерді игеру жобаланса, бұл көрсеткіш 42 миллион гектарға жетті, Қазақстанның өзінде ғана 25,5 миллион гектар жер жыртылды. Бізде даңғазалық, дүрмек, дабыл көп болды. Соның салдарынан ауыл-үйдің іргесіне дейін, көлдің, орманның айналасы да жыртылды. Үлкен қателік осы еді. Экология бұзылды. Өйтеуір кейін академик А. Бараевтың әдісін қолданып, жер эрозиясын тоқтаттық. Жер жыртуда асыра сілтеп жібергенімізді

түсіндік. Мал жайылымын да жыртып тастап, өрісті тарылттық, көлдер суала бастады, орман да құрып сиреп бара жатқаны байқалды. Мұндай кемшіліктерді түзетудің жолын қарастырдық артынан», – деп сол уақыттың шындығын көрсеткен еді.

1992 жылы 4 желтоқсанда жарық көрген «Егеменді Қазақстанның» бетінде елімізде 63 миллион гектар жайылымның немесе республикадағы бүкіл мал өрісінің үштен бірінің әбден тозығы жеткендігі жазылды. Нәтижесінде Хрущев басқарған жылдары мал, әсіресе жылқы саны күрт азайды. Мәселен, 1920 жылдармен салыстырғанда жылқының саны 3 есе, түйенің саны 5 есе азайған. Жаппай жүгерілендіру саясатын да тың тарихынан бөлек қарай алмаймыз.

Н.С. Хрущев Алтай ғалымдарының жыртылып тасталған ауыспалы егістің астық парларынан артықшылығын естіген бойда, таза парлардың орнына мыңдаған гектар жерлерге жүгері егу туралы ұсыныс жасаған. Ауыл шаруашылығы ғалымдарының топырақ құрамы, климат жағдайы, қажетті технологияны қатаң сақтау туралы ғылыми ұсыныстары ескерілмеді. Таза пардың орнына жүгері егуге болмайтыны Н.С. Хрущевті ойландырмады. АҚШ-тан көрген жүгері егістігіне деген құмартушылық жаппай «жүгерілендіруге» жол ашты. Сөйтіп, жүгері «Дала аруы» атанып, құрғақшылық жайлаған аудандардың өзінде жүгерінің әр гектарынан кемінде 300 центнер балауса жинау міндеті күн тәртібіне қойылды. Алайда, жергілікті жерлер бұл жоспарды 150 центнерге ғана орындай алды. Хрущевтің ұсынысымен Қазақстанда 1960-1960 жылдар аралығында жүгері егістігінің көлемі 2200-2100 мың гектардан 4500 мың гектарға дейін арттырылған.

Экстенсивті әдіспен жүргізілгендіктен мал шаруашылығын азықпен қамтамасыз ету ісі шешілмеді.

Хрущев тың игерушілерге жаздық бидай мен жүгеріні өзара ұштастыра тиімді пайдалануды ұсынды. Ол 1960 жылдардың басында тың аудандарында екінші тыңды – мал шаруашылығын жан – жақты дамытуды, ет және мал өнімдерін арттыруды қолға алуымыз керек деп ұрандатты. Компартия «тың игерудің алғашқы жылдарындағы табыстардан, жылдан-жылға артық астық өндіруге толық мүмкіндік бар», – деген қате қорытынды шығарды. 1959 жылы кезектен тыс шақырылған Қазақстан Коммунистік партиясының ІХ съезінде, республиканың партия ұйымының басшысы Н.И. Беляев 1959-1965 жылдардың аралығында жетіжылдық жоспардың қорытындысы бойынша астықтың әрбір жылғы жалпы түсімін кемінде 1 миллиард 370 миллион тоннаға жеткіземіз, деп мәлімдеген. Көп кешікпей-ақ бұл көрсеткішті кемінде 1,5 миллиард пұтқа жеткізу жолында социалистік жарысты өрістету туралы шешім қабылданды.

1960 жылғы Қазақстан Коммунистік партиясының Х съезінде бұл көрсеткіштің орындалмағаны туралы мәселе көтеріліп, оны орындау «ұлы міндетке» айналады.

ВАСХНИЛ-дің Шығыс бөлімшесінің ғалымдары зерттеген 30 мың гектар жердің үштен бір бөлігінде астық өсіруге аса қажет қарашірік екі-ақ пайыз болса, тың игерілген аймақтың тек 4 пайызында ғана жақсы сақталған болып шыққан. Тыңды жаппай игергеннен кейінгі соңғы 30 жылдың ішінде жердің жыртылатын қабатындағы қарашіріктің азайып кетуі Көкшетау облысында 4,3-тен 3,6 пайызға, Қостанай облысында 3,7-ден, 2,7 пайызға төмендеген. Осындай көрініс тың игерілген облыстардың бәріне тән еді. Республиканың солтүстігінде миллиондаған гектар жер шаруашылыққа жарамсыз болып қалды. Тек Павлодар облысының бір өзінде ғана миллион гектардан астам жер жел эрозиясына ұшырап, шаруашылық айналымнан шығып қалды.

Тарихи шындық тұрғысынан келетін болсақ, Қазақстандағы «бос жатқан жерлерді игеру» идеясының экономикалық ғана емес, саяси астары да белгілі еді. Ол патшалық Ресейдің отарлау саясатының XX ғасырдағы жалғасы екендігі анық. Н. Хрущевтің: «егер патша өзінің әдістерін қолданып, бұл аймақты ұзақ мерзім ішінде адамдарға толтыра алмаса, біз кеңестік әдіспен 10 жылда-ақ толтырдық» – деген сөзі тың игеру саясатының негізгі мазмұнын көрсетеді.

Нәтижесінде 1954-1960 жылдары Қазақстан халқы сырттан келгендер есебінен 2,6 миллион адамға, ал, Көкшетау облысында 616 мың адамға өскен. 1959 жылғы санақ бойынша қазақтар табиғи өсімі жоғары болса да 8 пайызға кеміп, республикадағы қазақ еместердің үлес салмағы 2 пайыздан астам өскен. Сол жылғы санақта республикада қазақтар 30-ақ пайыз, орыстар 42,7 пайыз болған.

«Әрине, халықтың ғасырлар бойы қанына сіңген әдет-ғұрып, имандылық, үлкенді сыйлау, әдептілік дегендердің өзін жоғалтып жіберуге дейін баруы, тіл, оқу орындарының күрт кірме тілге бас ұрып кетулері сияқты өрескел бұрмалаушылық тың игерудің тікелей нәтижесі болатын. Мысалы, 2010 жылдың 4 наурызында шыққан «Новое поколение» газетінің бас редакторы Бигелді Ғабдуллиннің «Біз ондай табысты қабил алмаймыз!» деуіне сондай себептердің бар екені көрініп тұр [103].

Тың игеруге қатысқан адамдарды ұстап қалу үшін материалдық ынталандыру қолға алынған. Тың игеруге келгендердің жолақысы тегін болып, әр отбасына 500-1000 сомға дейін, әр жанұя мүшесіне 150-200 сомнан бір реттік көмек көрсетілді. Мемлекет үй салу үшін қажет қаржының 35 пайызын берді, мал сатып алу үшін несие берілді. Тың игерушілер 2 жылдан 5 жылға дейін ауыл шаруашылығы салығынан босатылды. Бұл көтерме көмекті тек славян ұлтының өкілдері ғана пайдалана алды. Сөйтіп, көпе-көрнеу ұлттық кемсітушілік жалғасын тапты.

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ішкі істер басқармасының мұрағат құжаттарында қылмыс санының артуына қатысты арнайы жазбалар сақталған. Әсіресе, мемлекет мүлкін ұрлау және талан-таражға салуға қатысты деректер жиі кездеседі. Мәселен, 1954 жылдың 10

айында қаражатты ұрлау және талан-таражға салу қылмыстары бойынша мемлекетке 1386,0 мың сом, яғни, өткен жылмен салыстырғанда 3 есеге таяу зиян келген. Бұл қылмыстардың негізгі бөлігі жаңа совхоздардағы сауда ұйымдарында жасалған.

Аталған қылмыстардың себебін тексеріп, саралап көргенімізде кісі өлтірудің барлығы, тонау мен қарақшылықтың жартысынан астамы маскүнемдіктен болған. Жастар арасында, әсіресе мектеп оқушылары арасында тиісті тәрбие жұмысы жеткіліксіз болғандығы, олардың оқу және жұмыс орындарында, тұрғын мекенінде бақылаудың осалдауы екені анықталды.

1962-1963 жылдардағы қылмыс түрлеріне келсек, екі жылда қылмыскерлер қолынан 55 адам өліп, 79 адам тоналған, мемлекеттік және жеке мүлікті ұрлаудың 400-ге тарта фактісі тіркелген, 170 адам бұзақылығы үшін сотталған.

Маскүнемдікке салынғаны үшін 1963 жылы айықтырғышқа түскен жұмысшылардың кәсіпорындар бойынша көрсеткіштері жылдан-жылға өсіп келе жатқаны байқалады.

Петропавл қалалық кеңес атқару комитетінің жанындағы Әкімшілік комиссия 1963 жылы қоғамдық жерлерде маскүнемдікке салынған тұлғаларға қатысты 2370 әкімшілік хаттамаларды қарап, 2370 адамға айыппұл салған. Сонымен қатар, бұдан да басқа қала көшелерінде тәртіп бұзғандар мәселесіне арналған 472 хаттама қаралып, 325 адамға айып-пұл салынған [104, 6-8 pp.].

Қазақстанға Батыс Украинадан қоныс аударғандар оқшау тұрғандықтан тілі мен мәдениетін сақтап қалды. Олардың көпшілігі дүние-мүлкі мен қоса діни қастерлі заттарын да ала келген. «Адамдар өздерімен бірге ұрланып иконаларын және поляк дұғалық оқулықтарын ала келді, сонымен балаларын оқуға үйретті. Мүмкіндігінше өздерінің дәстүрлерін, салттарын, тілін, дінін сақтады. Олар поляк-украинша сөйледі, бірақ бұғанда кейінен тыйым салынды – деген деректер сол кездің шынайы өмірін көрсетеді.

1954 жылы Қазақстан қайтадан жаңа адамдар ағынын қабылдады. Бұл жолы олар Кеңес Одағының әр Республикаларының еріктілері болды. Әлеуметтік қамтылған әрі ерікті тың игерушілер арасында жанжал болды. 1950 жылдың басында шешендер мен ингуштардың көпшілігі өздерінің жағдайларына разы еместерін ашық айтқанымен өкімет оларды шешуге асықпады. Бізаланған шешендер мен ингуштар өздерінің нашар жағдайын жергілікті тұрғындардан, басқа қоныс аударушылардан, кейін келген тың игерушілерден көрген. Бұл облыстағы ұлттаралық қақтығыстарға әкелген. Арнайы контингент арасындағы саяси тәрбиелік жұмыс жағдайы туралы Шортанды аудандық партия комитетінің анықтамасында былай көрсетілген: «үгіттеу көпшілік жұмыс қанағаттанарлық емес. Нәтижесінде шешендер жағынан еңбек және қоғамдық тәртіп бұзушылық, колхоз меншігін тонау, колхоздың басшылық

құрамын ұру және мекендерде режимді бұзушылық бар» [105. 83 п.].

«...Енді бір жағынан алып қарасақ, осы тыңға Одақ үкіметі қолда бар техниканы, құрылыс материалдарын басқа жерлерге жібермей, өз абыройын сақтау үшін де үйіп-төгіп бергені анық еді. Соның арқасында 60-шы жылдары жаңа совхоздардың поселкілеріне ескі ауылдар да теңеліп қалғаны, бұрынғы бір-екі бөлмелі үйлердің орнына 3-4 бөлмелі үйлердің пайда болуы, қора-қопсы, үй-іші жиһаздары түгелімен өзгеріп, ауыз суының су құбырлары мен терең құбырлы құдықтардан алынатын әдеттегі тірлікке айналды. Электр шамы үй-іші түгіл, қора-қопсыда жанып тұратын. Үйлер, сарайлар, қоралар шифермен жабылды. Осыған орай бір мысал келтіруге тура келеді. Ауданымыздың бір бастығының туып-өскен жері Ульянов облысы болатын. Сонда шешесі тұрушы еді. Оның үйінің шатыры тозып, соған осы жатқан 150 шифер жіберіп, өзі демалыс алып, соған көмектесуге кетті. Бұл 1974 жыл еді» [79], – деген жолдардан сол кезеңнің шындығын көреміз.

Тың игеру жылдарында барлық қаржы мен мүмкіндіктер жаңада құрылған совхоздарды дамытуға жұмсалған. Ал, қазақтар көп шоғырланған байырғы ауылдарға еш мән берілмей, тіпті жүздеген ауылдар «болашағы жоқ» деген тізімге ілініп, жойылды. Мәселен, Көкшетау облысында тың игеру жылдарында елуден астам елді-мекеннің аты картадан өшірілген. Бір мысал ретінде Кеңес Одағының батыры М. Ғабдуллиннің туған ауылы Қойсалғанды айтуымызға да болады.

Елді мекендердің тарихи атаулары науқаншылдықпен өзгертілген. Ал, келгендердің жергілікті халықтың мәдениеті мен тұрмысынан хабары аз болды. Ақмола – Целиноград, Қойтас – Гагарино, Тайынша – Красноармеец деп аталды. Тың игеру жылдарында солтүстік облыстарда 3500 елді мекен төл мәдениетке қатысы аз есімдермен өзгертіледі. Қазақ ұлтының мәдениеті, тарихи ескерткіштері қорғалмақ түгілі, қор болды да. Мысалы, тың игеру жылдары Ақмола облысына қарасты Зеренді ауданындағы «Қазақстан» ауылы жанындағы «Хан сүйегі» аталып келген тұста Уәли хан жерленген құлпытас ортан белінен қирап, шалғы шыңдайтын төске айналған. 2009 жылы ғана ауыл азаматтары Уәли ханның осы бір тасын іздеп тауып, қалпына келтіріп, кесене тұрғызуды тұрғындардың өздері бас болып қолға алған.

Тың және тыңайған жерлерді игеру туралы сыңаржақ саясаттың зардаптары осы уақытқа дейін жалғасып келеді. Құжаттарға қарап отырсақ, тың игерілген кезде республиканың бүкіл құрылыс ұйымдары мен құрылыс материалдарын шығаратын кәсіпорындар, табиғи құрылыс материалдары жаңадан салынған совхоздарға жұмсалды. Ондаған жылдар бойы қалыптасқан, өзіндік өмір салты, тіршілігі бар қазақ ауылдары мүлде ұмыт қалды. Зерттеушілер тың игеру кезінде тек солтүстік аймақта ғана 500-ге тарта қазақ ауылының құрып кеткенін көрсетеді. Ата мекенінде орныққан халық, өз ауылында мектеп, аурухана, мәдени ошақтар салынбай, жаңадан құрылған совхоз-

дарға көшуге мәжбүр болды. 60-70 жылдардың өзінде Қазақстанның 30 селолық ауданы келешегі жоқ деп есептелді. Олардың бәрінде тұратын халықтың басым көпшілігі қазақтар болатын.

Сырттан келгендердің саны көп болғандықтан, қазақ мектептері жабылды. Тиісінше, мың жылдық тарихы бар қазақ халқы өз жерінде азшылыққа айналып, салт-дәстүрінен, тілінен айырыла бастады. Бұл арада, сол кездегі үкіметтің бірінші басшысы Н. Хрущевтің өз аузынан айтқан мына сөздері айдай әлемге тарап кеткенін көрсетсек те жеткілікті. «Егер, патша, – деді ол, – 100 жыл бойы патшалық әдіспен бұл аймақты адамға толтыра алмаған болса, біз бұл міндетті Кеңестік әдіспен он жылда орындап шықтық». Жаңа отарлау саясатының бүкпесіз анық нәтижесі осылай бағаланып еді. Тіпті бұған сөз қосудың өзі артық болар.

Тың игерудің басты жетістіктерінің бірі халықтар достығын қалыптастыру деп насихатталды. Солай екені де рас. Жергілікті қазақ халқы сырттан келгендерді ұлтына, нәсіліне қарамай, құшақ жая қарсы алды, төріне отырғызып, дастархан жайды. Алайда, сол сырттан келген тыңгерлердің арасында 50-60 ұлттың өкілдері болса да, бәрі бір тілде сөйлеуге, бір тілде ойлауға мәжбүр болды. Бала бақшаларынан бастап, бүкіл білім беру, мәдениет ошақтары тек орыс тілінде жұмыс істеуге бейімделді. Басқалар өз тілін, тегін ұмытуға таяды.

Тәуелсіз Қазақстан жағдайында 100-ден аса ұлттың құтты мекені болып отырған қазақ жерінде өмір сүруші әрбір адам өзін қазақстандық деп біледі, Қазақстан азаматы екенін мақтан тұтады. Қазір республикамыздағы барлық ұлт өкілдерінің өз тілінде сөйлеп, жазуына, ұлттық мәдениетін дамытып, салт-дәстүрлерін жаңғыртуға барлық мүмкіндігі бар. Қайталап айтатын болсақ, тың игеру кезінде қалыптасқан саяси жағдайда мұндай мүмкіндік болмаған.

Біздің зерттеулеріміз тарих ағысында мұндай кемшіліктер болмауы үшін, өткен кезеңдердің ащы сабағын көзге көрсетіп, қолға ұстақандай етіп дәлелдеуге жасалған талпыныс болып табылады.

Қазақстанның солтүстік аймақтарындағы кеңестік аграрлық саясаттың нәтижесі және оның қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени өмірге ықпалы айқындалды. Атап айтқанда, тың және тыңайған жерлердегі білім-беру ошақтарының қалыптасуы мен қызметі, қылмыс түрлерінің көбеюі, экологиялық зардаптар және әлеуметтік әділетсіздік жағдайлары көрініс беріп отырды.

ҚОРЫТЫНДЫ ОРНЫНА

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Жер құнары азып, атамекен тозып кетті. Кербез сұлу Көкшетаудағы сексен келдің сәні азайып, айдынды Аралымыз тартылды. Абай туған Шыңғыстауды қырық жыл бойы Семей атом полигонындағы сынақтар сілкініп тұрды, сарыарқаның шалғыны азып, жер жаннаты Жетісудың жайлауы жүдеді» – дегендей, КСРО кезінде қазақ жері отаршылдықтың зардабын әбден тартты.

1953-1964 жылдар арасында тарихта болған тың игеру науқаны ауыл шаруашылығында болып көрмеген реформа болатын. Мемлекеттің бірінші басшысы Н.С. Хрущев ауыл шаруашылығын дамыту туралы қайшылықты ұсыныстарымен орталықтандыруды және колхоздар мен совхоздардағы шаруашылықты дербестендіруді жоспарлады. Компартияның үгіт-насихат машинасының пәрменімен «Отан үшін бейбіт уақытта құрбан болу» ұраны үстем болып, халық ауыл шаруашылық реформасынан жақсы нәтиже күтіп үміттенді де. Еліміздің барлық жерлеріне жүгері, шаршы ұялы әдіспен әртүрлі дақылдар егілді. Н.С. Хрущевтің «жаңа бағыты» «бақытты болашаққа», елімізді аграрлы өркендетуге бағытталды. «Агроқалалар құру», «Тың игеру эпопеясы», «мәдениеттің өркендеуі», «Жүгері – дала аруы», «Бұршақ – дала серісі», «Ет, сүт, май өнімдерін өндіруде Американы қуып жетіп, басып озу» ұрандары ауыздан-ауызға таралды. Алайда болжамның нәтижесі ғылыми мекемелерде, жоспарлы органдарда ғылыми түрде жобаланбаған, негізі осал еді, реформаның нәтижелері экономикалық тұрғыдан есептелген жоқ. Реформа жүргізуде волонтаристік көзқарас үстем болды.

Тың және тыңайған жерлерді игеру жылдарындағы зорлықпен алынған «өнімді» Л.И. Брежнев: «Тыңды көтеру шын мәнінде бүкіл-халықтық іс болған соң ғана, мұндай өсу қарқынына қол жеткіздік», – деп те ұғындырған. Сөйтіп, жаппай тың игеру саясатын «жүйелі түрде зерттеуге» жол ашылады. Компартия нұсқауымен тың игерудің алғашқы жылдарында Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен миллионнан астам «еріктілер» тың игеру аймақтарына өкелінді. Осылайша КСРО-дағы азық-түлік тапшылығына әрі орталықтың саяси мақсатының мазмұнына орай 1954 жылы осыған орай тыңайған жерлерді игеру шаралары қарқынды басталды. Тың игеру республиканың Ақмола, Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Торғай облыстарында жүргізілді.

1954 жылдың көктемінен 1955 жылдың көктеміне дейінгі бір жыл ішінде тың өлкесінде 337 астық кеңшары құрылды. Олардың 10 миллион гектардан астам егіске жарамды жер болды.

1954 жылдың өзінде тың көтеру жөніндегі жоспар артығымен орындалды. Қазақстанда 6,5 миллион гектар тың жер жыртылды. Астықтың жалпы түсімінің мөлшері 7650 мың тоннаға жетті.

1950 жылы Қазақстанда 7854 мың гектар жерге дән себіліп, одан 4,7 миллион тонна астық жиналған болатын. 1955 жылы егіс көлемі 1954 жылғымен салыстырғанда екі еседен аса көбейіп, 20,6 миллион гектар жер жыртылғанымен, ауа райының қолайсыздығынан 4750 мың тонна ғана астық алынды.

Тың игерушілер айтарлықтай көрсеткішке ауа райы қолайлы болған 1956 жылы ғана жетті. Бұл жылы 16 миллион тонна астық жинады. Тың жерлерді игеруге қатысты алуан-түрлі пікірлер де бар. 1954-60 жылдар аралығында 25,5 миллион гектар тың жер игерілген. Компартияның басты мақсаты – 1950 жылдардың бас кезіндегі азық-түлік тапшылығын жою болды. Сапа ескерілмей, көбінесе сан жағына көп мән берілді. Екі жылда орасан зор жерді игеріп, өнім алу керек болды. «Миллиардтаған пұт астық алынып, Қазақстан келіп қалған азық-түлік дағдарысының алдын алды деп айтуымызға болады» – деп баспасөз бетінде жазылып жатты.

Өрине, «Тың Қазақстанға ғажайып өзгерістер әкелді» – деген сөздерді жиі естиміз. Оның шындығы да жоқ емес. Бірақ, бұл «ғажайып өзгерістер» қандай бағамен келді? Осыған назар аударайықшы. Тың игерілген аудандардың жерінің географиялық, экологиялық, халқының ұлттық-этнографиялық бейнесі өзгерді. Географиялық картада ұлттық мазмұнынан айырылған елді мекендердің көбейгені, осы уақытқа дейін сақталғаны соны көрсетеді. Мәселен, «Москва», «Астрахан», «Горький», «Бауман», «Симферополь», «Ростов» және тағы басқа осындай атаулар көбейді. Л.И. Брежнев «Целина» кітабында тыңның 90 жаңа қалалардың өмірге келуіне септігін тигізгенін жазып, жоғарыдағы атаулардың басым болғанын мақтаныш көреді.

Қазақстанға 1954 жылдың наурыз айына дейін 250 мың, ал 1956 жылы 640 мың тың игерушілер қоныстанған. Олар негізінен Ресей, Украина, Белоруссия қалаларынан келген еді. Жеткіліксіз жұмыс күші Кеңес Армиясы қатарынан босатылған жауынгерлермен де толықтырылды. Мемлекет батыс аймақтардан тыңға қоныс аударған отбасыларына көп қаражат бөлген.

Республиканың ауыл шаруашылығына алғашқы екі жылда 6 105 миллион сом қаржы жұмсалған. Бұл соның алдындағы бесжылдықта жұмсалған барлық қаржыдан төрт есеге жуық көп. 1954-1958 жылдары Қазақстанда 337 жаңа совхоз ұйымдастырылды. Мемлекет совхоз құрылысына 10.814 мың сом қаржы жұмсады. Алайда, осы тұста тарихшы Т.Омарбековтың: «Біз тың игеру ісіне мемлекеттің қыруар қаржы бөлгені туралы талмай, қайта-қайта айтқан кезде, мына маңызды мәселені естен шығарып аламыз: Қазақстан тыңнан мемлекет тек қана пайда түсірді және одан мемлекет ешқандай (егер

ақша қаражатымен есептейтін болсақ) зиян шеккен жоқ. Қазақстан экономистері тынды игеруге кеткен шығынның алғашқы жылдардан бастап-ақ, таза табыспен өтелгенін есептеп шығарып қойған. 1954-1962 жылдардың ішінде Солтүстік Қазақстанның жаңа жыртылған жерлеріне егілген астығы мемлекетке 649 млн. таза пайда бергенін КСРО-нің Орталық статистика басқармасы да есептеп шығарды,» – деп жазғанын келтіргеніміз де жөн.

Республиканың өзге ауыл шаруашылықты аудандарының есебінен тыңға құрылыс материалдары, техника үсті-үстіне әкелінді. 1953 жылмен салыстырғанда 1956 жылы тыңға әкелінген тракторлардың саны 213 пайызға, комбайндар 232 пайызға артқан. Мәселен, 1958 жылы республикада 40 мың трактор болса, 1960 жылдардың басында 156,2 мыңға жеткен. Комбайндар саны 3 есе көбейген. 1954 жылы белгіленген 6,3 миллион гектардың орнына 8,5 миллион гектар жер жыртылған. 1954 жылдың тамызында КОКП ОК мен КСРО Министрлер Кеңесінің тыңға шабуылды одан әрі өрістету туралы Қаулысы қабылданып, нәтижесінде 1954-1960 жылдары 26484 мың гектар жер жыртылған.

1954-1955 жылдары Компартияның орталық комитеті Қазақстанға тың жерлерді игеруде аудандық буынды нығайту үшін 176 жауапты қызметкерді аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, яғни аудандағы ең жоғары билік иесі қызметін атқаруға жіберді. МТС және совхоз директорлығына жаңадан келген 250 адам тағайындалды. Тың игеруге екі жылда орталықтың жолдамасымен 26 мыңға жуық коммунист жіберілген. Басшы жұмыстарға сырттан келгендерді отырғызу әдетке айналады. Мемлекет қыруар қаржы бөле отырып, тыңға келген адамдарды тұрақтандыру мақсатында, оларға мәдени-тұрмыстық жағдай жасауға көңіл бөлді. Басқа аймақтардың дамуын тежеп қойып, тың көтерілген аймақта жаңа құрылыс нысандары жедел бой көтере бастады.

1955-1956 жылдары Қазақстанда селолық жерлерде 17 мәдениет үйі, 450 клуб, 300 кітапхана, 50 оқу үйі, 500-ден астам қызыл мүйіс, 10 стадион және алаңдар салынып, 230 елдімекенге радио және 130 елді мекенге электр жүйелері тартылған. 1954-1955 жылдары республиканың тың аймағында 853 мың шаршы метр тұрғын жай салынған.

1949-1953 жылдары мемлекетке жылына 111 миллион пұт астық тапсырылса, 1954-1958 жылдары мұның жартысындай ғана астық өткізілді. Ал, жаңбыры көп болған 1956 жылы 1,483 млн. пұт астық жиналып, 1 миллиард пұт астық тапсырылды. Алайда, одан кейінгі жылдары астық өндіру едәуір кеміді. Мысалы, 1963-1964 жылдары өндірілген астық көлемі 1953 жылғы мөлшерден сәл ғана асқан. Сол жылдары АҚШ, Канада, Аргентина, Франция мемлекеттерінен астық сатып алынған. 1958-1965 жылдары 3 миллион гектарға жуық егістік жер құнарсыздығына байланысты айналымнан шығарылған. Ескерте ке-

телік, бұл көрсеткіштер ол кезде мемлекеттік құпия ретінде сақталып, халыққа ашық айтылмаған.

«Тың игерудің пайдасына нанымды дәлел ретінде Челябинск облысының «Петропавл» Солтүстік Қазақстан облысының «Ленин Жолы» деген екі шаруашылығының қайтадан игерілген жерлердің бір гектарынан 22 және 30 центнер өнім алған (өзінен өзі күмәнді) жеке-леген тәжірибесі насихатталды. Осыны негізге ала отырып, Қазақстан, Сібір мен Орал сыртындағы тың аудандары мен басқа да аймақтарда 13 миллион гектар тың және тыңайған жерлерді, оның ішінде Қазақстанда 6,3 млн. гектарды игеру міндеті алға қойылды. 1955 жылы осы жерлерден 1100-1200 млн. пұт астық алу ұйғарылды. Алға қойылған міндеттерді шешу үшін ауқымды күш пен қаржы жұмылдыру, қаншама қиындықтарды жеңу қажет болды.

Тыңға ауқымды материалдық қорлар тартылды. Елдегі және республикалардағы егіншілікпен айналысатын басқа аудандардың есебінен тың игеру аймағына құрылыс материалдары мен техника жіберілді. 1956 жылы 1953 жылмен салыстырғанда тракторлар саны – 213 пайызға, ал комбайнмен қамтамасыз ету 237 пайызға өсті. Егер, 1958 жылы республикада 40 мыңға тарта трактор тіркелсе, 1960 жылдың басында олардың саны 156,2 мыңға жетті, немесе 4 есеге, ал комбайндардың саны 4,3 есеге артты. Мүмкін, сол уақытта, басқа бір ауданға сондай мөлшердегі техника аз жеткізіліп, олардың әлеуметтік-экономикалық дамуына кері әсерін тигізген шығар.

«Тыңға шабуыл» ешқандай дайындықсыз, тез басталды. «Соқаның жүзі қара топырақты құнарлы жерлерге де, жайылымға бай бетегелі далаға да, сондай-ақ сортаң жерлерге десалынды. Екпінді комсомол-жастар мен интернационалдық бригадалар «қазақ даласының ішек-қарнын ақтарып тастады», – деп жазды халық жазушысы Ш.Мұртазаев. Жүздеген, мыңдаған және миллиондаған гектар жыртылған аймақтар туралы мәлімет-рапорттар жоғарыға беріліп жатты. Тапсырманы асыра орындау үшін 6,3 миллион гектар жердің орнына 1954 жылы 8,5 миллион гектар жер жыртылды. Осы нәтижемен тоқтауға да болушы еді, бірақ «құрметті Н. Сергеевич» бұған да қанағаттанбады.

Әлбетте, тың игеру тыңгерлердің өздері үшін өмірлік маңызды болды, олар тың эпопеясы туралы айтылған сыни пікірлерді жүрегіне ауыр қабылдады. Тың игеру тарихында шынайы романтикалық, жанкештілік, жаңашылдық та аз болған жоқ. Ешкім де бұл жағдайлардың болғанына, өңделмеген және себуге жарамды жер телімдерін пайдалану қажеттілігі секілді күмән келтіре алмайды.

Тарихи әділетке жүгінетін болсақ, бұл жерде сөз 35 миллион гектар жерді талқылаусыз, қысқа мерзімде жыртудың қаншалықты ақталғаны туралы, бұл акцияның экологиялық және демографиялық, әлеуметтік-экономикалық зардаптары туралы болып тұр. Тың жерлерді игеру саясатының жүзеге асырудағы жағымсыз көріністері тың эпо-

пеясы барысында орын алған халық энтузиазмінің маңызын төмендетпе алмайды. Тың эпопеясы жоғары қоғамдық саналы, саяси кемелденген мыңдаған адамдардың жанкешті еңбектерінің жарқын мысалдарына толы болды. Тың игеру барысында жаңашыл бастамаларға жол ашылды. Оның бірі – студенттік құрылыс отрядтары. Жүйенің бюрократтық бұрмалауын бастан өткере отырып, студенттік құрылыс отрядтары қайта құру жағдайында жаңа өзгерістер әкелді. 1954 жылдың күзінде Қостанай облысының Таран ауданының жастары бастама көтеріп, республикамыздың барлық еңбекшілерін мәдени-ағарту мекемелерін салу және жөндеу, олардың жұмысын жақсартуға шақырды. Бұл бастама халық тарапынан үлкен қолдау тапты. 1955-56 жылдары ауылдық елді мекендерде 17 мәдениет үйі, 450 клуб, 300 кітапхана, 50 оқу залы, 500-ден астам қызыл бұрыштар, 10 стадион және спорт алаңдары салынды, 230 елді мекен радиомен, 170 елді мекен электрмен қамтамасыз етілді.

Жаппай тың игеру жылдары совхоздар мен колхоздар тарапынан ауыл мектептерін қамқорлыққа алу кеңінен таралды. Олардың көмегімен 1957 жылдары ауыл мектептерінде 2828 оқу шеберхансы, 1700 пән кабинеті жабдықталды. Совхоздар мен колхоздар 3000-нан астам оқу өндірістік бригада мен учаскені құруға көмектесті. Тың аймақтарында тұрғын үй құрылысы жүргізіле бастады. 1954-55 жылдары тың игерілген аудандарда 853 мың шаршы метр тұрғын үй қосылды.

Екінші жағынан, «Тыңды бағындырушы белсенділер» жолдың нашарлығын, астық қоймаларының аздығы болмауын көре тұра, данға-заға бой ұрды. Үлкен еңбекпен өсірілген астық жүз мың тонналап қырманда, соншасы дестеленген күйі ашық далада, жаңбыр мен қардың астында шіріп қалуы үйреншікті жай болды.

Егер бұған жалқаулық пен шаруаға қырсыздықты қосатын болсақ, 15 мың трактор сынып, үнемі жөндеуде тұрғандықтан, тың эпопеясының қорытындысын шығарғанда, бұл шығындардың есепке алынған-алынбағанына күмән келтіресің.

Мемлекетке алғашқы қазақстандық миллиард пұт астықты тапсыруға байланысты желік ұзаққа созылған жоқ. Келесі жылы, 1957 жылы астық екі жарым есе кем жиналды, ал 1963, 1964 жылдары астық өндіру 1953 жылғы деңгейден сәл ғана асты. Аяусыз жыртылған кең байтақ қазақ даласында ғасырлар бойы жиналған құнарлы жер қыртысын ұшырған шаңды боран басталды. Осы себепті, және 1958-1965 жылдардағы агротехниканың нашарлығынан 3 миллион гектарға тарта егіс алқаптары есептен шығарылды, айтарлықтай үлкен алқаптарда астық өнімі бірден төмендеді.

Тек, 60-шы жылдары ғана тың шаруашылығының маңызды бөлігі диқаншылыққа жарамсыз аудандарда орналасқандығы туралы белгілі болды, эрозияға қарсы техника мен агротехниканы жасау және қолдану қажеттігі туралы сөз бола бастады. Осы кезде КОКП ОК КСРО ауыл

шаруашылығы министрлігімен бірлескен қаулысында «Қазақ КСР-да жыл сайын шаңды борандар егіс даласының құнарлы қабатын ұшыруда, біршама ауқымды алқаптарда егісті құртып, зиян келтіруде, ал кейбір аудандарда суармалы жерлерді, ирригациялық каналдарды, су көздерін шаң-топырақ басып қалуда» деп мойындады.

Жыртылған тың жерден алғашқы мол астықты өндіргенде тың игерушілерге шеттен келетін көмексіз жинап алу мүмкін еместей көрінді. Қарапайым ауыл шаруашылық науқанында егін жинау қарбаласқа айналды. Мысалы, 1956 жылы астық жинауға Қазақстандағы тың алқаптарына елдің түкпір-түкпірінен 11700 комбайншы өз комбайнымен, 20 мың шофер келді. БЛКЖО ОК 200 мың қыз бен жігіт, студенттер жинап жіберді. Келесі екі жылда астық көп болмаса да, астық жинауға елдің басқа аудандарынан миллионнан артық жас жұмысшы, қызметкер, студент қатысты.

Жыл сайын астық жинау кезеңінде ондаған әскери бөлімшелер де келді. Жүздеген мың адамдарды, ондаған мың техниканы елдің бір шетінен екінші шетіне астық жинауға жіберу ақылға сиятын іс емес болса да, басқа амал қалмаған еді.

Тың игеру тарихы туралы әдебиеттер өндіріс күштерін пайдаланудың тиімділігін сараптау ауыл шаруашылығындағы материалдық-техникалық базаның өсуін зерттеумен жиі ауыстырылғанын көрсетеді. Ал, айналымдағы қор қайтымының коэффициенті 1961-65 жылдарына бастап, 1976-78 жылдары аралығында тыңдағы совхоздарда 0,70-тен 0,43-ке дейін төмендеді. Бір центнер астықтың өзіндік құны 1958-60 жылдары 9,92 рубльден, 1981-84 жылдары 8,5 рубльге өсті. Көптеген зерттеушілер тың өндірісінің әлеуметтік тиімділігіне сараптама жасаған кезде, орташа өмір сүру деңгейі, балалар өлімі, кадрлар ауысымы, қылмыстық және шаруашылық қылмыстар, жасырын жұмыссыздық, жергілікті тұрғындардың көңіл-күйі, алкоголизмнің таралуы, жер экологиясы және басқа мәселелерге соқпай айналып өткен.

Ғалымдардың есебі бойынша тың игеру кезінде топырақ гумусының жоғалуы 15-20 пайызға, кейбір жерлерде 23 пайызға дейін жеткен. Ал, бүгінгі күні бұрынғы тың жерлердегі гумус құрамының жоғалуы 35 пайызға жетті және бұл үдерісті қалпына келтіру мүмкін емес. Осы қарқын сақталса, келесі он жылдан кейін қайтарымы қиын жағдай басталатынын есептеу қиын емес. Осылайша, біздің басты байлығымыз болып табылатын Жеріміз құнарлы қыртысынан айрылады. Келесі ұрпаққа қандай мұра қалдырғанымызды ойлаудың өзі үрейлі.

Көп жылдық тәжірибе көрсеткендей, Солтүстік Қазақстан жағдайында табысты диқаншылық шарттарының бірі таза пар жағдайы болып табылады. Бұл басқа елдердің, әсіресе біздің республикадағы тың алқаптарының табиғи жағдайына ұқсас Канаданың тәжірибесін-

де кеңінен пайдаланылады. Онда қазіргі күнге дейін жыртылған жердің 30-35 пайызы пар астында жатады. Қазақ астық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының ұсынысы бойынша тың жерлердің 20-25 пайызы парға қалуы қажет. Бірақ, отандық және әлемдік тәжірибені елеп-ескермеген Хрущев, жер-ана байлығын тап қазір алуға тиіспін деп мәлімдеп, егіс алқаптарын кеңейтуді талап еткені қазақ халқы үшін өтеуінің орны толмайтын, кешірілмес қателік еді. Тың игерушілерде көтеріңкі рух, еңбекке деген құлшыныс жоғары болғаны рас. Еңбек озаттары көптеп шығып, социалистік жарыстар ұйымдастырылды. Астық жинаудың түрлі әдістері дүниеге келді. Тың игеру бидайды ғана емес, астықтың өзге түрлерін өсіруге де мәжбүрледі.

1951-1965 жылдары елімізде жылқының саны 365,7 мыңға азайып кеткен, біржақты саясаттың салдарынан жалпы мал шаруашылығы, оның ішінде ірі қара өсіру кенжеледі, жайылымы мол қазақ даласында қой өсіруге көңіл бөлінген жоқ. Рас, жылдар өткен сайын мал басының өскені байқалады, бірақ бұл Кеңес өкіметінің аграрлық саясатының жемісі емес, табиғи құбылыс болатын. Қазақстанда 1980 жылдардың өзінде мал саны жыл сайын баяу өсіп отырды. Тың игеру жылдары шошқа саны артып, 4 еседен астам өскен деген мәлімет коммунистік жетістік ретінде жария етіліп келді, алайда, салыстырмалы түрде қорытынды жасау үшін, алдымен соның алдындағы көрсеткішті алу қажет. Демек, бұрын шошқа өсірілмеген қазақ даласында бұл түліктің саны туралы сөз етудің өзі артық.

Сонымен, біздің зерттеулеріміздің нәтижесінде 1950-1960 жылдары жасалған аграрлық реформаның нәтижесі және оның Қазақстанның солтүстік аймақтары үшін тигізген әсері және салдарлары туралы мынадай негізгі қорытынды жасауға болады:

1. Аталған кезеңдегі Кеңестік аграрлық реформаның ең негізгі мазмұны тың және тыңайған жерлерді жыртып, елде астық молшылығын жасау, сөйтіп ауыл шаруашылығындағы дағдарысты жою болып табылды. Қыруар қаржы, орасан материалдық қорлар мен адам күші халық шаруашылығының басқа салаларынан тартып алынып, тек қана тың және тыңайған жерлерді игеру мүддесіне жұмсалды. Еліміздің астық балансы нығайды. Қазақстан Кеңес одағы бойынша астық өндіретін негізгі аймақтардың біріне айналды. Астық өндіретін шаруашылықтардың тұрғындарына әлеуметтік-тұрмыстық жағдай жасалды, селода қажетті инфрақұрылым қалыптасты.

2. Алайда, аграрлық реформа ғылыми негізделген экономикалық заңдылықтарға сүйене отырып жасалған жоқ. Мемлекет деңгейінде ондаған жылдарға арналған күрделі жоспарлар әміршіл-әкімшілік тәсілмен, жеке биліктің еркімен жүргізілген өзгерістер, көп жағдайда асыра сілтеушілікке, даңғаза насихаттың жеңісі деген желеумен көзбояушылыққа, жалған мәлімет беруге, соның салдары ретінде тұтас ұр-

пақтың санасын тұмандатып, халықтың бос қиялға еліктеуіне әкеліп соқтырды.

3. Экстенсивті түрде жүргізілген егіншілік салдарынан Қазақстанның солтүстік аймақтарында мындаған гектар алқап жарамсыз болып қалды, табиғат ерекшеліктері ескерілмей, ауа райының құбылмалы жағдайында, астықтан жыл сайын тұрақты мөлшерде түсім алуды қамтамасыз ететін агротехникалық шаралар кеш ойластырылып, кешенді түрде жүргізілмеді, сападан гөрі санға әуестенушілік басым болды. Мал шаруашылығы назардан тыс қалды, Қазақстан жағдайында тиімді болатын мал түліктерін өсіру, өнімділігін арттыру ісі баяу дамыды.

4. Тың және тыңайған жерлерді игеру ұранымен асығыс жүргізілген шаралардың қоғамдық-әлеуметтік, демографиялық салдары ретінде аз уақыт ішінде Қазақстанның солтүстік аймағында қазақ ұлты азшылық болып қалуы, қазақ ауылдарының құлдырауы, қазақ мектептерінің жабылуы, жергілікті жерлердегі кадрлардың екінші сортты кадрларға айналуы, ата қонысты үлестіру, мақта өсіру үшін суды бей-берекет жұмсау, химияландыруды жаппай уландыруға айналдыру, өзен-көл суының тартылыстар және тағы басқа келеңсіз жағдайлар осы кезеңде басталды, Интернационалдық тәрбие деген желеумен, тыңға келгендерді жаппай орыстандыру саясаты жүргізілді, «ұлы орыстық» шовинизм бұрын болып көрмеген жағдайға дейін асқынды, ұлтаралық қатынас шиеленісе түсті. 1959 жылдың жазында Теміртау көтерілісі бұрқ етті. Кейіннен жұмысшы қозғалысы қатаң жазаланды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРІ ЖӘНЕ ӨДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Тәжин М. Тарихты сақтап қалу – ұлтты сақтап қалудың жалғыз жолы// Ақиқат.-2013, №8.
2. Назарбаев Н.Ә. Көтерілген тың – достық пен жасампаздық белгісі. //Егемен Қазақстан. 7 ақпан 2004.
3. Сактаганова З. Г. Советская модель экономики и агроиндустриальное пространство Казахстана в 1946—1954 гг.
4. Conolly V. Beyond the Urals. Economic Developments in Soviet Asia. L., 1967
5. Wagener H.-J. Wirtschaftswachstum in unterentwickelten Gebieten. Berlin, 1972.
6. Mills R.M. The Formation of Virgin Land Policy II Slavic Rev. 1970.
7. Robinson A. Vital Role of Virgin Lands II Financial Times. 1978. August, 23; Gregory P.R., Stuart R.C. Soviet Economic Structure and Performance. N.Y., 1974 Strauss E. Soviet Agriculture in Perspective. L., 1969
8. Верт Н. История Советского государства. 1900-1991. – М.: Прогресс, 1992.
9. Юханович Д.И. Некоторые вопросы историографии освоение целинных земель в СССР. -М., – 256 с.
10. Анисимов Н. И. Народнохозяйственное и экономическая эффективность освоения целинных земель. «Победы социалистического сельского хозяйства» М., 1958, кітабында; Об экономической эффективности совхозов на целинных и залежных землях. «Вестник сельскохозяйственной науки», 1958. № 7; соның да Экономическая эффективность производства зерна в целинных совхозах Казахстана. «Вопросы экономики и организация сельскохозяйственного производства в совхозах Казахстана». Алма-Ата, 1958; Освоение целинных земель – крупный резерв увеличения производства сельскохозяйственных продуктов. «Коммунист», 1959.- № 18.
11. Тяжелников Е. М. К вопросу о миграции населения в связи с освоением целинных и залежных земель. «УЗ Географического общества СССР. Челябинский отдел», 1957, т. 3, вып 1;
12. Доброхотов А. Ф. Коммунистическая партия в борьбе за освоение целинных и залежных земель. (На материалах Алтайской и Казахстанской партийных организаций). «Научные доклады высшей школы», Истор. Науки, 1958. № 4;
13. Михайлов Ф. К Братское содружество и взаимопомощь советских народов в освоении целинных земель. «Известия АН Каз ССР» 1958. Вып 2, сер. Истор.;
14. Маятников И. Ф. Комсомольцы и молодежь Москвы и Московской области на целинных землях. -М., 1959;
15. Сафронов Г.П. Партийная организация Красноярского края – организатор трудового подъема масс в борьбе за освоение целинных и залежных земель (1954-1956 гг.). «Труды Сибирского лесотехнического ин-та», сб.18, кафедра обществ. наук, 1958.
16. Серова И. И. Партийно-организаторская работа КПСС в районах освоения новых земель. «УЗ московского пед. ин-та им. В. И. Ленина», 1958, вып. 4, т. 125,
17. Султанов А.М. Комсомольцы и молодежь покорители целинных и залежных земель (1954-1956 гг.). //История СССР //, 1959.- № 6.
18. Шамшатов И. О развитии колхозного и совхозного производства в Казахстане в результате освоения целинных и залежных земель в 1954-1956 гг. «Известия АН Каз ССР», 1958, вып. 1;

19. Ульянов Л.Н. В борьбе за освоение целины. Работа партийных организаций по освоению целинных земель Западной Сибири. -М., 1959.
20. Михайлов Ф.К., Шамшатов И.Ш. Народное движение за освобождение целинных в Казахстане (1953-1960 гг.), -Алма-Ата, 1964,
21. Кузнецов Г.А. Организация территории и использования земель целинных совхозов, - М., 1963.
22. Сдобников С.С. Вопросы земледелия в Целинном крае -М., 1964.
23. Голикова З., Какимжанов А., Ковалевский С. Коммунистическая партия в борьбе за освоение целинных земель в Казахстане. - Алма-Ата: Казахстан, 1969, 300 с.
24. Моргун Ф.Т. Думы о целине. - Москва, 1969, 74 с.
25. Колодин Ф.И. Торжество ленинского плана социалистического преобразования сельского хозяйства в Казахстане.(История развития сельского хозяйства в 1946-1969гг.) -А.,1973;-184 с.
26. Зеленин И.Е. Совхозы СССР 1941-1958 гг. -М., 1969 г. С.193.
27. Савосько В. К., Шамшатов И. Ш. Колхозное строительство в Казахстане (1946 -1973гг.). -Алма-Ата, 1974.
28. Куликов В.И. Массовое освоение целинных земель и его социально-экономическое значение. В. Кн. «Развитие сельского хозяйства СССР в послевоенные годы (1946-1970)». -М., 1972.
29. Ковальский С. Л., Маданов Х.М. Освоение целинных земель в Казахстане (историко-партийный аспект).-А., Наука, 1986. - 224 с.
30. Решение партии и правительства по хозяйственным вопросам (1917-1967). - М.,-Т, - 1967, - 783 с.
31. Аликбердов З.М. Дагестанцы на целине. Махачкала, 1958; Б. И. Коровников. Об участии украинского народа в освоении целинных и залежных земель в Казахстане. «Ежегодник научных работ Херсонского пед. Ин-та», 1961; Петрашкевич А., Гдень Н. Победу одерживают мужественные. (Об участии комсомольцев и молодежи Белоруссии в освоении целинных земель) -Минск, 1961; А. Я. Агеев. Участие трудящихся Азербайджана во всенародном движении за освоение целинных и залежных земель. «Уз Азербайджанского ун-та», 1963 сер. истор., №3; М. С. Фазылов. Роль дружбы народов в освоении целинных и залежных земель Казахстана. В кн. «10 лет освоения целины»; Мишин В. Ф. Помощь Советского правительства и союзных республик Казахстану в совхозном строительстве на целине (1954-1958 гг.) «Сб. Статей аспирантов и соискателей общественных наук Казахстана», 1965, вып. 8, т. 2.
32. Правда 16 марта 1974 года.
33. //Вопросы истории КПСС.-1975.-№ 3.- 20 с.
34. Какимжанов А. Освоение целинных и залежных земель и развитие зернового хозяйства Казахстана, 1959, -280 с.
35. Попов В. Подвиг народа. (Совхозы на целине). -М., 1957, 200с.
36. Толыбеков С.Е. Кочевое общество казахов в XVII- начале XX века. -Алма-Ата, Наука, 1971. -633 с.; Сулейменов Б. Аграрный вопрос в Казахстане;
37. Тулепбаев Б.А. Торжество ленинских идей социалистического преобразование сельского хозяйства в Средней Азии и Казахстана.-М.,Наука, 1971.-480 с.;
38. Арыстанбеков Х.А. Ленинский кооперативный план в действии. Алма-Ата, 1969, 160 с.
39. Қозыбаев М.Қ., Алдажұманов Қ.С., Әбілқожин Ж.Б. Қазақстандағы күшпен коллективтендіру.-250 б.
40. Асылбеков М.Х. Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казах-

- стане (1917-1980 гг.). – А.: Наука, 1991. -185 с.
41. Нурпейісов К. Алаш һәм Алашорда. –А.: Ататек, 1995. -256б.
 42. Аяган Б.Г. Апогей и закат советского социализма. Казахстанской полигон (1970-1990 годы). •Қанағат-ҚС•, 1999. -148 с.
 43. Мухатова О.Х. Қазақстандағы ХІХ соңы ХХ ғасырдағы аграрлық өзгерістердің тарихнамасы. Тар. ғыл. док. ғыл. дисс. Авторефераты. -Алматы, 1999, -55 б.
 44. Халидуллин Ғ. Кеңестік биліктің қазақ шаруаларына қатысты аграрлық саясаты. (1917-1940 ж.ж.). – А., 2007, – 154 б.
 45. Байсарина Қ.Қ. «Тың» қасіреттері//Қазақ тарихы .-2003.-№5.
 46. Жумасултанов Т. Целине -50 лет. –Алматы. – 2003, -200 с.
 47. Золотая книга целины – 50 лет*: Целинникам СКО посвящается. Петропавловск 2004, -655 с.
 48. Освоение целинных и залежных земель в Кустанайской области. Сборник документов Кустанай. 2010.
 49. Героическая целинная эпопея. Павлодар,-2003 г.
 50. Арутюнян Ю.В. Советское крестьянство в годы Великой Отечественной войны. -М. 1963.- 318 с.
 51. Волков И.М. Трудовой подвиг советского крестьянства в послевоенные годы. Колхозы СССР в 1946-1950 годах. -М., 1972.-221 с.
 52. Волков И.М. Засуха, голод 1946-1947 годов // История СССР.-1991.- 3-9 с.
 53. Зима В.Ф. Голод в СССР 1946-1947годов: происхождение и последствия. -М., 1996.- 149 с.
 54. СҚММ. 22 -қ., 4 -т., 5 -іс.
 55. Решения партии и правительства по хозяйственным вопросам. Т.3. Собрание постановлений и распоряжений Правительства СССР. 1948.- 41 с.
 56. СҚММ. 22 -қ., 4 -т., 164 -іс.
 57. СҚММ. 2104 қ., 1 -т., 37 -іс.
 58. СҚММ. 22 -қ., 4-т., 1044-іс.
 59. Развитие сельского хозяйства в послевоенные годы.-М., 1957. – с. 156
 60. Деревитвы КПСС и Советского правительства по хозяйственным вопросам. 1917-1957 гг. Сб. документов. -М., 1957 г. 539-540 с.
 61. Данилов В.П. Социалистическое строительство советской деревни: по данным Всесоюзной переписи населения 1959 и 1970 гг.Социально-экономические проблемы истории развитого социализма в СССР. -М., 1976. -277 с.
 62. Данилов А.А., Пыжиков А.В. Рождение сверх державы. СССР в первые послевоенные годы. М., 2001, -274 с.
 63. Зима В.Ф. «Второе раскулачивание» (аграрная политика конца 40-х начала 50-х гг.- 133 с. // Отечественная история. 1994. №3.
 64. СҚММ. 1079-қ, 3-т.1,370 -іс.
 65. Маркс К. Манифест Коммунистической партии.
 66. Ленинское знамя. 1953 г. сентябрь.
 67. Русинов И.В. «Неперспективная» деревня: от вымослов к истине. //Вопросы истории КПСС. 1990. № 8. -54 с.
 68. Справочник по истории административно-территориального деления Северо-Казахстанской области. 1936-2007 гг. Петропавловск . 2007 г.-359 с.
 69. Тайбеков.Е. Использовать под хлеба целинные земли Казахстана. //Ленинское знамя. 3 января 1954 г. № 2.
 70. Қонаев Д. А. Өтті дәурен осылай. – А.: Дәуір, 1992,-448 с.
 71. Әбуев Қ. Қазақстан: тарих және тағылым. Астана-2006, -200 б.
 72. СҚММ. 1370 қ., 3-т., 138-іс.

73. Брежнев Л.И. Целина. – М., 1979. – 79 с.
74. СҚММ. 22 қ., 24-т., 38-іс.
75. СҚММ. 22 қ., 5-т., 470-іс.
76. СҚММ. 22 қ., 5-т., 260-іс.
77. СҚММ. 22 қ., 1-т., 1738-іс.
78. Бізді бұқтыра түскен тың // Солтүстік Қазақстан -22 сәуір – 1994 ж.
79. СҚММ. 869 қ., 1-т., 241-іс.
80. СҚММ. 22 қ., 5-т., 68-іс.
81. ПОММ 646 -қ., 5-т., 1238-іс.
82. СҚММ. 72 қ., 19-т., 153-іс.
83. ҚОММ. 268 қ., 1-т., 1219-іс.
84. ҚОММ. 1116 қ., 12-т., 40-іс.
85. ҚОММ. 1116 қ., 18-т., 36-іс.
86. Медведев Р.А. Н.С. Хрущев политическая биография. – М.:Книга. 1990. – 144 с.
87. Мамытбек Қалдыбай «Мен оған ризамын». Бауыржан Момышұлы шерткен сыр / /Түркістан. -21 қаңтар 2010 ж.
88. СҚММ. 1370 -қ., 3-т., 138-іс.
89. СҚММ. 1189-қ., 2-т., 1860-іс.
90. ҚОММ. 268-қ., 1-т., 1266-іс.
91. ҚОММ. 273-қ., 2-т., 221-іс.
92. ҚОММ. 72п-қ., 20-т., 158-іс.
93. ҚОММ. 72п-қ., 21-т., 50-іс.
94. ҚОММ. 72п-қ., 7-т., 323-іс.
95. АОММ. 1446-қ., 1-т., 127-іс.
96. Абылхожин Ж.Б. Очерки социально- экономической истории Казахстана XX века. – Алма-Ата, 1997. – 307 с.
97. Северо-Казахстанская область. Страницы летописи родного края. – Алма-Ата. 1993, – 392 с.
98. ҚОММ. 1116-қ., 18-т., 36-іс.
99. СҚММ. 1189-қ., 3-т., 138-іс.
100. Пленум ЦК КПСС. 3-16 декабря 1963 г. Стенографический отчет. М.1964.-259 с.
101. Преображенная степь. Сельское хозяйство Казахстана за 50 лет Советской власти. -Алма-Ата, 1967. – 316 с.
102. Біз тынды қалай көтердік?/Егемен Қазақстан.30 шілде 2004 ж.
103. Ғабдуллин Б. Біз ондай табысты қабыл алмаймыз./Новое поколение. 4 наурыз 2010 ж.
104. СҚММ. 1548-қ., 1-т., 151-іс.
105. СҚММ. 1548-қ., 1-т., 152-іс.

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР ТІЗІМІ

1. АҚШ – Америка Құрама Штаттары
2. АКСР – Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы
3. БК(б)П – Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) партиясы
4. БЛЖОК – Бүкілодақтық Лениншік Коммунистік Жастар Одағы
5. БХШК – Бүкілодақтық Халық Шаруашылығының Бас Көрмесі
6. МК – мемлекеттік комитет
7. ҒА- ғылым академиясы
8. Қаз.КСР – Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы
9. кв. – квадрат
10. КОКП – Кеңес Одағының Коммунистік Партиясы
11. КОКП ОК – Кеңес Одағы Коммунистік Партиясының Орталық Комитеті
12. колхоз-коллективное хозяйство- ұжымшар
13. КП – Коммунистік партия
14. КСРО – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
15. КСРО БОАЖ – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті
16. КСРО ХКК – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Халық Комиссарлар Кеңесі
17. Қазақ КСР АШМ – Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының ауыл шаруашылық министрлігі
18. ҚР – Қазақстан Республикасы
19. Қ. -қор
20. ҚР ПМ Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты
21. ҚР ОММ- Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты
22. ҚОММ – Қостанай облысының мемлекеттік мұрағаты
23. АОММ-Ақмола облысының мемлекеттік мұрағаты
24. ПОММ-Павлодар облысының мемлекеттік мұрағаты
25. млн.-миллион
26. МТС – машино-трактор станциясы
27. ПЗТМ – Петропавл ауыр машина жасау зауыты
28. с.- село
29. совхоз-советское хозяйство -кеңшар
30. СҚММ – Солтүстік Қазақстан мемлекеттік мұрағаты
31. ҚМБ – құрылыс монтаж басқармасы
32. т.- тонна
33. ЖЭЦ-жылуэлектрстанциясы
34. ҚКСР ҚК- Қазақ КСР-ның Қылмыстық кодексі
35. ҰҒА-Ұлттық Ғылым Академиясы
36. ФАП – фельдшерлік-акушерлік пункт
37. ХКК – Халық Комиссарлар Кеңесі

ПАЙДАЛАНҒАН МҰРАҒАТ ҚОРЛАРЫ

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты (ҚР ОММ)

- 1109-қ. Қазақ КСР-нің Жоғары кеңесі.
- 1137-қ. Қазақ КСР-нің министрлер кеңесі төреалқасы.
- 1421-қ. Қазақ КСР-ның совхоздар министрлігі, 1937-1957 жж.

Қазақстан Республикасының Президентінің мұрағаты (ҚРІМ)

- 708-қ. Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті, (ҚКП ОК) 1937-1991 жж.
- 812-қ. Қазақстан Лениндік Коммунистік Жастар Одағының Орталық Комитеті (ҚЛКЖО ОК).

Ақмола облыстық мұрағаты

- 1446-қ. Қазақ КСР-ның Совхоздар министрлігінің Көкшетау облыстық совхоздар басқармасы, 1944-1957 жж.

Қостанай облыстық мұрағаты

- 72 П-қ. Қазақстан Коммунистік партиясының Қостанай облыстық комитеті.
- 268-қ. Қостанай облыстық халық депутаттар Советі.
- 1116-қ. Қостанай облысының ауыл шаруашылық және азық-түлік департаменті.

Павлодар облыстық мұрағаты

- 155-қ. Павлодар облысында тың және тыңайған жерлерді игеру тарихы бойынша жинақталған құжаттар коллекциясы. 646-қ.
- 909-қ. Павлодар облысының статистика басқармасы.

Солтүстік Қазақстан мемлекеттік мұрағаты

- 22-п-қ. Қазақстан Коммунистік партиясының Солтүстік Қазақстан облыстық комитеті.
- 30-қ. Петропавл қалалық халық депутаттар Советі.
- 63-қ. Солтүстік Қазақстан облысының совхоздар басқармасы.
- 1079-қ. Солтүстік Қазақстан облысының статистика басқармасы.
- 1189-қ. Солтүстік Қазақстан облыстық халық депутаттар Советінің атқару комитеті.
- 1232-қ. Солтүстік Қазақстан облысының білім беру бөлімі.
- 1262-қ. Мал шаруашылығы свхоздарының Петропавл мемлекеттік тресі.
- 1343-қ. Солтүстік Қазақстан облысы әкімшілігінің ауыл шаруашылық басқармасы.
- 1370-қ. Солтүстік Қазақстан мемлекеттік мұрағаты.
- 1373-қ. Солтүстік Қазақстан облысының прокуратурасы.
- 2057-қ. Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет департаменті.
- 2065-қ. Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің халықты әлуеметтік қорғау басқармасы.
- 2066-қ. Солтүстік Қазақстан әкімшілік-экономикалық ауданының халық шаруашылық кеңесі.
- 2104-қ. Петропавл аудандық халық депутаттар Советінің атқару комитеті.
- 2429-қ. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша мемлекеттік сауда инспекциясы.

ЕСІМ КӨРСЕТКІШ

1. Әбуов Н.Т. 2
2. Әбілқожин Ж.Б. 23, 169
3. Алдажұманов Қ.С. 23, 169
4. Анисимов Н.И. 13, 165
5. Ануфриенко Д.З. 85
6. Арыстанбеков Қ. 169
7. Асылбеков М.Х. 23, 169
8. Аяған Б.Ф. 24
9. Байсарина Қ.Қ. 24, 169
10. Бойкачев Г. 96
11. Брежнев Л.И. 19, 22, 77, 80, 81, 99, 116, 117, 153, 155, 171, 180, 198, 215, 216
12. Вагнер Х. 11
13. Вильямс 134, 191
14. Волков И.М. 41, 53, 170
15. Гайдуков А.Н. 85, 105
16. Грегори П. 12
17. Григорянс И.К. 86
18. Габдуллин М. 147, 150, 173
19. Доброхотов А.Ф. 13, 166
20. Жученко С.84
21. Жұмасұлтанов Т. 24, 141
22. Зарицкий Е.Е. 85
23. Зеленин Ф.К. 16, 167
24. Зима В.В. 37, 39, 48, 170, 171
25. Каверин А. 91
26. Казаков В. 215
27. Кенжебаев С. 98
28. Кенжер А.Ф. 85
29. Кирюшин В.И. 23
30. Ковальский С. 17, 22, 168
31. Колодин Ф.И. 16, 167
32. Колтыран А.С. 85
33. Конноли В. 11
34. Кузнецов Г.А. 14, 167
35. Куликов В.В. 17, 167
36. Қозыбаев М. 23, 169
37. Қонаев Д.А. 78, 171, 198
38. Лизунов Н.М. 85
39. Маданов Х. 13, 17, 22, 168
40. Маленков Г.М. 58
41. Мартынов А.А.85
42. Маятников И.Ф. 13, 59, 166
43. Медведев Р. 98, 172
44. Миллс Р.М. 11
45. Михайлов Ф.К. 14, 166, 167
46. Момышұлы Б. 98, 172
47. Моргун Ф.Т. 16, 141, 167

48. Мохортов С.Р. 85
49. Мусин Ә.Қ. 104
50. Мухатова О.Х. 24, 169
51. Назарбаев Н.Ә. 5, 7, 104, 165
52. Николенко М.П. 85, 86, 214
53. Ноув А. 10
54. Нүрпейіс К. 23, 169
55. Омаров Қ. 83
56. Патютко В.И. 103
57. Пахмурный П.М. 16
58. Понамаренко П.К. 77
59. Робинсон А. 12
60. Русинов И.В. 66, 67, 171
61. Савинов 82, 186
62. Савосько Е.И. 16, 167
63. Сақыпкереев Ж. 192, 105, 126
64. Сафронов Г.П. 13, 166
65. Сдобников С.С. 14, 167
66. Сергеевич Н. 143, 158
67. Серова И.И. 13, 166
68. Сихватуллин С.Ш. 80
69. Стюарт Т. 12
70. Султанов А.М. 13, 166
71. Сүлейменов Б. 22, 168
72. Тайшыбай З.С. 2
73. Татиевский Н.Я. 86
74. Тәжин М. 165
75. Төшенов Ж. 78, 79
76. Толыбеков С.Е. 22, 168
77. Төлепбаев Б.А. 22
78. Тяжелников Е.М. 13, 166
79. Ульянов Л.Н. 14, 167
80. Фишер Д. 12
81. Халидуллин Ф. 24, 169
82. Хрущев Н. 9, 22, 60, 61, 64, 65, 66, 77, 78, 79, 98, 101, 117, 126, 129, 130, 134, 135, 136, 137, 138, 142, 145, 146, 151, 153, 162, 172, 202
83. Чернецов В. 84
84. Шамшатов И.Ш. 13, 14, 166, 167
85. Ысқақов Ж.Ф. 80, 106, 144

ГЕОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШ

1. Абай совхозы 92
2. Аққайың ауданы 92
3. Ақмола облысы 27, 67, 68, 70, 78, 81, 114, 115, 116, 120, 150, 154
4. Ақсу (Ермак), қала 114
5. Ақтоғай ауданы 142
6. Ақтөбе, қала 66, 81, 122
7. АҚШ, мемлекет 129, 142, 145, 157
8. Алматы, қала 72, 75, 81, 82, 83, 92, 114, 144
9. Аргентина, мемлекет 157
10. Армения, мемлекет 120
11. Астрахан, қала 155
12. Атбасар ауданы 115
13. Әзірбайжан, мемлекет 120
14. Батыс Сібір 14
15. Бауман, ауданы 115, 155
16. Баян колхоз 41
17. Белоруссия, мемлекет 117, 120, 155
18. Бескөл, ауданы 144
19. Болгария, мемлекет 37
20. Большевик колхозы 86, 100
21. Булаев ауданы 73, 85, 86, 87, 101, 193, 201, 204, 214, 215
22. Булаев совхозы 85
23. Бұлақ артелі 76
24. Бұлақ совхозы 105, 106, 107, 125
25. Введен ауданы 112, 113
26. Волгоград, қала 87
27. Воровской артелі 76
28. Воронеж 52, 82
29. Восход совхозы 81, 85
30. Голубовка совхозы 92
31. Горький, қала 82, 87, 155, 189, 211, 213
32. Грузия, мемлекет 120
33. Дзержинский атындағы совхоз 85, 215
34. Донбас 81
35. Еділ, өзені 36, 46
36. Екібастұз, қала 72, 114
37. Ертіс, совхозы 91, 144
38. Ертіс, ауданы 91
39. Есіл ауданы 92, 106
40. Есіл, өзен 68
41. Жамбыл атындағы совхоз 70, 73, 184, 192
42. Жамбыл ауданы 83
43. Жданов совхозы 85, 86, 87, 191, 193, 214, 215
44. Железнодорожный совхозы 96

45. Жетіқара ауданы 112, 113
46. Жетісу 153
47. Заря, ауданы 92, 203
48. Заря коммунизма колхозы 101
49. Заря совхозы 203
50. Затобол совхозы 113
51. Зеренді 68, 150
52. Интернационал совхозы 70, 104, 164, 200, 215
53. Ишим совхозы 85, 105
54. Калинин, қала 82, 189, 196
55. Канада, мемлекет 10, 157, 162
56. Киев, қала 18
57. Конюхов ауданы 76, 107
58. Көкшетау, қала 26, 27, 67, 68, 70, 81, 114, 122, 146, 150
59. Краснодар, өлке 70, 81, 86, 189, 213
60. Курск, қала 52, 82
61. Қазақстан, мемлекет 2, 3, 4, 5, 7, 8, 9, 10, 14, 16, 21, 22, 23, 24, 25, 32, 34, 39, 49, 52, 65, 66, 67, 70, 71, 72, 77, 78, 80, 81, 82, 87, 91, 92, 93, 97, 98, 99, 102, 103, 104, 114, 115, 116, 117, 118, 119, 120, 122, 124, 125, 126, 127, 129, 133, 134, 136, 140, 141, 144, 145, 146, 147, 148, 149, 182, 183, 184, 185, 186, 187, 188, 189, 190, 191, 192, 193, 194, 195, 196, 197, 199, 200, 201, 202, 203, 204, 205, 206, 207, 208, 209, 210, 211, 212, 213
62. Қарасу ауданы 113
63. Қиыр Шығыс 124
64. Қойтас 150
65. Қорған, облысы 73, 95
66. Қоскөл совхозы 92
67. Қостанай, қала 26, 66, 69
68. Қостанай, облысы 26, 66, 69, 70, 71, 73, 74, 81, 86, 94, 95, 96, 99, 107, 108, 109, 110, 112, 113, 114, 115, 142, 146, 154, 159, 200
69. Қырым 46
70. Ленин ауданы 50, 76
71. Ленин совхозы 84, 94, 162
72. Ленинград, қала 18, 20, 81, 84, 92
73. Мамлют ауданы 82, 83, 100, 101, 186, 200
74. Мариевский ауданы 92
75. Марьев кеншары 105
76. Мәскеу, қала 18, 27, 57, 69, 76, 77, 78, 82, 83, 92, 96, 97, 104, 105, 107, 114, 116, 142, 188, 189, 191, 193, 209, 210, 213
77. Минск, қала 18
78. Молдавия, мемлекет 36
79. Молдова, мемлекет 81
80. Молодежный совхозы 86, 215
81. Новосібір, қала 14
82. Обаған ауданы 112, 113
83. Одесса, қала 70, 82

84. Озерный совхозы 73, 86
85. Октябрь ауданы 85, 92, 106, 193
86. Октябрь кеңшары 104
87. Омбы, облысы 14, 199, 210
88. Орал, қала 65, 81, 124, 157
89. Орджоникидзе совхозы 74, 96, 113, 213
90. Орта Азия 10
91. Өзбекстан, мемлекет 120
92. Өрнек совхозы 96
93. Павлодар, қала 70, 91
94. Павлодар, облысы 71, 72, 73, 74, 90, 91, 92, 114, 141, 146
95. Петропавл, қала 2, 64, 67, 68, 70, 71, 72, 82, 84, 88, 89, 101, 105, 107, 123, 148, 157, 186, 187, 188, 190, 191, 198, 200, 211, 213, 215
96. Пешков ауданы 74, 112, 113
97. Плоский ауылы 39
98. Полудин ауданы 76, 144
99. Польша, мемлекет 37
100. Пресногорьков, ауданы 86, 113
101. Прибалтика 120
102. Путь Ильича ұжымшары 80, 144
103. Путь Ленина колхозы 76
104. Пушкин атындағы совхоз 92
105. Ресей Федерациясы, мемлекет 8, 11, 23, 45, 71, 77, 119, 146, 155, 191
106. Ростов, облысы 73, 87, 155, 211
107. Свердлов, облысы 50, 95, 211
108. Семиозерный ауданы 66
109. Семишолка совхозы 106, 194
110. Славян совхозы 96
111. Совет ауданы 41, 46, 52, 78, 86, 206, 214, 215
112. Соколов ауданы 91, 191, 194
113. Солтүстік Кавказ, мемлекет 46, 70, 117
114. Солтүстік Қазақстан, облысы 2, 5, 26, 28, 34, 38, 41, 46, 50, 52, 64, 67, 68, 69, 70, 72, 75, 76, 81, 82
115. Сочи, қала 82, 86
116. Сібір 14, 70, 101, 124, 140, 157
117. Тайынша, ауыл 150
118. Тамбов облысы 70, 91
119. Таран ауданы 74, 113
120. Тәжікстан, мемлекет 120
121. Тимирязев, ауыл 84, 85, 144, 194
122. Тимирязев совхоз 85
123. Тобыл, өзені 142
124. Торғай, облысы 113, 154
125. Торғай ауданы 112
126. Түркіменстан, мемлекет 120
127. Украина, мемлекет 36, 70, 71, 73, 81, 85, 86

128. Ульянов, облысы 149
129. Урицкий совхозы 74, 96, 112, 113
130. Ұзынкөл, ауданы 73, 112, 113
131. Франция, мемлекет 157
132. Харьков, қала 18, 208
133. Целинный совхозы 28, 73, 86
134. Целиноград, қала 26
135. Челябинск, қала 103, 157
136. Черкасский совхозы 86
137. Чехословакия, мемлекет 37
138. Шортанды, ауыл 27, 120, 149
139. Шыңғыстау 153
140. Ярославл 70, 82, 86, 87, 193

МАЗМҰНЫ

| | |
|--|-----|
| Алғы сөз орнына | 3 |
| Тың игерудің тарихнамасы | 5 |
| 1954-1964 жылдарындағы Қазақстанның ауылшаруашылығы саласын реформалау және кеңестік аграрлық саясаттың солтүстік аймақтарда жүзеге асырылуы..... | 21 |
| Тың хроникасы..... | 44 |
| Тың және тыңайған жерлерді игерудің тарихи мәні..... | 78 |
| Тың игерудің зардаптары..... | 90 |
| Қорытынды орнына | 98 |
| Пайдаланылған дереккөздері және әдебиетгер тізімі | 106 |
| Қысқартылған сөздер тізімі..... | 110 |
| Пайдаланған мұрағат қорлары..... | 111 |
| Есім көрсеткіш | 112 |
| Географиялық көрсеткіш..... | 114 |

Мәлікова Сәуле

**«ТЫҢ ЭПОПЕЯСЫ»
тарих таразысында**

**Қазақстанның солтүстік аймағында жүргізілген
1954-1964 жылдардағы аграрлық реформаның
сырлары мен қырлары**

Редакторы – Ж. Тапи
Беттеуші – С. Мұстафа

Басуға 28.09.2020 ж. қол қойылды.
Пішімі 60x84 ¹/₁₆. Офсеттік басылым.
Әріп түрі «DS SchoolBook». Офсеттік қағаз.
Таралымы 3000. Тапсырыс № 5439.

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
«Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.